

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 378.048.2

Қолжазба құқығында

ИМАНЧИЕВ ЖАНДАРБЕК ЕРМЕКОВИЧ

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
Пірәлиев С.Ж.
п.ғ.д., профессор
Шетелдік кеңесші
Adam-Jagiello-Rusilowski,
доктор PhD (Польша)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2015

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
КІРІСПЕ.....	8
1 МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері.....	15
1.1.1 Жоғары оқу орындарында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту – педагогикалық проблема.....	15
1.1.2 Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың психологиялық астарлары.....	25
1.2 Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары ұғымының мәні мен құрылымы.....	38
2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА (ЖОО) МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫН ДАМЫТУДЫ МОДЕЛЬДЕУ	
2.1 Педагогикалық жоғары оқу орнының магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы мүмкіндіктері.....	64
2.2 Педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделі	73
3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО-нда МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	
3.1 Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жүзеге асырудың педагогикалық шарттары	89
3.2 Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту әдістемесі	103
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері.....	124
ҚОРЫТЫНДЫ.....	138
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	141
ҚОСЫМШАЛАР.....	156

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010, ҚР Президентінің №1118 Жарлығы, Астана (2014.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012ж).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014ж).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015ж).

Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы. Астана, ҚРБЖҒМ №521 бұйрығы 16.11.2009ж.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 130 бұйрығы (2012 жыл 24 тамыздағы толықтыруымен).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Акмеология – адамның жетілу кезеңіне дейінгі оның даму заңдылықтары мен феноменін зерттейтін ғылым.

Әдіснама - (грек. *methodos* — зерттеу жолы, теория және *logos* — ілім) — әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.

Бейімділік-болжаушылық – педагогтың өзіне белгілі ақпараттан оқушылардың мүмкіндіктері мен жеке қасиеттерін ескере отырып, өзара әрекет әдістерін, құралдарын, тәсілдерін іріктеп, өзгертіп пайдалана білуі.

Деңгей – кейбір үрдістердің немесе нысандардың «жоғары» және «төмен» сатыларының даму қатынасы.

Жалпы адамзаттық құндылық – әлеуметтік жүйе ретіндегі барша адамдарға, бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар.

Зерттеушілік іс-әрекет – бұл іс-әрекеттің ерекше бір түрі, ол өзінің субъектісінің қасиеттеріне арнайы талаптар қояды. Оның қоятын талаптарын анықтамас бұрын оның қандай ерекшеліктері бар екендігін білу қажет. Зерттеушілік іс-әрекет – міндетті түрде шығармашылық іс-әрекетпен байланысты.

Интеллектуалдылық - адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Интеллектуалдық – адамның ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы.

Кәсіби мәнді сапалар – бұл белгілі кәсіби іс-әрекетпен оның субъектісіне қойылатын және осы кәсіби іс-әрекеттің сәтті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін биологиялық (типологиялық, нейродинамикалық) және психологиялық (жалпы және кәсіби қабілеттер, тәжірибе – білім, дағдылар), мотивациялық сфера ерекшеліктерінің жиынтығы.

Көп деңгейлі білім беру – көп кезеңді білім беру үрдісін ұйымдастыру.

Кәсіби құзыреттілік – маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби – педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік кәсіби сипаттама.

Креативтілік – (ағылш. *create* – жасау, *creative* – жасампаз, шығармашыл) - индивидтің дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан ауытқитын, түбегейлі жана идеяларды қабылдау мен жасауға дайындығымен ерекшеленетін және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларға өзгеше қарап, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.

Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде үкім шығара алу.

Қүзірет – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі.

Қүзіреттілік – маман құзырлық сапаларын сапалы қолдана алуы.

Магистранттардың педагогикалық құзырлығы – магистранттардың педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындығы.

Магистр – (лат. magister -ұстаз, тәлімгер) жоғары кәсіби білімінің екінші сатысы. Ол негізгі білім беру бағдарламаларын меңгерген және қорытынды аттестацияны сәтті тапсырған адамдарға беріледі. Жоғары оқу орындарында берілетін екінші академиялық дәреже. Университет немесе оған теңестірілген жоғары оқу орнын бітіріп, бакалавр дәрежесін алған соң, екі жыл қосымша курстан өтіп, ғылым саласы бойынша диссертация қорғағандарға магистр ғылыми дәрежесі беріледі.

Магистратура – (латынша magistratura) Ежелгі Римдегі мемлекеттік қызметтер; Бірқатар мемлекеттерде – мемлекет сот шенеуніктерінің жиынтық атауы; Жоғары оқу орындарында магистр мамандарды даярлайтын бөлім. Магистратура жоғары кәсіптік білімнің үшінші сатысында ғылымның нақты саласы бойынша мамандарға тереңдетілген кәсіптік білім беру міндетін атқарады.

Негізгі біліктілік – мамандардың кәсіби іскерлік өкілеттілігінің басты көзқарасы.

Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу – мұғалімнің педагогикалық қызметі айқындауға мүмкіндік беретін оның кәсіби шеберлік жиынтығы деңгейін анықтайтын әдіс.

Педагогикалық қабілет – мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы.

Педагогикалық іс-әрекет – бұл қалыптар мен шығармашылықтың, ғылым мен өнердің қоспасы.

Профессиограмма — адамға қойылатын талап ету жүйесі арқылы қандай да бір кәсіптің егжей-тегжейлі сипатталуы. Ол талаптарға берілген кәсіп саласын жетістікпен меңгеру үшін қажет тұлғаның сапасы, ойлау қабілетінің ерекшеліктері, білімі икемділігі және дағдысы жатады.

Профессиография — адамның жеке басының қасиетіне, психологиялық қабілетіне, психологиялық-физикалық мүмкіндігіне қойылатын талаптарды зерттеу технологиясы

Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар

психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

Педагогикалық шеберлік – үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін.

Перцептивтілік – қабылдауға қатысты құбылыс.

Рухани-адамгершілік – адамның іс-әрекетте, қоғамдық қарым-қатынаста адамгершілік істері арқылы ішкі жан дүниесі, мінез-құлқы мен сана-сезімінің көрініс беруі.

Тұлғаның кәсібилігі – кәсіби мәнді және тұлғалық-іс-әрекеттік сапалардың дамытудың жоғары деңгейін бейнелейтін еңбек субъектісінің сапалық сипаты, ілгерушілік дамуға бағытталған креативтіліктің жоғары деңгейі, түрткілер жүйесінің және құндылықтық бағдарлардың адекватты деңгейі.

Тұлғалық-кәсіби даму – жоғары кәсіби жетістіктерге және өзін-өзі дамыту, кәсіби іс-әрекетінде және өзара әрекеттесулерде жүзеге асатын тұлғаның кәсібилігіне қарай бағдарланған қалыптастыру үрдісі.

Шеберлік – дағдылар мен шығармашылық көзқарас негізінде қол жеткізілген, белгілі бір саладағы кәсіби біліктердің жоғарғы деңгейі ретіндегі, тәжірибе арқылы жинақталған тұлғаның сапаларын сипаттайтын, акмеология мен еңбек психологиясына жататын санат.

Шешендік – ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет.

Іс-әрекет кәсібилігі – жоғары кәсіби біліктілікті және құзыреттілікті, шығармашылық шешімдерге, алгоритмдер мен кәсіби міндеттердің шешілу тәсілдеріне негізделген тиімді кәсіби дағдалар мен біліктерді, бейнелейтін жоғары тұрақты өнімді іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еңбек субъектісінің сапалық сипаты.

Эмпатияға қабілеттілік – мұғалімнің оқушылардың психикалық жағдайын, көңіл-күйлерін түсінуі, өзін басқа адамның орнына қоя алуы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы

ЖОО - Жоғары оқу орны

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ҚР БҒСБК – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достығы

КМС – Кәсіби мәнді сапалар

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы

МҒЗЖ – магистранттардың ғылыми –зерттеу жұмысы

МӨЖ – магистранттардың өзіндік жұмысы

МОӨЖ – магистранттардың оқытушылармен өзіндік жұмысы

МД – магистрлік диссертация

ЭТ – эксперименттобы

БТ – бақылау тобы

PhD – философия докторы

АӨМУ – Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ТЖБ – Тәрбие жұмысы басқармасы

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта мемлекеттің әлемнің озық отыз елінің қатарына кіруге бетбұрысы жағдайында бәсекеге қабілетті қоғам құру – оның басты талабына айналып отыр. Осы қоғамды дамытудың маңызды субъектілерінің бірі болып болашақ мамандар саналатындығы мәлім. Сол себепті республиканың білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігінің алдыңғы қатарына енуі барысында жоғары оқу орындарының көпдеңгейлі сатысында сапалы да бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың қажеттілігі арта түсуде. Біздің бұл ойымызды Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» [1] – деп көрсеткен нақты міндеттері дәлелдей түседі.

Осы тұрғыдан «жылдам өзгеріп отыратын жағдайларда алынған терең білімді кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және жеке адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да жоғары білім берудің мақсаты тұрғысынан белгіленген болатын [2].

Осыған байланысты қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлау үдерісінде болашақ оқытушының әдіснамалық, педагогикалық, зерттеушілік, тәлімгерлік, лидерлік, рефлексиялық сапаларын дамытуға мән беріліп отырғаны белгілі. Ал бұл болса жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мәселесін зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының көп деңгейлі білім беру сатысында маңызды орынды иеленетін – магистранттар болып табылады. Біріншіден, олардың магистратурада оқуы барысында бакалавриатта қол жеткізген кәсіби білімдері тереңдетілсе, екіншіден ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерімен тікелей айналысуы мен ғылыми, интеллектуалды-ақпараттық ортаға араласуы нәтижесінде әдіснамалық білімдері молайып, зерттеу құзыреттіліктері, лидерлік сапалары дамиды. Үшіншіден, бір топта ересек, тәжірибелі мамандармен бірге білім алу мен тек қана ғалымдардан дәріс алу мүмкіндіктері олардың рефлексиялық құзыреттіліктерінің дамуына басым ықпал етеді. Төртіншіден, магистранттардың мектептерде мұғалім қызметін атқара алу мүмкіндіктері олардың педагогикалық біліктерін арттырады. Сондай-ақ, педагогика мамандықтары бойынша «магистр» академиялық дәрежесі оларға білім беру жүйесінің барлық сатыларында, атап айтқанда мектепке дейінгі оқу мекемелерінде, жалпы білім беретін мектептерде, орта арнайы білім беру мекемелерінде және жоғары оқу орындарында қызмет атқаруға мүмкіндіктер береді. Демек, олар кәсіби маман тұрғысынан жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге де, болашақ мамандарды даярлау үрдісіне де,

педагогикалық ғылымның дамуына да өз үлесін қоса алады. Осы тұрғыдан олар қоғамды өзгертуге, дамытуға, мемлекет алдындағы міндеттерді жүзеге асыруға айтарлықтай себін тигізе алатын қоғамның маңызды субъектісіне айналады. Қоғам алдындағы мұндай жауапкершілік педагогикалық мамандықтар бойынша болашақ магистрлерді даярлау үдерісіне жоғары талаптар қояды. Ал бұл болса, өз кезегінде магистранттарды кәсіби даярлау сапасын жақсартуды, соның ішінде олардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың маңыздылығын арттырады.

Ғылыми әдебиеттерде жоғары оқу орындарында үздіксіз білім беру (Митяева А.М. [3], Бурдина Е.И. [4], Байденко В.И. [5], Баширова Ж.Р. [6], Жайтапова А.А. [7], Сайлыбаев Б. [8] және т.б.). Қазақстанның білім беру жүйесіне көп деңгейлі білім беруді енгізу (Арынов К.Т. [9], Атыханов А. [10], Ахметова Г.К. [11], Нысанбаев А.Н. [12]және т.б.), ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау (Козырев Г.С., Сенашенко В.В.[13]және т.б.) жан-жақты қарастырылған. Магистранттардың оқу-танымдық іс-әрекетінің теориялық негіздері (Архангельский С.И. [14], Лапина О.А. [15], Науменко Н.К., П.И.Пидкасистый [16]және т.б.), ғылыми іс-әрекетке даярлығы, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру (Таубаева Ш.Т. [17], Булатбаева А.А. [18], Баймухамбетова Б.Ш. [19], Исаева З.А. [20], Ким Н.П. [21], Соляников Ю.В. [22]және т.б.) ақпараттық-аналитикалық (Белоус В.Т. [23], Гайдамак Е.С. [24]және т.б.) инновациялық, технологиялық іс-әрекетке даярлау (Осина С.В. [25], Смирнова М.О. [26], Беркімбаев К.М. [27] және т.б.) мәселелері теориялық тұрғыдан негізделіп, практикалық шешімін тапқан.

Тұлғаның дамуының, тәрбиесінің және кәсіби қалыптасуының психологиялық теориялары, (В.А.Адольф [28], Э.Ф.Зеер [29], Е.А.Климов [30], А.Н.Леонтьев [31], Намазбаева Ж.Ы. [32]және т.б.), әр түрлі оқу іс-әрекеттерді орындау барысында кәсіби мәнді сапалардың дамуын қамтамасыздандыратын іс-әрекеттік тұғырлар (К.А.Абульханова-Славская[33], Л.С.Выготский [34], П.Я.Гальперин [35], С.Л.Рубинштейн [36]және т.б.), тұлғалық-бағдарлық амал-тәсілдер (Е.В.Бондаревская [37], М.И.Шилова [38], И.С.Якиманская [39]және т.б.) негізделуімен қатар болашақ мамандарды даярлаудағы біртұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен тәжірибесі (Н.Д. Хмель [40], Н.Н.Хан [41]және т.б.), болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Сериков В.В. [42], Құдайкұлов М.А. [43], МеңлібековаГ.Ж. [44], Кенжебеков Б.Т. [45] және т.б.), болашақ мамандарды кәсіби даярлау аспектілері (Сейтешев А.П. [46], Әбдіғалбарова Ұ.М. [47], Мұратбаева Г.А. [48], Қозыбаев Е.Ш. [49] және т.б.) зерделенген.

Болашақ оқытушының кәсіби мәнді сапаларының мәні мен құрылымы этникалық негіздегі кәсіби-тұлғалық сапалар (Намазбаева Ж.Ы., З.Ш.Каракулова [50], Ахтаева Н.С. [51] және т.б.), кәсіби іс-әрекетті тиімді атқаруға қажетті психологиялық сапалар (А.К.Маркова [52], Л.М.Митина [53]); тұлғалық қасиеттер жүйесі (А.К.Карельская [54], Л.А.Лазаренко [55]); кәсіби біліктілігі (И.В.Травин [56]); педагогикалық қабілеттер кешені (И.В.Богачев [57]); жеке сапалары (В.Д.Щадриков [58], Е.А.Яковлева [59]); эмоционалдық

қыры (О.П.Журавлева [60], Л.Ф.Красинская [61], біртұтас сапасы (К.С.Успанов [62]) тұрғысынан жан-жақты зерттелген.

Зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған талдау педагогикалық мамандықтары магистранттарының жоғары оқу орнының кәсіби даярлау үрдісінде олардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттігін, сондай-ақ оның ғылыми әдебиеттерде жете зерттелмегендігін байқатты. Ол бізге қоғам сұранысы мен бүгінгі ғылым мен практика арасында мынадай қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті:

- бәсекеге қабілетті, сапалы даярланған ғылыми-педагогикалық кадрларға қоғамның сұранысы мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

- болашақ ғылыми-педагогикалық кадрдың кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында;

- жоғары педагогикалық оқу орындары магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы мүмкіндіктері мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеуі арасында;

- жоғары педагогикалық оқу орындарында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды жүзеге асыру қажеттілігі мен оны жүзеге асыру әдіс-тәсілдерінің жасалмауы арасында.

Осы көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін табу қажеттілігі бізге диссертациялық зерттеудің тақырыбын «Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

Зерттеудің нысаны: Жоғары педагогикалық оқу орындарында магистранттардың кәсіби даярлау үдерісі

Зерттеу пәні: Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту теориялық тұрғыдан негізделсе, моделі жасалып, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталып, әдістемесі жасалса және педагогикалық жоғары оқу орны магистратурасының ғылыми-педагогикалық үдерісіне бірізділікпен ендірілсе, онда педагогикалық мамандықтар магистранттарының педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік, психологиялық сапалары дамып, олардың бәсекеге қабілеттіліктері артады, өйткені олардың кәсіби даярлығындағы әдіснамалық сапасын басқару мен ғылыми-педагогикалық, ақпараттық-интеллектуалдық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттері қамтамасыздандырылады.

Зерттеудің міндеттері:

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау;

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың мәні мен құрылымын анықтау;

- педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын

дамытудың моделін жасау;

- педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделін тиімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын айқындау;

- педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: педагогикалық жоғары оқу орнының көп деңгейлі білім берудегі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында кәсіби құзыреттілігі мен тұлғалық қасиеттері дамыған бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері болып диалектикалық білім, тұлға теориясы, таным және іс-әрекет теориясы, жүйелілік қатынас принциптері мен әдістері, акмеологиялық, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық, кешенділік амалдарының психологиялық тұжырымдамалары, жоғары білім беру жүйесіндегі қағидалар табылады.

Зерттеу көздері: философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылым саласындағы еңбектер; ҚР Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білімнен кейінгі білім беру мәселелері туралы нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері; алыс және жақын шет ел және қазақстандық педагог-психологтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ғылыми мерзімді жарияланымдар; докторанттың жеке педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу кезеңдері

Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

1 кезең (2012-2013жж.) – зерттеліп отырған проблема бойынша эмпирикалық материалдар жиналды, іріктелді, жүйеленді, зерттеудің ғылыми аппараты жасалды, жоғары оқу орындарының, оқытушылардың, мұғалімдердің озық тәжірибелері жинақталды, қорытыланды, эксперимент жұмысының бағдарламасы әзірленді.

2 кезең (2013-2014жж.) - жоғары оқу орнының көп деңгейлі білім берудің магистратурасында пайдаланылатын кәсіби мәнді сапа материалдары сұрыпталды, магистранттың кәсіби мәнді сапаларының құрылымы анықталды. Педагогикалық мамандықтағы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының моделі жасалды, оны тиімді жүзеге асыруға қажетті педагогикалық шарттары айқындалды. Олардың кәсіби мәнді сапаларының дамуы деңгейін анықтайтын сауалнамалар мен сұхбаттасу, әңгімелесу сұрақтары, тестілеу тапсырмалары құрастырылды. Кешенді бағдарлама, элективті курс және практикум бағдарламалары даярланып, мазмұны айқындалды. Олардың ғылыми-педагогикалық үдерісте пайдаланудың әдістемесі жасалды. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстары жүргізілді, аралық кесінділер алынды.

3 кезең (2014-2015 жж.) – тәжірибелік-эксперимент жұмысы қорытыланды. Аралық кесінділер математикалық тұрғыдан өңделді. Тараулар

бойынша тұжырымдар қорытыланды. Диссертациялық жұмыс рәсімделіп, аяқталды.

Зерттеу әдістері: жалпы теориялық әдістер –зерттеу проблемасы карастырылған философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерге теориялық талдау жасау; ҚР білім беру саясатының, жоғары білімнен кейінгі білім берудің нормативті-құқықтық және ЖОО оқу-әдістемелік құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерді зерттеу; зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық еңбектерді, құжаттарды талдау, педагогикалық тәжірибені зерттеу, жобалау және модельдеу; эмпирикалық – бақылау, сауалнама; сұхбаттасу, әңгімелесу; тест; педагогикалық эксперимент; зерттеу нәтижелерін қорытындылау.

Зерттеудің базасы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

1. «Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары» ұғымының мәні нақтыланып, оның құрылымы анықталды және мазмұнды сипатталды.

2. Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың құрылымдық моделі және оның мазмұны жасалды. Кәсіби мәнді сапалары дамуының өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

3. Педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделін тиімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттары айқындалды.

4. Педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың әдістемесі жасалып, оны ендіру бойынша ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық мамандықтар магистранттарына арналған «Сәттілікке бірге жетейік» кешенді бағдарламасы;

- «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» атты элективтік курс бағдарламасы;

- «Мансап технологиясы» атты практикум бағдарламасының мазмұны жасалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.

Зерттеудің қорытындысы бойынша алынған материалдарды, нәтижелерді педагогикалық жоғары оқу орындарының көп деңгейлі білім беру сатысында, педагогикалық арнайы оқу орындарында, мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау институтында пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Зерттеу проблемасын теориялық тұрғыда негіздеу барысында нақтыланған «сапа», «кәсіби мәнді сапа» ұғымдары болашақ педагогика магистрінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін тиімді атқаруға қажетті педагогикалық, зерттеушілік, лидерлік қабілеттерінің, тұлғалық қасиеттер мен психологиялық сапаларының, кәсіби білімдер мен біліктерінің өзара

кіріктірілген жиынтығын білдіреді және олардың кәсіби мәнді сапасы құрылымының мазмұнын анықтауға негіз болады.

2. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы педагогикалық жоғары оқу орны мүмкіндіктерінің анықталуы олардың кәсіби даярлығы үдерісінде оқу-тәрбие, зерттеу және олардан тыс іс-шараларда кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігінің маңыздылығын арттырады.

3. Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың құрылымдық моделі тұжырымдамалық-мақсатты, мазмұндық-технологиялық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік және өлшемдік-бағалау құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады.

4. Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделін тиімді жүзеге асыру бойынша айқындалған педагогикалық шарттар оларды магистратураның ақпараттық, оқу-тәрбие, зерттеу ортасында кешенді пайдалану қажеттілігін сипаттайды.

5. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу және оған сәйкес педагогикалық мүмкіндіктерді жасау; болашақ магистрлердің кәсіби мәнді сапалары дамуын қамтамасыздандыратын кешенді бағдарлама, элективті курс, практикум мазмұндарын жасау және арнайы ғылыми-педагогикалық, тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау, оларды оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің кіріктірілуінде жүзеге асыру магистранттардың жан-жақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігін арттыруына тиімді ықпал етеді.

6. Педагогикалық ЖОО магистратурасының кәсіби даярлығында магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту мазмұндық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандырылады.

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеу нәтижелері келесі халықаралық және республикалық конференцияларды талқыланды: «Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2012ж.; Республикалық ғылыми-практикалық конференция «12 жылдық білім беруге көшу жағдайында болашақ педагогтарды даярлау» 2012 жыл 28 қараша; Международная научно-практическая конференция «Новые педагогические технологии» 10 января 2013г. Россия. Москва, 19 қазан 2012 жыл; «Салыстырмалы білім беру: әдіснамасы, заманауи үрдістері мен мәселелері» VI халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 31 қазан – 1 қараша; Международная конференция «I Калужновские чтения: инновационные направления развития социально-гуманитарных наук, 24 мая 2014 года, Актөбе.

Жарияланымдар. Диссертация нәтижелері бойынша негізі 13 еңбек жарияланды, оның ішінде – 2 – Scopus базасына кіретін журналдарда, 4 – халықаралық конференция материалдарында, 3 – ҚР БҒСБК-мен ұсынылған журналдарда, 1- республикалық конференция материалдарында, 2 – шетелдік журналдарда.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі – зерттеу пәніне сәйкес әр түрлі әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, тұлғаның дамуына арналған философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі теориялық тұжырымдарды басшылыққа алуымен; эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, тәжірибелі-эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін өңдеумен және бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен қамтамасыздандырылады.

Диссертацияның құрылымы– кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі, зерттеудің объектісін, пәнін, мақсатын, ғылыми болжамын, міндеттері мен жетекші идеясын, әдіснамалық-теориялық негіздері мен зерттеу көздері, зерттеудің әдістерін, кезеңдері мен эксперимент өткізу базасын, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаларын, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігін, практикалық мәнін, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігін қамтитын ғылыми аппарат жан-жақты мазмұндалады.

«Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу проблемасының психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалады, магистранттың кәсіби мәнді сапалары ұғымының мәні нақтыланады, құрылымы анықталды. Оларға мазмұндық сипаттама беріледі. Зерттеу проблемасының әдіснамалық тұғырлары айқындалып, баяндалады.

«Педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды модельдеу» атты екінші тарауда педагогикалық мамандықтардағы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы педагогикалық жоғары оқу орны мүмкіндіктері айқындалады және сипатталады. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың құрылымдық моделі жасалады, оған сипаттама беріледі, өлшемдері мен деңгейлері анықталады.

«Педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары және оны жүзеге асыру» атты үшінші тарауда педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін тиімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттары айқындалады. Оларды кешенді жүзеге асырудың әдістемесі жасалып, мазмұнды сипатталады. Тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру жан-жақты мазмұндалады. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері кеңінен баяндалады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Қосымшада зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдардан үзінділер беріледі.

1 МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Магистранттың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері

1.1.1 Жоғары оқу орындарында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту – педагогикалық проблема

Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына, оны үйлестіруге үлкен серпіліс берген Болон үрдісі болды. Оның бастауы ХХ ғасырдың 70-жылдарына саяды. Сол уақытта Еуропа министрлер Кеңесі білім саласындағы әріптестік туралы алғашқы резолюцияны қабылдады. Болон үрдісінің пайда болуының алғышартына Еуропадағы жоғары білімге арналған бірқатар халықаралық құжаттарды жатқызуға болады. 1988 жылы университеттердің Ұлы хартиясы, 1998 жылы 25 мамырда Сорбон декларациясы қабылданды.

Болон декларациясының негізгі мәселесі болып көп деңгейлі білім беру жүйесіне көшу саналады [63].

Білім саласындағы «көп деңгейлік» түсінігі –білім беру ұйымында көп кезеңді білім беруді білдіреді. Көп деңгейлі білім беру жүйесінде білім берудің әр кезеңіне сәйкес адамның жағдайы мен қызығушылығына байланысты біліктілігін арттыру мүмкіндігі артады. Әрбір білім беру деңгейі мақсатымен, оқу мерзімімен, ерекшелігімен сипатталады. Көп деңгейлі білім беру жүйесі білімнің жаңа философиясын талап етеді. Осы философия білім беру мазмұнының қатаң моральдік және этикалық құндылықтар мен өз халқының салт-дәстүрі және ғылымның заманауи жетістіктеріне негізделуді талап етеді.

Көп деңгейлі білім беру жүйесінің ерекшелігі – үздіксіз білім беру мүмкіндігі болып табылады. Үздіксіз білім беру туралы теориялық тұжырымдар Б.С. Гершунский [64], М.Т. Громкова [65], А.А. Жайтапова [66], С.А. Репин [67], И.О. Котлярова [68], В.Г.Осипов [69], М.С.Чванова, И.А. Липский [70], және т.б. ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан. Үздіксіз білім беру – біртұтас өзіндік құрылымы бар жүйе. Білім беру жүйесінің біртұтастығы – оның құрылымынды аса маңызды немесе маңызы төмен буындарының жоқтығымен, оның тұтастығы –барлық білім буындарының шоғырлануымен, бірігуімен, сабақтастығымен сипатталады.

Л.Г.Петерсонның пікірінше үздіксіз білім беру идеясының жүзеге асырылуында адамның тұлғасын, қабілеттерін жан-жақты дамытуға ерекше назар аударылады [71]. Ал бұл болса, үздіксіз білім берудің - әр тұлғасының үйлесімді дамуына, жеке оқытуға, әр адамның өзін-өзі көкейкестендіруіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік беретінін көрсетеді.

А.Г.Асмолов үздіксіз білім берудің басты факторлары қатарына сабақтастық қағидасын, білімі мен білімін толықтыру арасындағы байланысты жатқызады. Өйткені «сабақтастық – жалпы педагогикалық принцип. Оқытудың кейбір жақтарының, тарамдарының, кезеңдерінің, оқыту сатыларының өзара байланысын талап етеді»; алдыңғы кезеңдерде алған білімдерін кеңейту және

тереңдету; кейбір түсініктерді қайта қарастырып, білімдерін, шеберліктерін, машықтарын үйлесімді жүйеге құрастыру; мазмұнына, түріне, жұмыс тәсіліне сәйкес, білім алушылардың, студенттердің сапалық өзгерістеріне қарай, барлық үрдістерді өрістетуді» білдіреді [72].

С.А.Репин, И.О.Котлярова, Р.А.Циринг үздіксіз оқыту жүйесіндегі педагогикалық кадрлар даярлығын басқару сабақтастығын мазмұнына қарай реттік үрдіс деп қарастырады. Педагогикалық кадрларды даярлаудағы әрбір жаңа кезеңді басқаруды өткен кезеңдермен диалектикалық байланыста болуын көрсетеді [73].

Н.Н. Түлкібаева, З.М.Большакова үздіксіз білім берудің механизмі болып жаңа жағдайда тұлғаның өз білімі мен кәсіби шеберлігін саналы түрде толықтыруды қажет етуі табылатындығын айтады. «Аталған екі кезеңнің үздіксіз және қайталанбалы болуы үздіксіз білім беру үрдісін айқындайды» [74].

К.Т.Арынов, Т.С.Көшеров, С.Н.Лактионованың ойынша, үздіксіз білім берудің басты ерекшелігі болып қолданылатын оқыту түрлерінің сан алуандығы мен икемділігі, ізгілендірілуі мен демократиялануы, жекелендіруі табылады. Үздіксіз оқытудың маңызды ерекшелігі – келешекке ұмтылуы, алған кәсіби білімдерін пайдалана отырып жоғары біліктілікпен қоғамның даму мәселесін шешуі; қайта дайындалып, келесі күрделі де беделді маманға айналуы саналады [75].

Заманауи үздіксіз білім беру жағдайында білім саласы дамуының жаңа парадигмасы туындап отыр. Бұл білім алушыны біліммен қаруландырумен қатар «тұлғаның танымдық, жасампаздық қабілетін дамытуды» көздейді. Оқытудың мазмұны шығармашылық білім аруды, тәжірибелік жүзеге асыруды көздейді, өмірдің әр кезеңінде өз бетінше білім алуға септігін тигізетін әдіснамалық білім алуға бағытталған.

Сонымен, үздіксіз білім беру идеясы мен әдіснамасы негізінде мамандарды кәсіби даярлаумен қайта даярлау бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр.

Үздіксіз білім беру аясында Қазақстанның жоғары білім жүйесіне енген жаңалық болып үш деңгейлі жоғары білім беру саналады. Деңгейлердің біріншісі – «бакалавр» («bachelor»), екіншісі «магистр» («master»), ал үшіншісі – философия докторы (PhD).

Жоғары оқу орындарындағы үздіксіз білім беру жүйесінің біздің зерттеуімізге қатысты ерекше қызығушылық тудыратын тұсы – болашақ магистрлерді даярлау мәселесі болып табылады.

Магистрлерді даярлаудың даму тарихы мен оларға ғылыми дәреже берілуі XII-XIII ғасырларда гильдияға біріккен еуропалық университеттердің құрылу кезеңіне саяды. Бұл университеттердің негізгі үш факультеті болған - құқық факультеті, теология факультеті, медицина факультеті. Университет оқытушыларының оқыту ісін жүргізуі үшін олардан лицензиясының және академиялық дәрежесінің болуы талап етілген. Осыған байланысты магистрлер

даярлау мәселесі қолға алынған. «Шебер» немесе «магистр» мәртебесі ортағасыр гильдияларының ең жоғары дәрежелері болып саналды [76].

«Магистр» сөзі – латын сөзі, ол «ұстаз», «мұғалім», «жетекші», «өз ісінің шебері» деген ұғымдарды білдіреді. Көне Римдіктерде «магистр» айбынды лауазымды адамды білдірді. Византияда «магистр» болып жоғары дәрежедегі ақсүйек қызметкер танылды. Орта ғасырда «магистр» - ерекше дәреже, жеті өнер шеберлігі бар ұстаз болды. «Тевтон», «Госпитальер», «Тамплиер» ордендерінің иегерлері «Ұлы магистр» атағына ие болған. Қазіргі уақыттарда батыс-европа университеттерінде «магистр» философия докторы дәрежесінен төменгі дәреже саналады [76, б. 22.].

Ресейде «магистр» дәрежесі ғылым кандидаты мен ғылым докторы дәрежелерімен қатар 1803 жылы қаңтарда императордың жарлығымен еңгізілген. 1884 жылы ғылым кандидаты дәрежесі жойылған. Сол уақыттан бері Ресейде екі ғылыми дәреже берілген – магистр және доктор дәрежелері. Ресейде магистр дәрежесі өте жоғары ғылыми мәртебелердің бірі саналған. Магистрлердің академиялық белгілері болған. Ғылым докторларының белгісі – алтын белгі болса, магистрлердікі – күміс белгі саналған [77]. Магистрлік диссертациялары салмақты ғылыми еңбектер, кейін көбісі жаңа ғылыми бағыттарға негіз болған. XIX ғасырда университеттердің көбінде «доктор» дәрежесін «магистр» дәрежесімен ауыстырған. Ресейде 1917 жылға дейін барлық мамандықтар бойынша (медицина саласынан басқа, медицинада «магистр» дәрежесі болмаса да, «ғылым докторы» дәрежесі берілген) емтихан тапсырып, магистр диссертациясын қорғағаннан кейін «магистр» дәрежесі берілген. 1917 жылғы Қазан көтерілісінен кейін РКФСР Халық Кеңесі Комиссарының заңы бойынша «магистр» дәрежесі жойылған.

Қазақстанда жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ереже 2000 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 7 маусымындағы "Білім туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 "Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

Ал, ЖОО кадрлар даярлаудың үшсатылы жүйесіне 2003-2004 оқу жылынан бастап көше бастаған болатын. Әуелі экономикалық, гуманитарлық және педагогикалық, ал кейіннен басқа да мамандықтар бойынша төрт жылдық бакалавриатураға студенттер қабылданды. Қазіргі кезде бес және одан да көп оқу мерзімі тек ветеринария және медицина мамандықтарының стандарттарында ғана сақталып қалды.

Қазақстанның жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «магистрант» – магистратурада білім алушы тұлға болса, «магистр» - жоғары оқу орнындағы көп деңгейлі білім берудің екінші сатысын тамамдаған соң академиялық дәрежеге ие болған магистрант. Қазақстанның жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесімен Еуропа мен АҚШ елдеріндегі білім беру жүйесін салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мысалы, Қазақстанда бакалавр – бұл маман иесі болудың бастапқы баспалдағы болса, еуропа

елдерінде магистратурада білім алатын бакалавр жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінде қызмет ете алады. Сондай-ақ, Ұлыбританиядағы философия мастері және философия докторы дәрежелерінің де мәні бөлек. Бакалавр дәрежесі бар студент магистрлік зерттеу жұмысын бастаған күннен бастап философия мастері дәрежесіне ие болады. Ал егер сол зерттеуді аяғына дейін жеткізіп, қорғаса, онда ол философия докторы дәрежесіне ие болады [78].

Дейтұрғанмен, магистр дәрежесі барлық мемлекетте де магистранттың таңдап алған мамандығы бойынша теориялық білімдерді терең меңгеруі мен ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне даярлығын талап ететіндігін жоққа шығармайды.

Болашақ магистрлердің кәсіби даярлығы магистратурада жүргізілетіндігі мәлім. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «магистратура» ұғымы екі мағынада қолданылады. Магистратура білім беру ұйымы тұрғысынан уақытысының айтарлықтай бөлігін ғылыми-зерттеу жұмыстарына арнайтын мекеме саналады. Ал, қазіргі университеттерде білім берудің бір деңгейі тұрғысынан үздіксіз білім беру бағдарламасының бірі, «бакалавр-магистр-докторант» атты үш компонентті моделінің екінші сатысы болып табылады. Осы мағынада магистратура білім алушының докторантурада оқуын жалғастыруға арналған тұлғаның белгілі бір сапасын қалыптастыратын жалпы және кәсіби даярлығының базасы болып табылады.

Сонымен бірге магистратураның негізгі бағыттарының бірі - өзін-өзі дамытуға үйрету, белсенді өмірлік шығармашылығында жаңа білімдерге өз білімімен жету; мамандардың мәдениетін жоғарлату, соның ішінде қарым-қатынас мәдениетін дамыту, қазіргі заманғы ғылыми-тәжірибелік мәселелерді сараптай білу, жоғарғы оқу орындарында дәріс беру, зерттеу немесе басқару қызметтерін сәтті жүргізу, адамдарға, қоғамға, қоршаған ортаға, ойлау мәдениетіне деген қатынасты реттеп отыратын этикалық-құқықтық нормаларды игере білу, мына дамып жатқан әлемде жан-жақты болу үшін магистранттарды біліммен қамтамасыз етуді көздейді [78, б. 291].

Магистратура ғылыми зерттеуге және кәсіби біліктілікке бағытталған.

«Даярлау» ұғымы диссертацияда екі мағынада пайдаланылады: біріншіден, университет бітірушісінің құзыреттілігінен көрінетін нәтиже, екіншіден магистрантқа білім берудің мақсатын, әдіс-тәсілдерін, мазмұнын қамтитын кәсіби іс-әрекеттің нормаларын, үлгілерін және ережелерін меңгеру үдерісі.

«Болашақ магистрлерді кәсіби даярлау» түсінігі «мақсаты, тәсілі, мазмұны, білім беру бағдарламасы бар кәсіби іс-әрекетті меңгеру үрдісі және оның нәтижесі болып табылатын жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби біліктілігін білдіреді.

Қазіргі уақытта магистр даярлау мәселелерін шешуге байланысты Р.Н.Матакова, Р.И.Гальперин және т.б. пікірі бойынша, магистратура институтын еңгізу келесі мүмкіндіктер беретіндігін көрсетті [79]:

1) әлемдік білім кеңістігіне тиімді ену, жоғары білім дипломдарын конверсиялау;

2) дарынды жастарды іріктеу мәселесін шешіп, мемлекет басқару мекемелеріне, ғылым саласына, ЖОО-на бетке ұстар мамандар даярлау жағдайын жасау;

3) маман даярлаудың сапасын көтеру, білімді болу негізін жоғарылату.

ЖОО-нан кейін білім беруде Ж.Р.Баширова [80], М.Т.Громкова [81]. өз зерттеулерінде магистрлер даярлаудың ерекшеліктерін көрсеткен: білім үрдісінің өзгеше мақсаты, мәселесі, оқыту түрі мен әдісі; оқытатын контингенттің ерекшелігі; білім алушылардың жоғары білім алу мотивациясының жоғары болуы. Ал бұл болса, магистратурада білім беру деңгейінің, бағдарламалары мазмұнының маңыздылығының басымдылығы мен білім, дағды, біліктілігінің тереңдігін білдіреді.

А.А.Булатбаева, Т.В.Есенская және т.б. ғалымдар магистрлік оқыту бағдарламасында мынадай мақсаттар мен идеяларды белгіледі: білім беру саласының беріктігі, оқыту сапасының жоғары болуы, тұлғаның біліктілігі; оқу үрдісін ізгілендіру, яғни тұлғаның дамуы, өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетінше білім алу механизмін дағдыландыру; оқу үрдісін кәсіптендіру; оқу үрдісін ақпараттандыру [82;83].

Магистрлік даярлықтың ендірілуі белгілі бір міндеттерді шешуден тұрады. И.Е.Куров, Т.В.Тальникова магистрлер даярлығын «кәсіби іс-әрекетті ұйымдастыру барысында ғылыми-зерттеу тәсілдерін жүзеге асыра алатын, терең пәндік білімдерді меңгерген, жоғары білікті шығармашыл маманды даярлау» деп түсіндіреді [84].

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне магистратураны ендіру міндеттері болып зерттеу жүргізе алуға және ақпараттарды заманауи өңдеуге, ғылыми нәтижелерді кәсіби талдауға және оларды белгілі бір ережелер бойынша әлеуметке жеткізе алуға даяр кәсіби мектептің (жоғары және орта арнайы) оқытушыларын даярлау табылады [85].

Магистрлерді даярлаудың бағдарламаларын жасау мен жүзеге асырудың жалпы принциптеріне бакалавриат және магистратура бағдарламаларының келісімділігі, білім берудің вариативтілігін, икемділігін және ұтқырлығын қамтамасыз ету; оқытудың жеке бағыттылығы; аймақтық шарттарды есепке алу мүмкіндігі жатады [85, б. 1104].

Осы тұрғыдан педагогикалық даярлықты мамандықтар мен маманданулар есебінен ғана емес, сондай-ақ қоғамның білім беру сұраныстарына жауап бере алатын әр түрлі бағдарламалар есебінен түрлендіруге болады.

Магистрлік даярлықтың зерттеу бағыттылығы білім беру мазмұнына, оқу үрдісін ұйымдастыру формасына, ғылыми іс-әрекетінде көрініс табады. Магистранттарды ғылыми зерттеу және ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке жан-жақты даярлау төмендегілерді қамтиды:

- ғылыми жұмыстар орындау мен оқу сабақтарын жүргізудің әдістерін, амалдарын және процедураларын игеру;

- ғылыми және педагогикалық еңбектің ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;

- ғылыми ақпараттардың көптігімен жұмыс істеу әдістері мен процедураларын үйрену мен игеру;

- ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерінде қолданылатын компьютерлік және т.б. техникалық құралдарды меңгеру;

- ғылыми-зерттеу практикасын өткізу барысында ҒЗЖ жоспарлау мен ұйымдастыру тәжірибесін жинақтау;

- ғылыми жұмыстар, оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдарды жариялауға даярлау тәжірибесін игеру;

- оқу үдерісінде құрылған ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау;

- оқу үдерісін толықтыратын ғылыми конференциялар, семинарлар, көрмелерге қатысу;

- оқу үдерісімен параллельді жүргізілетін ғылыми ұжымдардағы ҒЗЖ орындауға қатысу.

В.В.Балашов, Д.К.Захаров, Г.В.Лагунов магистрлік білім беру бағдарлама мазмұнының басты ерекшелігі – білім беру және ғылыми-зерттеу компоненттерінің кіріктірілуін айтады [86].

Магистратура –ғылыми және педагогикалық бағыт және бейіндік бағыт болып бөлінеді. Ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша кемінде 2 жыл нормативті оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 42 кредитін, кәсіптік практиканың кемінде 6 кредитін және ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредитін міндетті түрде меңгерту саналады. Ал бейіндік бағыт бойынша кемінде 1 жыл нормативтік оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 18 кредитін, кәсіптік практиканың кемінде 2 кредитін және эксперименттік-зерттеу жұмысының кемінде 4 кредитін міндетті түрде меңгерту арқылы ғылыми, ғылыми-педагогикалық және басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы талап етіледі [87].

Магистратураның білім беру бағдарламасы білім беру компонентінен және ғылыми-зерттеу компонентінен тұрады. Білім беру компоненті екі саладан тұрады – негізгі және бағдар бойынша. Әр сала міндетті және таңдамалы компоненттерден тұрады.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 тамыздағы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жалпыға міндетті білім беру стандартында аталған компоненттер пайыздық көрсеткіште берілген: «Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 48%-ын құрайды, оның ішінде 40% міндетті компонент пәндеріне, ал 60% таңдау компоненті пәндеріне тиесілі. Бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 44%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 28%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, оның ішінде 62% және 50% міндетті компонент пәндеріне, ал 38% және 50% таңдау компоненті пәндеріне тиесілі. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 52%-ын құрайды, оның ішінде 9%-ы міндетті компонент пәндеріне және 91%-ы таңдау компоненті пәндеріне тиесілі. Бейіндік бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 56%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 72%-ын

(оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, оның ішінде 10% және 12% міндетті компонент пәндеріне, ал 90% және 88% тиісінше таңдау компоненті пәндеріне тиесілі» [87, б. 3].

Осы мәліметтер, магистратурада міндетті компоненттерге қарағанда таңдау компоненттері сағат санының басымдығын байқатады. Ал бұл болса, жоғары оқу орындарының болашақ магистрлерді кәсіби даярлауда мүмкіндігінің жоғарылығын көрсетеді.

Ғылыми-зерттеу компоненті магистратура білім беру бағдарлама мазмұнында субъекттің дамуына, магистр тұлғасының өз бетінше дамуына бағытталған. Оның ғылыми-зерттеу біліктілігін, қабілеттілігін арттыруға, зерттеулік мәселелерді шеше білуге, оларды жоспарлап, талдап, нәтижесін бағалай білуге бағытталған.

Ағылшын психологі Дж. Равен пікірінше, біліктілік – бұл нақты істі, нақты бір салада ерекше дағдымен, ой өріспен және де өз ісін жауапкершілікпен орындауды қажет ететін ерекше қабілет. Өз зерттеулерінде Дж.Равен «жоғары біліктілікті» ерекше жеке салаға қояды [88].

«Біліктілік- адам баласының бойындағы жоғары деңгейлі ынтасы, басқа адамдарды мақсатына жету үшін ұйымдастыра білетін қабілет, өз ісін талдап, баға беріп, әлеуметтік сауалдарына жауап бере білуге дайындығы». Дж. Равен өзекті біліктілікті анықтайтын терминдер қатарында «даярлық деңгейді», «қабілеттілікті» және психологиялық тұрғыдан «өзін-өзі қадағалау», «сенімділік», «жауапкершілікті» атайды. И.А.Зимняяның айтуынша, білікті маман болу үшін, соның ішінде ғылыми жұмыста да, негізгі және арнаулы біліктілікті меңгеру қажет [89]. Н.Н.Турькибаева, З.М.Большакова еңбектерінде «түйінді құзыреттерге «мамандардың кәсіби іс-әрекеттік құзыреттілігіне мыналарды жатқызады [74, б.121]:

- білім саласында қолданылатын заманауи зерттеу әдісімен пайдалана білу және өз мақсатына байланысты түрлендіре білу;
- білім саласындағы ғылыми-әдістемелік еңбектердің негізін білу;
- зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайын болу және нәтижесін өндей білу;
- жаңа оқулықтардың жобасын жасап, тәжірибелік іске асыруға дайын болу.

Магистранттардың арнаулы зерттеу біліктілігі, өз бетінше зерттеу жұмысы арқылы жетеді, оған жататындар:

- жоғары білім саласына теория және тәжірибесіне маңызды ғылыми мәселелерді зерттеп дайындап, білім алу;
- жоғары білім саласының теориясын меңгеру;
- зерттеудің жаңа әдіснамасы мен әдісін көру;
- өз ғылыми-зерттеу жұмысын көрсете білу.

Білім берудің жекелендіру траекториясы – жеке шығармашылыққа негізделуі тиіс. Н.Н.Михайлованың ойынша, бұл – келешек маманның өзіндік шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасалуы, болашақ маман-магистранттардың өз бетінше біліктілігі мен кәсіби шеберліктерін дамытуға итермелейді [90].

Магистратурада білім беру үрдісін ұйымдастыру сәтінің маңыздылығы болып оқу пәндерін еркін таңдауы, магистр даярлауды саралап және ашық оқыту идеясы табылады. Саралап оқыту қағидасы бойынша студенттер маман ерекшеліктеріне байланысты топталынады, бірнеше оқу жоспары мен бағдарламаларды пайдалана алады.

Ашық оқыту, 60-ыншы жылдары Ұлыбританияда кең тараған, 70-інші жылдары басқа да елдерде жалғасын тапқан. Бұл оқыту түрі қатып қалған тәртіпке негізделмеген. Әрбір оқу орны, білім беру мазмұнын түрлендіріп, толықтырып тұруға құқылы.

Педагогикалық зерттеулерге жүгінсек, таңдап оқуда жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың өзіне, өзінің көзқарасына, санасына, өзін өзі бағалауға, жауапкершілігі қызығушылығы арта түседі.

Сонымен, пәндерді таңдау мүмкіншілігі магистранттың жеке қасиеттері мен қабілеттілігіне қарай оқу қарқынын анықтайды.

Магистратурада оқу үрдісін ұйымдастырудағы келесі астар – кредит арқылы білім нәтижесін бағалау болып есептеледі. Қазіргі әдебиеттерде «кредит» деген сөздің бір ғана түсіндірмесі бар «білім алушының/ оқытушының оқу жұмысын бірыңғайлап бағалау өлшемі». Оқу бағдарламасының барлық компоненттері несиелендіріледі. Әр компоненттің кредит саны оның жұмыс өлшеміне байланысты. Шетел білім беру жүйесінде «кредит» терминінің басқа баламасы «сынақ единицасы /бірлігі/» (ECTS). Магистранттар дайындаудағы бұл жүйенің еңгізілуі - оқыту бағдарламаларының анықтығын, икемділігін, салыстырмалылығын, олардың бейімділігін қамтиды.

Қазіргі педагогикалық іс-әрекеттердің мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

- педагогикалық еңбектің мета іс-әрекеттік сипаты;
- перманенттік белгісіздіктің, біркелкі еместіктің, алгоритмделмегендіктің педагогикалық іс-әрекетке тәндігі
- педагогикалық іс-әрекеттің біргеліктік сипаты;
- іс-әрекеттің эмоционалдылығы;
- педагогикалық іс-әрекеттің тұтас сипаты, оны «бөлшектеудің» мүмкін еместігі;
- кәсіби педагогикалық іс-әрекетте тұлғаның компенсаторлық мүмкіндіктері, қасиеттері мен компоненттерінің үлкен мәнділігі [87, б.4].

Сонымен, магистратура ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың көп деңгейлі жүйесінің сатысы болып табылады. Магистрлік даярлаудың тұжырымдамалық негізі мен мақсаты білім беру процесінің үздіксіздігі мен сабақтастығы, білім беру бағдарламаларының өзара байланыстылығына, яғни білім берудің көпдеңгейлі түсініктеріне негізделген.

ҚР мемлекетінің білім беру стандартының біліктілік талаптарына сәйкес магистратураның кәсіби магистр даярлау нәтижесі - бәсекеге қабілетті болашақ педагог-зерттеуші маманын қамтамасыздандыру болып табылады.

Сонымен, көп деңгейлі және үздіксіз оқыту жүйесінің ерекшеліктерін, ғылыми- педагогикалық әдебиеттердегі болашақ магистрлерді кәсіби даярлау

тәжірибесін, магистратураның даму жағдайын талдау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1. Жоғары педагогикалық оқу орындарындағы магистратурада болашақ магистрлерді кәсіби даярлау жүйесі – олардың ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерге даярлығын қалыптастыруға бағытталған;

2. Магистратураның жалпы кәсіби пәндер мен мамандандыру пәндерінің кіріктірілуі және олардың мазмұны білім беру үрдісінің беріктігіне, ізгілендірілуіне, кәсіптендірілуіне, ақпараттандырылуына негізделген;

3. Магистратураның білім беру бағдармаларын жүзеге асыру үрдісі, оның ұйымдастырылуы мен технологиясы магистранттың өзбетінше білім алу және шығармашылық ізденістік деңгейін жоғарылатуға бағытталған;

4. Магистратурада білім алудың ерекшеліктері болып магистранттардың жеке білім алуы, ашық оқу, оқу бағытының таңдамалы болуы, оқу көлемінің кредит түрінде бағалануы саналады.

5. Болашақ магистрлердің кәсіби даярлығының нәтижесі – олардың кәсіби іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы білімділік, педагогикалық шеберлік, зерттеушілік біліктілігі.

6. Магистратурада білім алушылардың зерттеушілік іске даярлығы ЖОО кейінгі білім беру теориясы мен практикасының басым бағыты саналады (өйткені мұнда бакалавриата меңгерген ғылыми-зерттеушілік деңгейі тереңдетіледі және докторантурада оқуын жалғастыруға негіз қаланады).

Болашақ педагогика ғылымдарының магистрі ғылыми-зерттеушілік; оқытушылық; түзету-дамытушылық; кеңес берушілік; мәдени-ағартушылық; ұйымдастырушылық-тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық-зерттеу жұмысына даяр болуы тиіс. Осы мақсатта олар ғылыми білім беру, зерттеу іс-әрекеттерінде шешімдер қабылдауды, тәжірибелерді талдауды, инновациялық технологияларды пайдалануды; зерттеудің жаңа әдістерін қолдануды; әр түрлі оқу мекемелеріндегі оқытудың нәтижелеріне талдау жасауды; оқыту әдістемесін; білім алушының оқу үлгерімінің, дамуының, жетістігінің деңгейін диагностикалауды меңгеруі қажет.

Жоғарыда айтылып өткендер болашақ магистрлерге қойылатын талаптарды топтастыруға мүмкіндік берді (кесте 1).

Бұл талаптардың жүзеге асырылуы болашақ магистрлердің кәсіби даярлау үдерісінде олардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың маңыздылығын арттырады.

Кесте 1 – Болашақ магистрлерді даярлауға қойылатын талаптар

Бағыты	Мазмұны
1	2
Кәсіби-тұлғалық дамыту	Тұлғалық әлеуетін дамыту, белгілі бір әлеуметтік, басқа да жағдайларда дұрыс әрекет етуге қабілеттілігін тәрбиелеу, кәсіби біліктілігін арттыру.

1 - кестенің жалғасы

1	2
Білімін кеңейту	Таңдаған білім траекториясының жүйелі және ретті болуы; саналы және белсенді түрде барынша жеке білім алу; саналы түрде алған білімін тәжірибеде жүзеге асыру; білім алу мазмұнын көкейкестендіру; қолжетімді білім алу, таңдаған пән бойынша жеке оқу траекториясы; көрнекілік, компьютер мен жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану; білімнің беріктігі, көп оқу, көп қайталау; оқу барысына кәсіби бағытталуы және т.б.
Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін дамыту	Ғылыми тұрғыда білім алу және сараптау; қажет ақпараттарды үздіксіз өзбетінше ізденуге дағдылану; ғылыми әдебиеттер мен тәжірибелерді талдау; ғылыми мақалалар, ғылыми зерттеулермен айналысу, ғылыми жобалар жасау, ғылыми семинарлар, конференцияларда баяндамалар жасау және т.б.
Ұйымдастыру-әдістемелік дағдыларын арттыру	Мәселелерді логикалық шешімде теориялық білімді пайдалану. Дәрістер, практикалық сабақтар (семинарлар) белсенді шығармашылық түрде өткізу.
Өзін-өзі бағалауға дағдыландыру	Магистранттардың өз жұмыстарын өздері бақылауы, талдауы. Бақылаулы өзбетінше білім алу іс-әрекет етуі.
Білікті маман даярлау	Оқытушы- консультант, жәрдемші

Сонымен, жоғары оқу орнының үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызды орынды магистратура иеленеді. Өйткені ол білім алушының бакалавриатта меңгерген білімдер мен біліктерін тереңдетеді, ғылыми-педагогикалық іскерліктерін шыңдайды, зерттеушілік қабілеттерін дамытады, соның негізінде кәсіби маман етіп даярлайды, сонымен қатар докторантураға түсуге мүмкіндіктер береді. Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды зерттеу барысында тұлғаның дамуы туралы теориялық тұжырымдарды, әдіснамалық негіздерді басшылыққа алудың қажеттілігі туады. Тұлғаның дамуы, соның ішінде кәсіби мәнді сапаларының дамуы оның психофизиологиялық ерекшеліктерінің дамуынан талап етіледі. Осындай ой-пікірлер психологиялық еңбектерде жан-жақты қарастырылған. Бұл туралы келесі параграфта мазмұндалады.

1.1.2 Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың психологиялық астарлары

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту барысында алдымен тұлғаның дамуы теориясына тоқталып өткен жөн. Олай дейтініміз педагогикалық жоғары оқу орны магистранты –білім беру субъектісі, белгілі бір кәсіп иесі (бакалавр) және болашақ ғылыми-педагогикалық маман. Осы тұрғыдан магистранттың кәсіби мәнді сапаларын дамыту тұлғаның дамуы теориясына негізделеді.

Әдебиеттерде тұлға теориялары бойынша тұлғаның табиғаты, даму тетіктері туралы болжамдардың немесе көзқарастардың жиынтығы. Тұлға теориялары бойынша оның дамуының пайда болуы немесе жүре пайда болуы; тұлғаның қалыптасуындағы жасаралық кезеңдер; тұлғаның құрылымы; оның өзінің мінез-құлығын басқара алуы; ішкі дүниесінің субъективтілігі немесе объективтілігі мәселелері ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Философ ғалымдар «тұлға» қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы деп сипаттаса, әлеуметтанушылар «тұлға» – индивидті сипаттайтын әлеуметтік маңызды қасиеттердің тұрақты жиынтығы деп түсіндіреді. Педагог ғалымдар «тұлғаны» эволюциялық үдерістің призмасы деп таниды. Ал психологтар болса «тұлға» әлеуметтік-мәдени ортада, біріккен іс-әрекет үдерісі мен қарым-қатынаста иеленетін адамның ерекше сапасы [91] деп көрсетеді.

Сөздіктерде «тұлға» – жеке адамның адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым деп берілген [91, б.135].

Осы анықтамалар «тұлға» ұғымының кеңдігін және күрделі екендігін және анықтамалардың әр ғылымның өзінің зерттеу пәніне қарай берілгендігін көрсетеді.

Зерттеулерге жасаған талдау тұлғаның дамуы мен қалыптасуын түсіндіретін бірнеше амалдар бар екендігін көрсетіп отыр. Мәселен, биогенетикалық тұғыр (К.Холл [92]), З.Фрейд [93]) тұлғаның дамуын организмнің жетілуіндегі биологиялық үдерістермен байланыстырса, әлеуметтік генетикалық тұғыр (Э.Торндайк [94] тұлғаның дамуын қоғамның құрылымы, әлеуметтену тәсілдері мен қоршаған ортадағы өзара қарым-қатынастың ықпалы деп түсіндіреді. Ал, психогенетикалық тұғыр (Ж.Пиаже [95], Дж.Келли [96]) биологиялық және әлеуметтік факторларды жоққа шығармайды, алайда тұлғаның бойындағы психикалық көріністерді, күйлерді маңызды деп санап, бірінші орынға қояды.

Осы аталған амалдар бірін-бірі толықтыра отырып, олардың әрбірінде көрсетілген факторлар арқылы тұлға дамитындығын және тұлғаны сипаттайтын қасиеттер осы үдеріс барысында қалыптасатындығын дәлелдейді.

XX ғасырдың басында австриялық ғалым З.Фрейдтің тұлғаның мәні олардың жүріс-тұрысы және іс-әрекеттерінің себебін анықтауға байланысты болжамдардың бірі Батыс психологиясының теориялық және әдіснамалық жетекші идеяларының таралуына негіз болды. Ол тұлғаның құрылымын төменгі санасыз импульстер, «туғаннан берілетін нышандар» («Ол» немесе

«Ид»), ортасы («Мен» немесе «Эго») және жоғары деңгей («Артығымен Мен», немесе «Супер-Эго») деп сипаттайды. Бұл – адам қабылдаған нормалар жиынтығы. Ид –импульсивті қанағаттану принципіне бағынып, бейсаналық ниеттерден (жыныстық және агрессивтік) тұратын тұлғаның негізгі инстинктік ядросы. Эго тұлғаның рационалды аймағының шынайы принципі. З.Фрейд тұлғаның дамуын – баланың әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды мәжбүрлі игеруімен, яғни сыртқы мәжбүрленген күштеу адамның ішкі күйіне ене отырып, «Мен» деңгейіне өтетіндігімен түсіндіреді [93, б.53]. Ол адам үнемі бейсаналық ішкі қарама-қайшылықтардан тұратындығын және соның нәтижесінде тұлға дамитындығын көрсетеді.

З.Фрейдтің тұлға туралы көзқарасы ментеориялары неофрейдистер деп танылған ғалымдар К.Г.Юнг [97], А.Адлер [98], Э.Фромм [99], К.Хорни [100], Г.Салливан [101] жәнет.б. еңбектерінде дами түсті.

З.Фрейдтің теориясын К.Г.Юнг дамыта отырып, өзінің теориясын ұсынады. Оладамзат психикасының күрделі құрылымы төрт әмбебап элементтерден, атап айтқандатұлғалық санадан, ұжымдық санадан, тұлғалық санасыздық пен ұжымдық санасыздықтан тұратынын айтады. Ол адам бойында өзін-өзі тани алатын және өзін-өзі дамыту қабілетінің болатындығын дәлелдейді [93, б.102].

А.Адлер ғылымдажеке психотерапияның негізін салушы тұрғысынан танылған. Ол тұлға қалыптасуындағы тұқымқуалаушылық пен қоршаған ортаның байланысын қарастырады, адамның осы екі ықпалдың нәтижесінен де жоғары тұратындығын дәлелдейді. Адамның дамуына әсер ететін маңызды фактор болып өзінің өмірін басқаруға мүмкіндік беретін шығармашылық күштің (еркіндігі бар, саналы, белсенді) табылатындығын көрсетеді. Аталған күш әрбір адамның өзін-өзі анықтауына, өзін тұлға тұрғысынантануына, танымдық қабілеттеріне және армандауы мен қиялдауына ықпал етеді.

А.Адлер адамның өзінің жеткілікті жетілмегендігін түйсінгенде ғана оның дамуы, қалыптасуы, өзін-өзі белсендіруіжүзеге асатындығын негіздеген. Бұл сезімдердің ерте балалық шақтан басталатындығын, оның тұрақтылығын, әмбебаптығын, субъективті төзгісіздігін көрсете отырып, адамның үнемі өзін-өзі белсендіруге, барлық уақытта биік шыңдарды бағындыруға, пайда болған іштегі күйзелістерді жоюға ұмтылатындығын дәлелдейді [98, б.315]. Осы тұрғыдан А.Адлер адамның қоршаған орта туралы саналы пікірінің қалыптасуының нәтижесінде оның дамитындығын, яғни тұлға жүре қалыптасатындығын дәлелдейді.

Э.Фромм іс-әрекет барысындағы тұлға бойындағы психикалық ықпалдың тетіктерін зерттей отырып, З.Фрейдтің көзқарастарын сыни тұрғысынан бағалады. Ол адамзаттың табиғаты өзгермейді деген түсінікке қарсы шығып, эволюциялық даму барысында адамның бірен-саран соқыр сезімнен айырылып, әлеуметтік ортада жана сапаларды игеретінін айтады. Адам бойындағы көркемдікке, әсемдікке, көріксіздікке бейімдігі биологиялық тұрғыдан берілмейді, әлеуметтік үдерістердің нәтижесінде ғана тұлға қалыптасады.

Адамзаттың болмысы, құштарлығы, үрейі, күйзелістері – мәдениеттің нәтижесі дейді [99, б.12].

К.Хорни адамның психологиялық сапаларында қорқыныш, жалғыздық, әлсіздікпен қатар дамуға итермелейтін бейсана түрткілер бар екендігіне терең үңілген. Сол себепті тұлға өзінің ішкі қарама-қайшылықтарын жеңе алғанда ғана өзін-өзі белсендіре алатындығын көрсетеді. Осыған байланысты адамның өзін-өзі тану үдерісінен оның тұлғалық үйлесімді дамуы талап етіледі. Адам өзін-өзі талдау жасау барысында өзінің бойындағы ішкі қарама-қайшылықты, келіспеушіліктерді саналы түрде жоялғанда ғана, өзі туралы шындықты қабылдай алады. Ол адам өзін-өзі тану үшін оның өзінің сезімдерін бағалау, қарым-қатынастарын қайта қарау, түзету түрткілеріне мән беру тиістігін көрсетеді. Дейтұрғанмен К.Хорни адамның барлық қиыншылықтар мен кедергілерді жеңе алмайтынын, өзінің шынайы «Меніне» жол табудың мүмкін бола бермейтіндігіне де мән береді [100, б.208].

Американдық ғалым Э.Эриксон тұлғаның іс-әрекетінде, мінез-құлқындағы эгоның (Мен) жеке құрылымды әлеуметтік бейімделуден тұратынын және дамуының негізгі бағытын айқындайтынын көрсетеді. Оның теориясы бойынша адамның өмірі бірнеше қилы кезеңдерден өткеннен кейін ғана оның эгосы дамиды деп түсіндіреді. Осы кезеңдер эпигенетикалық ұстанымдар тұрғысынан реттілікпен жүзеге асырылады. Олай дейтініміз тұлға әрбір кезеңдердің міндеттеріне сәйкес дамиды, бір кезеңнен екінші кезеңге өту жолы алдын ала анықталады [102].

А.Маслоу адамның іс-әрекеттері, мінез-құлықтары үнемі өзін-өзі белсендіруге бағытталатындығын, өзін-өзі көрсетуге ұмтылатындығын негіздейді. Ол тұлғаның бойында ізгілікке, адамдарға жақсылық жасауға, қамқорлық жасауға, мейірімділікке ұмтылуға қажеттіліктің болуы керектігін айтады. Адам табиғатынан мейірімді болып келетіндігін, өзін-өзі белсендіру арқылы өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытатындығын көрсетеді. Оның гуманистік теориясындағы негізгі тұжырым – әрбір адам қайталанбайтын, ерекше ұйымдастырылған жан деп танылады. Ол тұлғаның біртұтастығын, біріншіден, өзінің достарымен, жақындарымен, туыстарымен жағымды психологиялық байланыс орнатуға ұмтылу; екіншіден, өзінің кім екендігін және нені қалайтынын білуге талпыну; үшіншіден, жаңа тәжірибелерді, өмірін «қазір және осында» қағидасы бойынша қабылдауға даяр болу; төртіншіден, барлық адамдармен бірдей жағымды қарым-қатынаста болу; бесіншіден, өзінің бойында өзге адамдарға деген эмпатияны жаттықтыруын, яғни адамның ішкі әлемін түсінуге, оның көзқарасымен өзгелерге қарауға ұмтылуын арқылы түсіндіреді [103].

К.Роджерс әрбір жанды организмнің өн бойында өзінің өмірін сақтап қалуға және оны қорғауға және жетілдіруге ұмтылысының болатындығын теориялық тұрғыдан негіздейді. Адамның өзінің «шынайы Мені» басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда және өмірлік тәжірибесі барысында қалыптасатынын түсіндіреді. Өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру нәтижесінде өзі қалайтын, ұмтылатын адамы – «Идеалды Менді» анықтайды [104].

Ол адам өмірінің мәні – оның өзінің туғаннан берілетін әлеуетін жүзеге асыруы, «толығымен қызмет жасайтын тұлғаға» айналуы, барлық мүмкіндіктері мен бойында бар қабілеті мен таланты негізіндеөзінің табиғатына сәйкес өзін-өзі толық тануға ұмтылуға арналуға тиістігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда К.Роджерс тұлға мен оның мінез-құлқы қоршаған ортаны қабылдауына байланысты қалыптасып дамиды деп түсіндірсе, А.Маслоу адамның мінез-құлқы мен тәжірибесі оның қажеттіліктеріне қарай дамидығын айтады. Алайда екеуі де тұлғаның дамуында өзін-өзі белсендірудің маңыздылығын жоққа шығармайды.

А.Б.Орлов «тұлға – үнемі өзгеріп жатқан қоршаған ортаға бейімделудің нәтижесінде айқындалып, өзгертін индивидтің барлық мінездік сипаттамаларының бірігуі» және «қоршаған ортаның ықпалына сәйкес индивидтің мінез-құлығының қалыптасуы» деген көзқарасы біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудырады. Сондай-ақ ол адамның тұлғасын – табиғатынан әлеуметтік субъектінің және объектінің өзара іс-әрекетімен сипатталатын, өмір сүру барысында туындайтын мотивациялық-қажеттіліктер жүйесінен тұратын тұрақты психологиялық құрылым деп қарастырады [105].

Л.С.Выготскийдің тұжырымдауынша, индивид– әлеуметтік белсенділікті тасымалдаушы болып табылады. Л.С.Выготскийдің еңбектерінде адамның психикалық дамуының негізінің бірі әлеуметтік орта саналады [106].

А.Н.Леонтьев тұлғаның дамуын зерттеу барысында ғылымға іс-әрекет түсінігін енгізді. Оның іс-әрекет теориясында тұлға – индивидтің қарым-қатынас барысында қалыптасатын психикалық үдерістермен басқарылатын жоғары кіріктірілгенмежелерді орындайтын қайталанбайтын жүйе, іс-әрекеттің ішкі жағы және нәтижесі болып табылады. Тұлғаның дамуы олардың іс-әрекеттерінің өзара әрекеттесу үдерісінен, іс-әрекеттердің иерархиялық жиынтығынан талап етіледі. Ол тұлғаныңжәй ғана биологиялық түр емес, өзінің табиғаты бойынша қоғамдық, тарихи жоғары деңгейдің бірлігі, тұтастығы екендігін дәлелдейді. Адам тұлғалық сапалармен туылмайды. Тұлғалық адамның дамуы барысында дамиды [107].

А.Г.Асмолов ұсынған тұлға дамуының жүйесіне адамның индивидтік қасиеттері тұлға дамуының алғышарты; өмірдің әлеуметтік-тарихи бейнесі – тұлға дамуының негізі;кіріктірілген іс-әрекет – қоғамдық қатынастар жүйесінде тұлғаның өмірін жүзеге асырудың кепілі тұрғысынан енеді. Ол адамның биологиялық және әлеуметтік дамуын, табиғат пен қоғам дамуымен қатар қарастыру қажеттігін айтады [108].

Тұлғаның дамуы жекеліктің дамуымен қатар жүреді. Б.Г.Ананьевтің адамзаттық дамуды – қоғамдағы адам өмірінің тарихи жағдайларымен айқындалатын оның көптүрлі күйлері, қасиеттерінің біртұтас үдерісі екендігін түсіндіреді.

Жекелік– адамның дара дамуындағы биологиялық және әлеуметтік бірігуінен пайда болады. Жекелік индивидтің, тұлғаның және субъектініңөзіндік бағытын көрсетеді, тұлғалық қасиеттерді кіріктіреді.Тұлға – оның бағыттылығы болып саналады. Бағыттылық және іс-әрекеттің жекелік

стилі адамның тұлғалық және іс-әрекеттік сипаттамасында көрініс алатын барлық деңгейлерінің жиынтығын қамтамасыздандырады [109].

С.Л.Рубинштейн тұлғаның дамуын зерттей отырып, сана мен іс-әрекет бірлігінің мазмұнын анықтады. Тұлғаның дамуыныңерте кезеңін сана мен іс-әрекеттің тұтастығымен, детерминизмдіәр түрлі әдістемелік қағидалармен байланыстырды. Адам мәселесін философиялық тұрғыдан талдайды. Біріншіден, адамның санасы объективті әлеммен байланысқа түсу барысында қалыптасады, ал осы байланыстар іс-әрекеттерден тұрады, нәтижесінде адам іс-әрекет ете отырып әлемді және өзін өзгертеді. Екіншіден, адам мен әлемнің іс-әрекеттік байланысындағы өзіндік ішкі тұлғалық механизмдердің мүмкіндіктері қарастырылады. Үшіншіден, тұлға өзі дамитын, қалыптасатын нақты тарихи-қоғамдық жағдайлармен айқындалады. Сонымен С.Л.Рубинштейн тұлғаның қоғамдық болмыстан, оның іс-әрекеттері қоғамдық қатынастарданжәне нақты жағдайлардан, санасының оның іс-әрекеттерінен талап етілетіндігін негіздейді [110].

Ол тұлғаның қасиеттері, іс-әрекеті оның сыртқы мінез-құлығынан көрінетіндігін айтады. Тұлғаның психикалық бейнесі, қасиеттері өмір сүру болмысымен анықталып, іс-әрекетімен қалыптасады, қайталанатын жағдайда тұлғаның іс-әрекеті оның бағыттылығына себепкер болады. Оның қасиеті тұрғысынан бекітіледі, белгілі іс-әрекет саласына деген қызығушылығы, кәсіби іс-әрекетінің табыстылығынан көрініс табатындығын дәлелдейді.

В.А.Иванников адамның тұлға тұрғысынан қалыптасуын ең алдымен сана мен өз санасының дамуына, жеке әрекеті мен іс-әрекеттеріне, мотивтері мен құндылықтарына баға беруіне мен түзету қабілетінің болуына байланыстылығын көрсетеді. Демек өзін тұлғаның дамуы оның өмірінің жаңа мәнге ие болуынан, өзгелердің іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алу қабілетінен талап етіледі [111].

Сонымен тұлға физика-химиялық шарттар кеңістігінде – организм; экологиялық түрде –түр өкілі тұрғысынан; заттық шарттардың этологиялық кеңістігінде – табиғи қатынастардың субъектісі; қоғам кеңістігінде – қоғамдық қатынастардың субъектісі; мәдениет кеңістігінде – тұлға ретінде анықталады. Адам тұрғысынан жеке қабылдаған шешімінің нәтижесінде өзінің денесін, мінез-құлқын, қажеттіліктері мен мотивтерін, іс-әрекеттерін және тұлға тұрғысынан өзіне берілген организм, табиғи индивид немесе қоғамдық қатынастардың субъектісі болып табылады [112].

Ал, Б.С.Братусь өзінің зерттеуінде: «Тұлға – басқа құрылымдармен салыстыруға келмейтін ерекше құрылым, оны тұрақты толық ұғым ретінде қабылдауға болмайды» деген қорытынды жасайды. Қалыптасқан қарым-қатынасқа қарай, адами болмыстың мағыналық сипаттарымен байланыста оның мәні ашылады. Басқаша айтқанда, тұлғаның мәні мен адамның мәні арасында айырмашылық бар, алғашқысы екіншісінежету жолындағы әдіс, тәсіл, құрал, яғни алғашқысында мағына бар, екіншісі – соның мақсаты. Адам болу – мақсат деп көрсетеді [113].

Психолог ғалымдардың бірқатары тұлғаның бойындағы сапалар кешенін элеуметтік тұрғыдан қарауды ұсынса, тағы біреулері тұлғаны ерекше қасиеттер (сапалар) жүйесімен, үшіншілері адамның мотивтері мен олардың иерархиясын құрайтын адам деп түсіндіреді.

Осы айтылып өткендер тұлғаның, бір жағынан, биология мен физиология заңдылықтарына бағынатын физикалық денелік ағза екендігін жоққа шығармайды. Ал бұл болса, оған құштарлық, өте күшті санасыз импульстер тән және оны инстинктер мен құмарлық тән екендігін көрсетеді. Сондықтан да ол қорқыныш пен мазасыздануға бой алдырады. Екінші жағынан, адамзат табиғатына саналылық, ақыл-ой, болып жатқан жағдайлардың мәнін ұғынушылық, түсінушілік тән. Бұл айтқанымызды А.Н.Леонтьевтің тұлғаның санасын қалыптастыратын маңыз бен мән-мағынаны құрайтын қоғамдық тәжірибедегі рефлексияның маңызы туралы айтқан ойлары дәлелдейді. Сол себепті адам өзінің биологиялық қажеттіліктеріне тікелей жауап бере алмаса да, шынайылықты объективті бағалай алады. Адамгершілікке ұмтылу негізінде адам өз еркімен таңдау жасауға талпынады. Бұл адам табиғатын сана, ақыл-ой және еркіндік құрайтынын көрсетеді.

Отандық ғалымдар арасынан тұлға теориясының дамуына үлес қосқандар қатарында Ж.Аймауытовты атауға болады. Оның оқыту үдерісіндегі белсенділік мәселесі туралы айтқан пікірлері бүгінгі таңда да құнды саналады [114]. Ол тұлға дамуындағы биологиялық және элеуметтенудің сәйкестігіне қатысты сұрақтарды биологиялық тұрғыдан шешуді дұрыс деп санады. Зерттеушінің айтуы бойынша, адам тума берілетін қасиеттер мен нышандар жиынтығынан тұратын индивид болып дүниеге келеді. Ол аталған нышандар оқыту барысында дамытылуы қажет деп көрсетті. Ал, М.Жұмабаев [115] адамның психикасын тұтастық амал тұрғысынан шешеді. Мұнда психика бір-бірімен тығыз байланысты ақыл-ой, жүрек және ерік-жігер үш бірлік арқылы түсіндіріледі. М.Жұмабаев этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қана тұлғаны тұтас зерттеуге мүмкін болатынын айтты. Т.Тәжібаев [116] тұлғаның психологиясы мәселесін темперамент, мінез және қабілеттер атты психологиялық қасиеттерімен айқындайды.

Қ.Жарықбаев «Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде» «тұлға – 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға – элеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан элеуметтік жағдайлармен анықталады; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстанымын, орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Ол қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туылмайды, элеуметтену процесінде тұлға болып шығады» атты психологиялық еңбегінде тұлғаға мынадай анықтама береді»-деп анықтама беріледі [117].

С.М.Жақыпов [118] өзінің зерттеу жұмыстарында психикалық күйлерді жүйелі талдаудың ұстанымдары, топтық біріккен әрекет шартында мақсат пен

мотив үдерістерін детерминациялайтын факторларын ашқан. Ғалымның ғылыми мектебімен (Г.Ж.Лекерова, И.К.Аманова, С.Д.Шукешева және т.б.) білім беру үдерісіндегі субъектілердің біріккен диалогтік танымдық әрекетін дамыту мен қалыптастыру негізінде көпдеңгейлі психологиялық жүйе ретінде қарастырылатын оқыту үдерісі зерттеліп келеді.

Х.Т.Шерьязданова онтегенездегі тұлға дамуының түрлі аспектілерін зерттесе, А.Р.Ерментаева өзінің теориялық және эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде психологиялық дамуы төмен, рухани адамгершілік құндылықтарды қабылдамаған, ізгіліктік ұстанымы жетілмеген адамдарда белсенділік, дербестік, бастамашылық сынды субъективті қасиеттердің болмайтындығын дәлелдеген. Ол субъектінің өзіне және өзгелерге деген құнды қатынастар арқылы анықталатынын көрсетеді. Субъект даму арқылы ұдайы жетіліп отырады, тұлға субъект тұрғысынан іс-әрекетті, қарым-қатынасты, әлеуметтік ортаға қатысты өзінің тұлғалық ерекшеліктерінің кейбірін өзгертеді, қайсыбірін дамытып жетілдіреді, ал енді басқаларының қайта құру әлеуетінің болатындығын айтады [119, 120]. А.Т.Ақажанова жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерін зерттей отырып, девиантты мінез-құлықты түзету бойынша ұсыныстар берген [121].

Ж.Ы.Намазбаева, Л.С.Выготскийдің теориясына сүйене отырып түзетіп оқыту үдерісіндегі ақыл-ой мен аффекті арақатынасының өзгеретінін дәлелдеген [122]. Ол көмекші мектептің бастауыш, орта және жоғары буынындағы оқушылардың өзіндік сана, эмоционалды және мотивациялық сферасының даму ерекшеліктерінің заңдылықтарын ашты. Ғалым тұлғаның қалыптасуы тікелей мәдениеттің дамуымен байланысты екендігін көрсетті. Адамзаттың психикасы танымдық және эмоционалы-еріктік сферасымен өзара байланысты түсіндірілетін тұлғаны зерттейтін кешендік амалды өңдеді [34, б. 241].

Осы тұрғыдан Н.Жиенбаева, Л.Макина, тәжірибе тұрғысынан, жекелік белсенділіктің дамуы– оқыту үдерісінде танымдық іс-әрекеттегі диалог барысында, сонымен қатар формальды емес ортада қалыптасатынын дәлелдейді [123].

Тұлғаның дамуы мәселесін қарастырған ғалымдар еңбектерін талдау бізге оның дамуында қоршаған ортаның ықпалының басымдығын, даму нәтижесі іс-әрекетінде көрініс табатынын және даму үдерісі оның өзіндік санасының, мотивациялық, эмоционалды-еріктік қырларының дамуымен тікелей байланысты екендігін көрсетті. Ал бұл болса бізге жоғары оқу орнының кәсіби даярлау үдерісінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мүмкін екендігіне себеп болды.

Демек, кәсіби мәнді сапалардың дамуын зерттеуде С.Л.Рубинштейн [124], А.Н.Леонтьев [125], Б.Г.Ананьев [109], А.В.Брушлинский [126] және т.б. психологтардың негіздеген сана мен іс-әрекет бірлігі ұстанымын негізге алуға болады. Аталған ұстанымға сәйкес, адамдардың бірлескен тарихи дамушы іс-әрекеті (алғашқыда әрдайым практикалық), олардың санасының және барлық психикалық процестердің қалыптасуын негіздейді, ал соңғылары адамзат іс-

әрекетінің реттелуін жүзеге асыра отырып, оны адекватты орындаудың шарты болып саналады. Кәсіби-маңызды сапалардың даму процестерін зерттеу, бізді сана мен іс-әрекет бірлігі принципімен жалпыланатын құбылыстардың онтологиясын түсінуге жақындатады.

Осыған байланысты Е.И. Гарбер, В.В.Козача кәсіби маңызды сапаларды адамның еңбек субъектісі ретіндегі анатомиялық-физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік сапалары ретінде қарастырады. Еңбек психологиясы және кәсіп үшін ең алдымен, психологиялық сапалар маңызды – психикалық процестердің, күйлердің, тұлға қасиеттерінің ерекшеліктері. Олардың қатарында, нақты адамның біліктері, дағдыларын, әдеттері мен басқа да психологиялық ерекшеліктерін атауға болады [127].

А.К.Маркова да кәсіби маңызды сапаларды кәсіби іс-әрекетті тиімді орындау, қарым-қатынас, кәсіби өсу, еңбектегі экстремальды жағдайларды жою үшін қажетті психологиялық сапалар тұрғысынан сипаттайды. Оларға А.К.Маркова маманның мотивациялық, ерікті, эмоционалды сферасының сипаттамаларын жатқызады:

1) адамның мотивтері, мақсаттары, міндеттері, қажеттіліктері, қызығушылықтары, қатынастары, құндылық бағдарлары, психологиялық ұстанымдары;

2) кәсіби ұмтылыстар, кәсіби өзін-өзі бағалау, кәсіпқой ретіндегі өзіндік сана;

3) эмоциялар, психикалық күйлер, эмоционалды бет-бейне;

4) адамның еңбекпен, оның үдерісі мен нәтижесімен қанағаттану дәрежесі;

5) еңбек, кәсіп туралы психологиялық білімі;

6) психологиялық әрекеттер, тәсілдер, біліктер, техникалар, психотехнологиялар (олардың өзіне және басқа адамдарға әсері);

7) кәсіби қабілеттер, кәсіби оқытылу, кәсіби өсуге ашықтық;

8) кәсіби ойлау, оның ішінде шығармашылық, кәсіптің тәжірибесін байыту мүмкіндігі;

9) кәсіби өзін-өзі дамыту, өзінің кәсіби өсуінің жоспарларын жобалау және жүзеге асыру білігі;

10) психологиялық қарсы көрсетілімдер (яғни, кәсіппен мүлдем немесе арақатынаста сәйкес келмейтін психикалық сапалар), сонымен бірге толықтыруға болатын сапалар;

11) кәсіби өсу және кәсіби іс-әрекеттің, маман тұлғасының ыдырау бағыттары, оларды қалпына келтіру жолдары [128].

В.Д.Шадриковтің тұжырымдауынша да кәсіби мәнді дамыту іс-әрекеттің психологиялық жүйесін қалыптастырудың түйінді кезеңі болып табылады.

Ол іс-әрекеттің психологиялық жүйесін, нақты іс-әрекеттің функцияларын орындау тұрғысында ұйымдастырылған іс-әрекеттің психологиялық құрылымы деп түсіндіреді (нақты мақсатқа жету тұрғысында) [129].

Іс-әрекеттің психологиялық жүйесі келесі негізгі компоненттерді қамтиды:

— кәсіби іс-әрекеттің мотивтері;

— кәсіби іс-әрекеттің мақсаттары;

- іс-әрекет бағдарламасы;
- іс-әрекеттің ақпараттық негізі;
- шешім қабылдау;
- кәсіби мәнді сапалардың ішкі жүйесі.

Кәсіби мәнді сапаларды дамыту үшін адамның іс-әрекет субъектісі тұрғысынан психикалық қасиеттерін дамыту мәселесін қарастырған жөн.

Аталған мәселенің аса ықшамдалған және кең тараған тәсілі тұрғысынан психикалық қасиеттердің дамуының нәтижелілік деңгейде зерттелетіні алынады, яғни нақты психикалық қасиеттердің қызмет нәтижесіне жаттығулардың әсері қарастырылады (арнайы немесе кәсіби іс-әрекетпен байланысты). Арнайы жаттығулардың анализаторлық жүйелердің сезімталдығын арттыратыны, қабылдау, зейін, ес, ойлаудың қызмет ету көрсеткіштерін жақсартатыны эксперименттік тұрғыда дәлелденген. Мұндай жақсартудың механизмдері туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр [129, б.103].

Екінші тәсіл бойынша, жекеленген психикалық қасиеттер психикалық функциялардың бір мезгілде психикалық процестер ретінде қарастырылады, психикалық қасиеттерді психикалық функциялар мен процестердің призмасы арқылы дамытуға болады. Іс-әрекетті игеруге кірісе отырып, субъект белгілі психикалық қасиеттерді игереді, олардың бірқатары кәсіби мәнді болып саналады. Бұл кәсіби мәнді қасиеттер функционалды және операциялық механизмдердің дамуының белгілі деңгейімен сипатталады. Алайда, аталған механизмдер нақты іс-әрекетке бейімделмеген, мұнда басты мәселе операциялық механизмдерге қатысты. Іс-әрекеттің психологиялық жүйесінің қалыптасу үдерісінде, іс-әрекеттің талаптарына сәйкес психикалық қасиеттердің операциялық механизмдерінің қайта құруы жүзеге асады. Аталған үдеріс психикалық қасиеттің кәсіби мәнді сапаларға өту үдерісінің мәнін құрайды.

Г.В.Акопов кәсіби мәнді сапалар туралы мәселеге қатысты тұғырлардың айырмашылығын екі фактормен негізделетінін атап көрсетеді: кәсіппен және тұлғамен (даралық). Алайда, егер әңгіме кәсіби іс-әрекеттің саналы субъектісі туралы болса, онда мұндай белсенділікте субъектінің индивидтік және тұлғалық қасиеттері міндетті түрде көрініс береді. Ол кәсіби іс-әрекетте ерекше мәнге ие болатын психикалық қасиеттердің үш деңгейін ажыратып көрсетеді [130]:

1) кәсіби сананың даму деңгейін көрсететін және қасиеттердің келесі топтарын қамтитын субъектілі қасиеттер класы: кәсіби мақсатты тұжырымдау, кәсіби білімдер, кәсіби жоспарлар және бағдарламалар, кәсіби идентификация (өзіндік сана) және т.б.;

2) субъектінің табиғатқа, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өзіне және т.б. қатынасын сипаттайтын тұлғалық қасиеттер класы;

3) кәсіби іс-әрекет субъектісінің жыныстық-жас, нейро-динамикалық және т.б. сипаттамаларын көрсететін жеке-дара қасиеттер класы: психикалық процестер (зейін, ес, ойлау және т.б.); темперамент қасиеттері және т.б.

Г.В.Акоповтың идеяларына сүйеніп, біз қасиеттердің барлық кластарының – субъектілі, тұлғалық, жеке-дара – кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруда және дамытуда мәні болатынын атап көрсетеміз.

Кәсіби маңызды сапалар іс-әрекет барысында жетілдіріледі және өңделеді. Кәсіби маңызды сапалардың жалпы және арнайы буындары мен құрылымының белгілі арақатынасы, ең алдымен нақты іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қалыптасады [130].

Маманның кәсіби мәнді сапаларының дамуы оның кәсіби іс-әрекеттерінде көрініс табады. Соның ішінде, педагогтардың кәсіби іс-әрекетінің психологиялық құрылымының алуан түрлі элементтері тұрғысынан, жекеленген субъектілер немесе психологиялық сипаттамаларға ие адамдардың әлеуметтік бірлестіктері алынады. Ақпарат алмасу алуан түрлі жүйелерге енуді қамтиды.

Педагогтың кәсіби іс-әрекетінің субъектілері ретінде, адамдар немесе адамдар тобы алынғандықтан, біз аталған субъектілер арасындағы өзара қатынастар және тұлғалық өзара әрекеттестік жүйесі туралы айта аламыз.

Мұндай тұлғаралық өзара әрекеттестік табысты болуы үшін, келесі өзара қатынастар жүйесінің субъектілері арасындағы ақпараттың тұрақты ағынын талдау қажет: педагог – оқушы, оқушы – ата-аналар, педагог – ата-аналар, психолог - ата-аналар, психолог – оқушы және т.б. Мұндай талдау ақпарат алмасу, сонымен бірге аталған кезеңді болжау мақсатында өзара қатынастар жүйесіне ену уақытын қадағалау үшін қажет. Адамдар арасындағы өзара қатынастардың алуан түрлі жүйелеріне енгізу және тұлғааралық өзара әрекеттестік жағдайын талдау қабілеті болуы тиіс.

Біздің пікіріміз бойынша, талдау қабілеті «барлығын бір қатарға жинау» шеберлігін, теориялық психологиялық тұжырымдамалар тұрғысында қайта талдау білігін ғана емес, сонымен бірге қалыптасқан жағдайдан шығу жолын практикалық тұрғыда табу іскерлігін білдіреді. Тұлғааралық өзара әрекеттестіктің жағдаяттар спектрінің алуан түрлілігін ескере отырып, біз тек біліктер туралы емес, сонымен бірге өзара қатынастар жағдаятын адекватты шешу біліктерінің кең репертуары туралы, яғни коммуникативті икемділік туралы айтамыз. Бұл ұғымға біз басқа адамдармен байланыс орнатудағы тосындықты, олармен ашық өзара әрекет ету қабілетін, өзара түсіністікке, қарым-қатынаста серіктесімен өзара әрекетке бағдарлануды, қоршаған адамдармен өзара әрекеттестікті жатқызамыз.

Маманның кәсіби мәнді сапасын дамытуда эмпатияға аса мәнберіледі. Эмпатия – бірге күйзелу, толғану қабілеті, басқа адамның ішкі жан-дүниесін түсіну қабілеті және нақты жағдайларда адамның эмоционалды реакциясын болжау, эмоционалды жылылық, достық, қолдау көрсету шеберлігі.

Эмпатия келесі үлгіде ажыратылады: эмоционалды эмпатия – ол басқа адамның моторлы және аффектілі реакцияларына проекциялау және еліктеу механизмдеріне негізделген; когнитивті эмпатия – интеллектуалды үдерістерге (салыстыру, аналогия және т.б.) негізделеді; предикативті эмпатия – нақты

жағдайларда басқа адамның аффектілі реакцияларын болжау қабілетінде көрініс табады [131].

Эмпатия коммуникативті болжампаздықпен және коммуникативті икемділікпен тығыз байланысты. Бұл сапалар бір-біріне жалғасып отырады, олардың арасындағы шекаралар бір қарағанда айқын емес. Алайда, олардың толыққанды бірдейлігі туралы айтуға болмайды. Түсінудің басқа түрлерінен, атап айтқанда коммуникативті болжампаздық пен коммуникативті икемділіктен айрықшаланатын эмпатия процестерінің маңызды сипаттамасы ретінде, рефлексивті жақтың әлсіз дамуы, тікелей эмоционалды тәжірибе аясындағы тұйықтық алынады.

Эмпатия тұлғаның гуманистік құндылықтарын дамытуды білдіреді, оларсыз тұлғаның өзін-өзі толыққанды жүзеге асыруы мүмкін емес. Гуманизмнің негізгі идеясы ретінде, адамның аса жоғары құндылық ретінде қарастырылатыны алынады. Тұлғаның өзін, өзінің даралығын тереңірек таныған сайын, ол сезімтал және басқалардың бірегейлігін қабылдауға қабілетті бола бастайды. Сондықтан, эмпатияны дамыту тұлғалық өсуді қамтамасыз етеді және оның жетекші белгілерінің біріне айналады [132].

Сондай-ақ, адамның кәсібилігінің – жоғары кәсіби нәтижелерге жету, еңбек өнімділігі ғана емес, сонымен бірге психологиялық компоненттердің – адамның еңбекке ішкі қатынасы, оның психологиялық сапаларының күйінің болуы ретінде атап көрсету қажет. Кәсіби психология бойынша әдебиеттерді талдау, кәсібилікті сипаттау үшін бір емес, бірнеше критерийлер тобын қолданудың қажеттілігін көрсетеді [133]:

- объективті критерийлер: адамның кәсіптің талаптарына қаншалықты сәйкес болуымен, практикалық іс-әрекетке қандай маңызды үлес қосатынымен байланысты;

- субъективті критерийлер: кәсіптің адамның талаптарына, оның мотивтеріне, бейімділіктеріне сәйкес келуімен, адамның кәсіптегі еңбекпен қанағаттану дәрежесімен байланысы. Мысалы, педагогтың еңбегінде кәсібиліктің субъективті критерийі ретінде, тұрақты кәсіби-психологиялық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылық бағдарларын, тұлғаның қажетті кәсіби-психологиялық сапаларын түсіну, өзіне кәсіпқой ретінде позитивті қатынас, тұлғалық бұзылыстардың болмауы алынуы мүмкін. Осылайша, кәсіпқой психологты еңбектің жеткілікті жоғары табыстылығының және кәсіпте қалуға деген ішкі тілектің үйлесімі сипаттайды.

- нәтижелі критерийлер: адамның өз еңбегінде қоғамның талап еткен нәтижелеріне жетуімен байланысты.

- процессуалды критерийлер: адамның өз нәтижелеріне жетуде әлеуметтік қабылданған тәсілдерді, технологияларды қолдануымен байланысты. Мысалы, басқа адамның психикасымен жұмыс істейтін педагог-психологтың еңбегінде, процессуалды критерийлердің рөлі ерекше. Процессуалды критерийлерге педагогтың еңбегінің психологиялық үдерісінің сипаттамаларын жатқызамыз - психолог қалай жұмыс істеді, қандай кәсіби білімдер мен біліктерді, тәсілдерді, техникаларды, технологияларды қолданды, сонымен бірге еңбек үдерісінде

жеке психологиялық сапаларды қолданды (мысалы, психологиялық ойлау, эмпатия, басқа адамға ұқсас болмауға төзімділік және т.б.).

- нормативті критерийлер: адамның кәсіптің нормаларын, ережелерін, эталондарын меңгеруімен және шеберлік деңгейінде кәсіптің биік эталондарын қайта жаңғырту іскерлігімен байланысты.

- дара-вариативті критерийлер: адамның өз еңбегін дараландыруға ұмтылуымен, онда жеке қажеттіліктерін өзіндік жүзеге асыруымен, еңбекте өзінің бірегейлігін көрсетуімен, өзін кәсіптің құралдары арқылы дамытуымен байланысты. Сонымен, практик-психологтың бойында қазір бірегейлікті, даралықты, қайталанбастықты, жеке стильдің болуын, қоршаған болмысқа деген көзқарастың бірегейлігін бағалайды. Әдетте, психологтың даралығы кездейсоқ қалыптаспайды, ол оның өзін диагностикалау шеберлігінде, өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауда, деңгейінің критерийлерін анықтауда қалыптасады: адам қазіргі кезде кәсібиліктің - кәсіби қажетті сапалар, біліктер, білімдердің жоғары деңгейіне жетуімен байланысты. Психологтың кез келген маман сияқты кәсіби дамуының өзекті деңгейі болады: бұл қазіргі күнде оның клиенттермен жұмыста алатын нәтижелері, бұл тұлғаның білімдері, біліктері, сапаларын қолданалатын тұлғалық ресурстары.

- прогностикалық критерийлер: адамның өсу перспективасын, өзінің жақын даму аймағын іздеуімен байланысты.

- кәсіби оқытылу критерийлері: адамның басқа адамдардың кәсіби тәжірибесін қабылдауға дайындығымен байланысты. Мысалы, педагог кәсіби оқыту үшін ашық болуы мүмкін, кәсіпте жинақталған барлық жаңалықты бойына сіңіреді. Даму үшін жабық болу, тұйықтық («бізге мұны ЖОО-да оқытпады») – төмен кәсібиліктің белгісі.

- шығармашылық критерийлер: адамның өз кәсібінің шекарасынан шығуға ұмтылысымен, оның тәжірибесін қайта құруға, кәсіпті өзінің жеке шығармашылық үлесімен байытуға ұмтылысымен байланысты. Психологтың шығармашылық бағыттылығының болуы маңызды және басқалардың тәжірибесіне сүйенбей, өзінің ізденістерін батыл түрде ұсынуға болады. Кәсіби ашықтықтың, оқытылу және өзіндік шығармашылық ізденістердің үйлесімі, кәсібилікті сипаттау үшін маңызды.

- қоғамдағы кәсіптің бәсекеге қабілеттілік және әлеуметтік белсенділік критерийлері: адамның өз еңбегінің нәтижелерімен қоғамды қызықтыру шеберлігімен, ішкі кәсіби бақылау локусында кәсіптің маңызды қажеттіліктеріне зейін аудартумен байланысты. Мысалы, қазіргі кезде педагог қоғамды өз еңбегінің нәтижелерінің маңыздылығына сендіру маңызды (білім беру органдары, отбасы және т.б.), еңбек нарығында бәсекелес қатынастарға түсу шеберлігі, өз жұмысының формалары мен әдістерінің басымдылығын көрсету шеберлігі.

- кәсіби сақтау критерийлері: адамның кәсіптің ар-намысы мен абыройын сақтау білігімен, оның қоғамға өзгеше қайталанбас үлесін көре білу шеберлігімен байланысты [134].

Сонымен, кәсіпқой – бұл кәсіби іс-әрекеттің жоғары деңгейлерін меңгерген, еңбекті жүзеге асыру барысында өзін саналы түрде өзгертетін және дамытатын, кәсіпке өзінің жеке шығармашылық үлесін қосатын, өзінің дара қызметін тапқан, кәсіби іс-әрекеттің нәтижелеріне қызығушылықты қоғамда ынталандыратын және қоғамдағы өз кәсібінің беделін арттыратын маман.

«Кәсібилік» ұғымы әртүрлі мағынада қолданылады. «Бұл жұмыс кәсібилікті талап етеді» дегенде, кәсіптің адамның тұлғасына деген нормативті талаптары туралы айтылады. Мұнда кәсібилік – бұл еңбекті табысты орындау үшін қажетті, адамның тұлғалық сипаттамаларының жиынтығы. Мұндай түсіндіруді шартты түрде «нормативті кәсібилік» деп атайды. Басқа мағынасында бұл сөз «бұл адамға кәсібилік тән» дегенде қолданылады. Мұнда әңгіме адамның психикалық сапалардың осы қажетті нормативті жиынтығына ие болуы туралы болады, ал кәсібилік адам тұлғасының ішкі сипаттамасы болып табылады. Бұлай түсіндіру нақты адамның «шынайы кәсібилігін» білдіреді.

А.К. Маркова кәсібиліктің екі жағын ажыратып көрсетеді.

1) адамның кәсіби іс-әрекетінің мотивациялық сферасының күйі (адамды қандай мотивтер ынталандырады, оның өмірінде кәсіби іс-әрекеттің мәні қандай, ол қандай мақсаттарға жетуге ұмтылады, ол еңбекпен қаншалықты қанағаттанады және т.б.);

2) адамның кәсіби іс-әрекетінің операциялдық сферасының күйі (адам қойылған мақсаттарға қандай тәсілдермен және қалай жетеді, қандай технологияларды, білімдерді, ойлау операцияларын, қабілеттерді қолданады) [135].

Егер кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық сферасы адамда іс-әрекетке деген даярлықты құратын, іс-әрекетті орындау барысында оған деген қызығушылықты қолдайтын болса, онда операциялдық сфера оның орындаушылық бөлігін жүзеге асырады, қажетті нәтижені алуды қамтамасыз етеді. Мотивациялық сфераның сипаты адамның не үшін әрекет ететінін, оның даярлығын ашады, ал операциялдық сфера адамның өз мотивтерін жүзеге асыру үшін қалай әрекет ететінін көрсетеді (қарапайым орындаушылық әрекеттен күрделі ойлау және шығармашылық актілерге дейін). Операциялдық сфера – бұл адамның қолданатын құралдары (оның еңбек әрекеттері, кәсіби ойлау тәсілдері және т.б.) және адамның мотивтерді жүзеге асыру үшін іске қосатын ресурстары (кәсіби сана, кәсіби қабілеттер және т.б.). Кәсіпқойдың операциялдық сферасы оларсыз практикалық іс-әрекетті табысты жүзеге асыруға болмайтын кәсіби маңызды сапаларды қамтиды.

Осы айтылып өткендердің барлығы жоғары педагогикалық оқу орындарында магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытуда олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың мотивациялық, эмоционалдық-еріктік қырларының маманның кәсіби-тұлғалық сапаларымен қатар дамуы тиістігін көрсетеді. Өйткені маманның психологиялық сапалары оның кәсіби іс-әрекетінің нәтижелі жүзеге асуына көмектеседі. Атап айтқанда, іс-әрекетті қабылдауы-уәж болып табылса, сыртқы

ықпалдар мен мінез-құлықтың ішкі импульсіне қатынасы - орта құру; «Мен» бейнесін ұстауы мен құрылымын жасауы – рефлексия болса, өзгенің жанын түсінуі – эмпатия болып табылады.

Психологиялық әдебиеттердегі тұлғаның кәсіби мәнді сапасын дамыту тұжырымдары аталған дамудың психологиялық негіздерінің ғылымда жан-жақты қарастырылғанын және оның психологиялық сапаларының кәсіби іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруда аса қажеттілігін дәлелдейді.

1.2 Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары ұғымының мәні мен құрылымы

Жоғары педагогикалық оқу орны магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту мәселелерін қарастыруда кәсіби мәнді сапалардың мәні мен мазмұнын зерттеп, талдаудың қажеттілігі артады.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау педагог тұлғасы, оның тұлғалық, кәсіби қасиеттері мен сапаларының, құрылымының жан-жақты қарастырылғанын көрсетті.

Біз алдымен зерттеу пәнінің базалық ұғымы «кәсіби мәнді сапа» түсінігінің мәнін ашып алуды жөн санадық. «Кәсіби» ұғымы теория мен практикада жеткілікті талданып, маманның шеберлігін білдіретін түсінік тұрғысынан санамызға сіңіп кеткен. Ал «сапа» ұғымы заттың немесе нәрсенің сапасына қатысты былайша сипатталады: «заттың барынша өзінділігі, соның нәтижесінде ол басқа зат емес және басқа заттан өзгеше сол заттың өзі болып қалады. Нәрсе сапасы оның жеке қасиеттеріне теңгерілмейді. Сапа нәрсенің тұтастығымен байланысты, оны толығымен қамтиды және одан бөлінбейді. Сондықтан сапа ұғымы нәрсенің болмысымен байланыстырылады және өздігінде қала отырып, өз сапасын нығайта алмайды. Қайсыбір нәрсенің басқалармен қатынастарында олардың әртүрлі қасиеттері немесе қасиеттер тобы көрінеді: осы мағынада нәрселер мен құбылыстардың көп сапалығы туралы айтуға болады» [136]. Осы ойды Ә.Ыбырайым, А. Жаңабековтер де сапа ұғымына берген анықтамасында «белгілі бір заттың немесе құбылыстың басқа бір заттар мен құбылыстардан өзгеше қасиеті, ерекше айырмасы, белгісі» деп дәлелдей түседі [137].

Ал, біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудыратын ұғым бұл - тұлғаның сапасы. Осы ұғымға ғылыми әдебиеттер мен сөздіктерде мынадай анықтамалар беріледі:

- «сапа—ортамен қалыптасатын әлеуметтік ерекшеліктер, ал тұлғаның қасиеті – оны дамытудың табиғи алғышарттары» [91, б.71];
- «тұлғалық қасиеттер – биологиялық, сапалар – әлеуметтік» [138];
- «сапа» – заттар мен көріністердің бір-бірінен ажыратылатын белгілері мен қасиеттердің жиынтығы болса, «қасиет» – қандай да бір заттың немесе бір адамның ерекше айырмашылығының белгісі, сапасы» [139];
- «педагогикада тұлғаның қасиеттеріне адамның психофизиологиялық ерекшеліктері, ал сапаларына тұрақты дүниетанымдық, адамгершілік-саяси,

эстетикалық және басқа да сенім-нанымдары, сезімдері мен әдеттері жатады» [140] және т.б.

Осы анықтамалар тұлғаның «сапасы» ұғымының, тұлғаның «қасиеті» ұғымына жақын екендігін немесе бұл түсініктердің мәні бойынша бірін бірі толықтыра түсетіндігін, даму үдерісінде біріне бірі себеп болатындығын, біріне бірі қажет болатындығын көрсетіп отыр. Ал бұл болса, бізге маманның кәсіби мәнді сапасын оның тұлғалық қасиетінсіз елестету мүмкін еместігін дәлелдейді.

Сонымен тұлғаның қасиеті – сапаны дамытудың алғышарты болса, ал сапа – сол қасиеттің сырттай көрініс беруі. Демек, кәсіби мәнді сапаларды анықтау барысында оның кәсіби іс-әрекеттегі тұлғалылығын сипаттайтын ерекшеліктерді айқындаудың қажеттілігі туады.

Адамның тұлғалық сапасы оның ойлау жүйесінен, өмір қалпынан, қарым-қатынас сипатынан, қызмет стилі мен мінез-құлқық мәдениетінен көрінеді.

Ал бұл болса, тұлға сапасының бір-бірімен тығыз байланысты әлеуметтік-жүйелілік, құндылық-дүниетанымдық, рухани-адамгершілік, психологиялық-мотивациялық, физикалық дамушылық, интеллектуалдық құрылымдардан тұратынын көрсетеді. Енді осы сапалардың маман бойынан қалай көрініс табатынына тоқталап өтетін болсақ:

- маман тұрғысынан адамның әлеуметтік-жүйелілік сапасы өзінің қоғамда өмір сүретін ортасындағы азаматтық ұстанымдары мен патриоттық көзқарастарынан көрінеді;

- құндылық-дүниетанымдық сапасы, оның дүниетанымдық көзқарастары мен оның тұтастығынан байқалады. Бұл маманның құндылық бағдары негізіндегі іс-әрекеті мен мінез-құлқының сипатында көрініс табады;

- рухани-адамгершілік сапасы оның құндылық-дүниетанымдық сапасынан талап етіледі және оның рухани-адамгершілік тұрғысындағы мінез-құлқынан көрінеді;

- психологиялық-мотивациялық сапасы оның психофизиологиялық ерекшеліктерінің даму деңгейін анықтайды.

- денсаулық сапасы денсаулығының мықтылығымен, физикалық дамуымен, салауатты өмір салтын ұстануымен, ойының мен тәнінің салауаттылығымен сипатталады.

- интеллектуалдық сапасы қатарына ойлау сапасының жақсаруын, алгоритмді білуін, жіктеуін, жүйелеуін, болжауын жүзеге асыра алуын жатқызуға болады.

Демек, тұлғаның сапасы аса күрделі құрылымды құрайды да, өзінде әртүрлі жеке даралық қасиеттер мен мінез-құлқық ерекшеліктерін қамтиды. Сол себепті де тұлғаның кәсіби сапаларын олардың тұлғалық қасиеттерінің дамуынсыз қарастыру мүмкін емес.

Осы тұрғыдан магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуына олардың тұлғалық өсуінің тікелей ықпал ететіндігіне күман жоқ. Осы айтылғандар негізінде және магистранттардың болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлар екендігін ескере отырып ұстаз тұлғасы қарастырылған философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерге талдау жүргіздік.

Ұстаз тұлғасы туралы сипаттамалар Ежелгі Қиыр Шығыс философиясындағы Конфуций ілімінің басталу кезеңіне саяды. Ол ұстаздың баланы тәрбиелеудегі алатын рөлінің маңызын ашып көрсетеді [141]. Одан әрі қарай ұстаз тұлғасына қажетті сапалар ежелгі грек философтары Сократ, Аристотель, Цицерон еңбектерінде және ғұлама ойшылдар зерттеулерінде жалғасын табады. Олардың осы ойларынан қысқаша тұжырымдар 2-кестеге түсірілген (кесте 2).

Кесте 2 - Ғұлама ойшылдардың ұстаз тұлғасына сипаттамалары

Ғалымдар мен ойшылдар	Ұстаз тұлғасына сипаттамалары
Кун Фу-цзы [141, б. 86].	<ul style="list-style-type: none"> - өздігінен ұстаздыққа жетуі - ұстаздыққа лайық биязы болуы - ұстаздыққа іштей бейімділігі - адамдармен тіл табыса білуі - өз өсиетіне берік болуы - өз уәжінде тұруы - ұстаздық даралығы - ұстаздың еркін тәуелсіздігі - жұмыстағы мінез-құлықтың ұстамдылығы - ұстаз ниетінің адалдығы - ұстаз жанының мейірімділігі - ұстаздың ақылдыны айқындап, таланттыны қолдай білуі - жолдасқа деген сенімділігі - ұстазды құрметтеуі мен төзімділігі - ұстаздың қарым-қатынастағы тартымдылығы
Сократ [141, б. 334-335].	сабырлылық; ерлік; әділдік
Аристотель [142, б.348-360],	Данышпандық
Цицерон [142, б.386-387]	қаталдық, әділдік
Әбу Насыр әл-Фараби [143, б.34-35]	әділдік, оқушыларға талап қоюшылық, қатаңдық, зейін қоюшылық, өзіне талап қоюшылық, ерік күші, педагогикалық такт және т.б.

Кестеде көрсетілгендей ежелгі дәуірден бастап орта ғасыр, IX-XX ғасыр ойшылдарына дейін өрбіген ұстаз тұлғасы туралы ой-пікірлердегі тұлғалық сапалық көрсеткіштер бүгінгі таңда да көкейкестілігін жоймай, керісінше

құндылығы артып отыр. Біздің бұл ойымызды Қ.М. Кертәева, У.А. Ажіғалиева сынды ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар дәлелдей түседі. Олар ұлы ойшылдардың ұстаздың әлеуетіне қатысты ой-тұжырымдарын жеке тұлғалық, ақпараттық-теориялық, іс-әрекеттік құрамдарға топтастырып, дәлелді негіздеген [144]. Сондықтан диссертацияда оларға кеңінен тоқталып отыруды жөн санамадық.

Сондай-ақ, ұлы қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов тұлғаның психологиялық тұрғыдан дамуына аса мән берсе, А. Құнанбаев тәрбиелі ұрпақ өсіру үшін оларға тәлім-тәрбие берушілердің лайық болу тиістігін түсіндірді. Ал Ы. Алтынсариннің еңбегінде ұстаздың «өте сезімтал болу, балаға деген сүйіспеншілік, оның жанын жазбай тану, қатаң талапшыл, өнегелі, беделді, тәрбиеші» болу қажеттілігіне аса мән берілген.

Ғұлама ойшылдар мен ағартушы ғалымдардың осы ойлары ұстаздың бойындағы мәнді сапалары қатарында олардың тұлғалық қасиеттерінің болуын алдыңғы қатарға шығарады.

Ал, қазіргі уақытта Қазақстанның және ТМД елдері ғалымдарының психология, педагогика саласындағы еңбектерінде оқытушылардың кәсіби мәнді сапалары жан-жақты қарастырылған. Ж.Ы. Намазбаева, З.Ш. Каракулова [50, б.37], Н.С. Ахтаева [51, б.18], А.К. Маркова [52, б.241], Л.М. Митина [53, б.79], Н.Ф. Талызина [145] және т.б. зерттеулерінде оқытушылардың кәсіби-тұлғалық сапаларының құрылымы негізделсе, И.В. Вачков [146], Л.М. Митина [53, б.123], Э.Ф. Зеер [29, б.147], Г.А.Карпова [147], А.К. Бейсенбаева [148], З.Б. Мадалиев [149] зерттеулерінде болашақ маманның өзіндік санасы мен эмоционалдығын дамыту, Стыбаева А.Ш. [132, б.11] еңбегінде адамгершілік кәсіби сапалар негізделген. Ф.Н. Гоноболин [150], Н.В. Кузьмина [151], В.А. Крутецкий [152] болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттерін, И.В. Страхов [153] педагогикалық тактін, А.К.Маркова [154], Б.С. Тілеубаева [155], К.Т. Жансүгірова [156] кәсіби маңызды кіріктірілген сапаларды, Н.В. Кузьмина [151, б.127], И.Ф. Исаев [157], М.В. Семенова [158], А.Р. Тұрғанбаева [159], Г.К. Қалтаева [160], Б.Ж. Нұрбеков [161], Г.У. Сыздықбаева [162], М.С. Сапиева [163], Г.К. Құлжанбекова [164], М.А. Ғалымжанова [165], Г.И. Мұратова кәсіби құзыреттілігін, Т.Ш. Маханова, Б.Г. Ананьев [166], Ю.К. Бабанский [167], Е.М. Павлютенков [168] және т.б педагогикалық шеберлігін, В.А. Кан-Калик [169], Н.Д. Никандров [170] т.б. педагогикалық шығармашылығын, Б.К. Альмурзаева [171], Д.С. Шаяхметова, С.Б. Елканов [172], Л.М. Митина [173], Е.П. Ильина [174], О.В. Москаленко [175] кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуін, өзін-өзі дамытуын жан-жақты зерттеген.

Р.Ж.Аубакированың диссертациялық зерттеуінде гумандылық болашақ мұғалімнің кәсіби мәнді сапасы тұрғысынан қарастырылса [131, б.14], К.С.Успановтың докторлық диссертациясында болашақ мұғалімнің кәсіби мәнді сапалары қатарында гумандылық, елестетушілік, жете ұғынушылық, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық мәдениет, қоғамдық белсенділік, ұжымшылдық жан-жақты негізделеді [62, б.32].

Ал Ж.А. Жүсіпованың еңбегінде педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары бөліп қарастырылады: әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар, намыс, еңбексүйгіштік, нақтылық); рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіне сын көзімен қарау, білімпаздық); коммуникативтік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік, міндеттілік); эмпатиялық сапа (өзін түсіну, қайырымдылық, өзгелерді түсіну, қайғыға ортақтаса білу қабілеттілігі) [176].

Ж.Р. Бәшірова, Н.С. Әлқожаева пәндік білімнің жүйесін, ғылыми білімнің әр саласы бойынша білік пен дағдыны игеріп қана қоймай, оқыту технологиясының жүйесін, оқу қызметінің біліктілік пен өмірлік дағдыларды игеруіне бағытталған құралдары мен әдістерін игерген маман ғана жаңа дәуір педагог бола алатынын айтады [177].

В.Н. Сорока-Росинский [178] педагогтың кәсіби типтерін білім алушы тұлғасына бағытталу деңгейіне қарай айқындаса, Н.А. Тарасова педагогты «пән оқытушысы» немесе «тәрбиелеуші» деп екі типке бөледі. Г.С. Абрамова педагогикада оқытушыны үш типке бөліп қарастырады. Ол оқытушының бірінші типі бойынша оқушының педагогикалық іс-әрекеттінің құралы деп қарастырылуы десе, екінші типте білім алушы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің қажетті шарты деп санайды. Үшінші тип бойынша мұғалімнің білім алушыны өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты тұрғысынан қарастыруы есепке алынады [179].

Осы айтылып өткендер ғалымдардың мұғалім тұлғасының нақты бір сапасын алмайтындығын, керісінше тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткіштеріне қарай топтастырылатынын байқатады. Мәселен, тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткішінің біріне қарым-қатынас жасау стилі көрсетілсе, екіншісінде білім алу үдерісіне қатысушылар арқылы жүзеге асырылатын қарым-қатынастар алынады. Алайда, зерттеушілер педагогтың кәсіби іс-әрекетіне қарай «педагог-оқушы» жүйесіндегі барлық қарым-қатынастардың оның кәсіби мәнді сапалары қатарында қарастырылу қажеттілігін жоққа шығармайды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау білім беру субъектісі тұлғасын түсінуге және оның құрылымын анықтауға арналған зерттеулерде оқытушының тұлғалық құрылымында төменгі басымдықтар орын алғанын көрсетті:

–тұлға құрылымына іс-әрекеттік компоненттердің кіріктірілуі немесе педагог тұлғасының оның кәсіби іс-әрекетінде көрініс табуы;

–педагогтың кәсіби сапаларының педагогикалық қабілеттер арқылы жүзеге асырылуы;

–педагогикалық мамандық үшін қажетті қабілеттердің педагогтың тұлғалық сапаларының негізінде анықталуы;

–педагог тұлғасының педагог еңбегінің ең басты аспектісі қыры тұрғысынан қарастырылуы.

ЖОО оқытушылары «адам–адам» жүйесі қарым-қатынасын жүзеге асырушы субъектілер саналады. Сондықтан да оның тұлғалық психологиялық

сипаттамасына қарым-қатынас жасау іскерлігі, өзгенің көңіліне ортақтаса білуі, өзін игере алуы және ұстай білуі, психологиялық-педагогикалық такт, ұйымдастырушылық дағдылар жатады.

Осы айтылып өткен талдаулар ежелгі грек философтарынан бастап бүгінгі ғалым психологтар мен педагогтардың ұстаздың тұлғасына берген сипаттамасының бір біріне қайшы келмейтіндігін, керісінше бірін бірі толықтыра түсетіндігін дәлелдейді. Ұстаздың кәсіби сапаларының негізгі құрамдарының бірі болып оның тұлғалық қасиеттері табылатындығын, олардың кәсіби сапасын қалыптастыру барысында тұлғалық қасиеттерінің дамитындығын көрсетеді.

Ал, енді ғылыми әдебиеттерде жиі кездесетін немесе қатар қолданылатын «кәсіби мәнді сапа» және «кәсіби маңызды сапа» ұғымының құрамындағы «мәнді» сөзіне талдау жасайтын болсақ, «мән» – сана ұғым арқылы аңғарылатын ішкі мазмұн, мағына. «Маңыз» – бір нәрсенің өмірдегі алатын орны, мәні, мазмұны. «Маңызды» – аса құнды, мәнді, маңызы зор. «Мәнді» – мәні бар, мағыналас деген түсініктерді береді [140, б.314]. Бұл бізге маңызды сапалар мен мәнді сапалардың бір мағынада қолданылатындығын білдіреді. Сондықтан да зерттеу барысында кәсіби мәнді сапаларды қарастыруда психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде берілген кәсіби мәнді сапалар мен кәсіби маңызды сапаларды бірдей мағынада қолданамыз.

Сонымен зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерде кәсіби мәнді/маңызды сапалар ұғымдарына берілген бірқатар анықтамаларға талдау жасадық. Атап айтқанда:

- «субъекттің оның іс-әрекетіне және оны меңгеру табыстылығына ықпал ететін жеке сапалары» [140];

- «кәсіби іс-әрекетті тиімді орындау мен қарым-қатынас жасаудағы, кәсіби дамудағы, еңбектегі экстремальды жағдайларды жою үшін қажетті психологиялық сапалар» [137, б.547];

- «практикалық іс-әрекеттің талаптары мен сыртқы әсерлер арқылы өтетін ішкі шарттары; іс-әрекеттің тиімділігіне және оны меңгерудің табыстылығына ықпал ететін іс-әрекет субъектісінің жеке-дара сапалары» [137, б.356];

- маманның кәсіби және жеке қасиеттері жиынтығының кәсіби іс-әрекетте табыстылығын көрсететін кәсіби тұлғалық әлеуеті [91, б.137].

– «өзінің эмоцияларын бақылауда ұстауға қабілетті және тұлғалық есеюінің көрсеткіші тұрғысындағы эмоционалдық тұрақтылық» [91, б.78];

- «ЖОО білім беру үдерісіндегі болашақ педагогтың әлеуетін жүзеге асыру табыстылығына және оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігіне ықпал ететін тұлғаның адамгершілік, ақыл-ой, эмоционалдық еріктілік қырларының сипаттамасы» (О.П. Журавлева) [60, б.14];

- «заманауи білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның әлеуметтік сұранысқа ие сапалары мен қабілеттерінің кешені» (И.В. Богачев) [57, б.54];

- «гуманистік бағыттылықты, жауапкершілікті, психикалық денсаулығының жақсы деңгейі» (Дианова В.И.) [180];

- «кәсіби іс-әрекетті ойдағыдай табысты етіп орындау мүмкіндігін тудыратын жеке тұлғаның тұрақты қасиеттер жүйесі» (Карельская А.К. [54])
- «тұлғаның білім, іскерлік, дағдыны, құзыреттілікті меңгеру барысында қалыптасатын кәсіби біліктілігі»(И.В. Травин) [56, б.102].
- «интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық сапалар»(Устемиров К., Шаметов Н.Р., Васильев И.Б.) [181].
- «кәсіби міндеттерді жоғарғы дәрежеде атқаруға мүмкіндік беретін тұрақталған жеке қасиеттер жүйесі» (Лазаренко Л.А.) [55, б.79].
- «мұғалім тұлғасының біртұтас педагогикалық үдеріске қажетті базалық, жетекші, өзекті сапалары» (Успанов К.С.) [62, б.41]
- «кәсіби іс-әрекетпен оның субъектісіне қойылатын және осы кәсіби іс-әрекетті сәтті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін биологиялық (соматикалық, морфологиялық, типологиялық, нейродинамикалық) және психологиялық, мотивациялық сала ерекшеліктерінің жиынтығы» [54, б.22].
- кәсіби жарамдылықтың негізгі факторларының бірі. Кәсіби мәнді сапалар тек белгілі қасиеттерді жанама сипаттап қана қоймай, сонымен қатар оқыту үрдісінде және іс-әрекетінде олардың құрылымына үйлесімді кіреді [54, б.22].
- «тұлғаның арнайы білімді игерудегі, кәсіби қызметінде әлеуметтік қолайлы өнімділікке қол жеткізудегі психологиялық даралығының көрінісі, қабілеттері мен дағдылары» [54, б.22].
- «адам машина», «адам еңбек ету құралы» жүйесіндегі адамның іс-әрекетінің тиімділігін және сенімділігін бағалаудағы ұстаным көрсеткіштері [54, б.22].

Осы айтылып өткен анықтамалар маманның кәсіби мәнді сапаларының жан-жақты аспектілерін қамтиды. Олар болашақ маманның кәсіби мәнді сапаларын оның кәсіби іс-әрекетін тиімді атқаруға қажетті психологиялық сапалар (А.К. Маркова [52, б.197]); қасиеттер жүйесі (А.К. Карельская [54, б.22], Л.А. Лазаренко [55, б.80]); кәсіби біліктілік (И.В.Травин [56, б.191]); қабілеттер кешені (И.В.Богачев [57, б.90]); жеке сапалары (В.Д. Щадриков [58, б.65], Е.А. Яковлева [59, б.32]); эмоционалдық қыры (О.П. Журавлева [60, б.14], Л.Ф. Красинская [64, б.412]); базалық, жетекші, өзекті сапалары(Успанов К.С. [62, б.32]) тұрғысынан түсіндіреді. Зерттеушілердің барлығы да маманның кәсіби мәнді сапаларының оның іс-әрекетін табысты, тиімді атқаруға қажеттілігі мен маңыздылығын көрсетеді.

Осы анықтамалар негізінде біз де зерттеу пәнімізге орай «педагогикалық мамандықтағы магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дегеніміз оның болашақ маман тұрғысынан кәсіби іс-әрекетін тиімді және ұтымды жүзеге асыруға қажетті педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерінің, тұлғалық қасиеттері мен лидерлік әлеуетінің және олардың дамуына ықпал ететін психологиялық сапаларының жиынтығы» деп өз анықтамамызды береміз.

Зерттеу барысында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының құрылымын анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ғалымдардың анықтаған педагогтардың кәсіби мәнді сапаларының көрсеткіштеріне және жіктемелеріне талдау жасаймыз. Өйткені біз

зерттеуімізде магистранттарды болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлар тұрғысынан қарастыратынымызды айтқан болатынбыз. Ғалым зерттеушілердің еңбектеріндегі педагогтың кәсіби мәнді сапаларын талдау барысында кестеге түсірдік (кесте 3).

Кесте 3 – Ғалым зерттеушілер еңбектеріндегі педагогтың кәсіби мәнді сапаларының көрсеткіштері

Ғалым зерттеушілер	Педагогтың кәсіби мәнді сапаларының көрсеткіштері	Еңбек атауы
1	2	3
Каптерев П.Ф.	Мақсатқа ұмтылушылық, еңбексүйгіштік, табандылық, бақылаушылық, биязылық, ұшқыр қиялдылық, шешендік, әртістік	Педагогическая психология, 3-е изд. — СПб., 1914
Маркова А.К.	эрудиция, нысананы көздеушілік, практикалық және диагностикалық ойлау, интуиция, импровизация, бақылаушылық, оптимисттік, тапқырлық, алдағыны болжаушылық және рефлексия,	Психология труда учителя. М., 1993. С. 24
Митина Л.М.	сыпайылық, ойшылдық, талғампаздық, әсерлілік, тәрбиелілік, назар аударушылық, сабырлылық, өзін-өзі ұстаушылық, мінезінің икемділігі, азаматтық, гумандық, іскерлік, тәртіптілік, мейірімділік, ұяттылық, адал ниеттілік, ізгі ниеттілік, сенімділік, инициативтілік, шынайылық, ұжымшылдық, саяси сыншылдық, ойға қонымдылық, балаларға деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, қайырымдылық, жинақылық, тез тіл табысқыштық, адамгершілік, отаншылдық, әділеттілік, педагогикалық эрудиция көрегенділік, принципшілдік, дербестік, өзіне сын көзбен қараушылық, қарапайымдылық, әділдік, аңғарымпаздық, батылдық, өзін өзі жетілдіруге ұмтылушылық, тактикалық, жаңашылдық, өзіндік қадір қасиет сезімі, сезгіштік, эмоционалдық.	Психология профессионального развития учителя. М.: Флинта, 1998. – с. 200.

3– кестенің жалғасы

1	2	3
Успанов К.С.	<ul style="list-style-type: none"> - гумандылық -елестетушілік - жете ұғынушылық -педагогикалық қарым-қатынас -педагогикалық мәдениет -қоғамдық белсенділік - ұжымшылдық 	Теория и практика формирования профессионально-значимых качеств будущих учителей. Автореф... д.п.н. –А., 1999. – 50 с.
Э.Ф.Зеер	<p>педагогикалық қабілеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шығармашылық тұрғыдан әрекет ету; - оқушыларға педагогикалық-еріктік ықпал ете алу; - оқушылар ұжымын ұйымдастыра білу; - балаларға деген қызығушылық және сүйіспеншілік; - сөйлеу әрекетінің мазмұндылығы, анықтылығы, бейнелігі және сендіре білу; - педагогикалық әдеп; - оқу пәнін өмірмен байланыстыра алу; - байқағыштық; - педагогикалық талап қоя білу 	Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов. -2-е изд., перераб, доп. – М.: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003., с. 336.
А.И.Щербаков	<p>кәсіби мәнді қасиеттер</p> <ul style="list-style-type: none"> -жалпы азаматтық қасиеттер; - адамгершілік- педагогикалық қасиеттер; -әлеуметтік перцептивті ерекшеліктер; - жеке психологиялық қасиеттер. <p>сипаттамалық көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> -жан-жақты білімділік, - ғылыми эрудиция, -жоғары тәрбиелілік - кәсібилік 	Формирование личности учителя советской школы в системе высшего пед. образования. JL: ЛПИ, 1968. – с. 35.
Климов Е.А.	<p>«адам-адам» типіндегі мамандардың кәсіби іс-әрекетінің көрсеткіштері:</p> <ul style="list-style-type: none"> –адамдармен жұмыс жасау барысында өзін үнемі жақсы сезіну,; –қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі; –өзін өзге адамның орнына ойша қоя білу; –өзге адамдардың ойын, ниетін, көңіл-күйлерін тез түсіне алу қабілеті; 	Психология профессионала / Е.А.Климов. – Изд-во института практической психологии; Воронеж: НПО «Модэк», 1996.

3– кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>–түрлі және көп адамдардың тұлғалық сапаларын жадында сақтауы білім беру субъектісі тұрғысынан кәсіби сапалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -басқара алу, оқыту, тәрбиелеу икемділігі, «адамдардың түрлі қажеттіліктеріне қажет пайдалы әрекеттер жасау»; -тыңдай алу икемділігі; -дүниетанымның кеңдігі; -сөйлеу мәдениеті; - «ақыл-ойдың жанға бағытталуы», адамның мінезін, әрекеті мен сезімдерін байқағыштық, өзінің немесе басқаның тәжірибесі арқылы таныс емес адамның ішкі әлемін ойша елестете алу біліктілігі мен қабілеті; - «адам үнемі бұдан да жақсы бола алады» түсінігіне негізделген жобалау бағдары»; -өзге адамның көңіліне ортақтасу біліктілігі; - байқағыштық; 	<p>– с. 406.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> -«халыққа қызмет ету түсінігінің дұрыстығына сенімділігі»; -стандартты емес жағдаяттарды шеше алу біліктілігі; -өзін жоғары деңгейде реттей алу 	
<p>Розенберг М.</p>	<p>кәсіби іс-әрекеті көрсеткіштері:</p> <ul style="list-style-type: none"> -студенттің қажеттілігін білу; -өзінің іс-әрекетін тиімді бағалау; -оқытубағдарламасы мен материалдарын өндей алу; - кәсіби шебер болу; -кеңес бере алу және өзгелермен кеңесе алу; -қарым-қатынасшыл болу; -ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу; -өзінің кәсіби шеберлігін белсендіру 	<p>Rozenberg M. Iazyk zhizni: Nenasil'stvennoe obshchenie [Language of life: nonviolent communication]. Moscow: Sofiia, 2009. 272 p.</p>

3-кестенің жалғасы

1	2	3
<p>Намазбаева Ж.Ы., Каракулова З.Ш.</p>	<p>-құндылық-адамгершілік: кәсіби және кәсіби емес құндылықтардың өзара байланысы; кәсіби іс-әрекет пен өмір мәнінің сәйкестігі; аталған құндылықтарды мағыналы түсіну деңгейі: мейірімділік, шынайылық, ұқыптылық, жауапкершілік, тиянақтылық, өзін-өзі сыни бағалауы. – эстетикалық: эстетикалық сезімінің болуы, нақты эстетикалық қабілеттер (музыкалық, әдеби, моторлы т.б.). –коммуникативтік: ұйымдастыру қабілеттері, лидерлікке дайындығы; коммуникативті қабілеттер, сөйлеу – ішкі, сыртқы, вербалды, вербалсыз, ауызша, жазбаша, дауыстың күші, ырғағы; коммуникативті такт және тәрбиелілігі, әзіл-сықақ сезімі. –уәждік (мотивация): кәсіби қызығушылықтар мен икемділігі, мотивтердің тұрақтылығы; мотивтердің бір-біріне қайшы келмеуі. –эмоционалды-еріктік: эмоционалдығы, тұрақтылығы, шыдамдылығы, стресске тұрақтылығы.</p>	<p>Личностно-профессиональн ое развитие личности преподавателя в современного вуза: Учебное пособие. – Алматы: Каз НПУ им.Абая, 2010. – с. 90.</p>
<p>Ахтаева Н.С.</p>	<p>кәсіби сапалар: - кәсіби қызметіне шығармашылық тұрғыдан қарау; - жаңашылдықты, кәсібилігін үнемі үздіксіз жоғарылату; - өздігінен білім алу; -өзін-өзі өзі дамыту; -педагогикалық шеберлік; - кәсіби құзыреттілік; - кәсіби дамудың жан-жақтылығы; - эрудиция; - студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру; - жекелік тұғыр; - студенттің мотивациясын, қызығушылығын оята алу біліктілігі;</p>	<p>Теория и практика психологическо й подготовки преподавателя вуза: Монография. – Алматы: Издательство «Ұлағат» Каз НПУ имени Абая, 2011. – с. 327.</p>

3– кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>- мамандығын сүю, қызығушылығы тұлғалық қасиеттері: еңбекқорлық, жауапкершілік, әділеттілік, объективтілік, ұстанымшылдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелілік, шыдамдылық, гуманистік, балаларға сүйіспеншілік, өнегелік, ұқыптылық, адалдық, оптимисттік, әзіл-сықақ сезімі, мейірімділік, достық, демократиялық, талап қоя білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін сыни тұрғыдан бағалау, өзін-өзі талдау, абырой, харизма, беделдік, сүйкімділік, эмпатияға қабілеттілік, ықыластық, зияткерлік, тактикалық.</p> <p>қабілеттері: көшбасшылық қабілеттері, өзіне өзгелерді ілестіре алу икемділігі, суггестивті қабілеттері, коммуникативтік қабілеттері, шешендік, ұйымдастырушылық қабілеттер.</p> <p>кәсіби іс-әрекеттері: білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асыру, түзету, тұрмыстық тәжірибені ғылымның тәжірибесіне ендіре алу, студенттің тұлғасын қалыптастыру және дамыту</p>	
<p>Сластенин В.А. және т.б.</p>	<p>кәсіби қабілеттер:</p> <p>Ұйымдастырушылық: мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру, міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау.</p> <p>Дидактикалық: оқу материалын көрнекілік, құрал – жабдықтарды іріктеу және дайындау; Коммуникативтік: мұғалімнің оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сөйкес қарым-қатынастар орната алу</p>	<p>Педагогика: уч. пособие. — М.: Академия, 2004</p>

3– кестенің жалғасы

1	2	3
Раевский Р.Т, Канишевский С.	ақпаратты жинау және өндеу, ақпаратты оқушыларға жеткізу, зерттеушілік ізденіс, ұжымды басқару, тәрбиелеу және қадағалау	Профессиональ но-прикладная физическая подготовка студентов высших учебных заведений, М., Одесса, 2010, б. 95
Ефремов О.Ю.	кәсіби мәнді қасиеттерге тілектестік, бақылаушылық қасиет, талап қоюшылық, ықыластылық және интеллигенттілік.	Педагогика Санкт Петербург, 2010, б. 44
Новгородцев а И.В.	әлеуметтік белсенділік, мақсаткерлік, байсалдылық, оқушылармен жұмыс істеуге ынтасы, төтенше жағдайда өзін өзі қолға ала білу, әлпеттілік, шыншылдық, қазіргі заманға сай болу, адамгершілік.	Педагогика в медицине: учебное пособие, М., 2011, б, 110
Смирнов Е.И.	кәсіби мәнді қасиеттер: педагогикалық құзіреттілік, мейрімділік, қарым қатынасқа түсе білу, шыдамдылық, оқушыларға сүйіспеншілік, интеллект және түсінушілік, объективтілік, еңбекқорлық.	Формирование опыта в профессиональн ой подготовке и инновационной деятельности педагога, Ярославль, 2012, б. 119
Телина И.	кәсіби мәнді қасиеттер: Денсаулығы (дені сау, салауатты өмір салтын ұстану, мәнерлі дауыс, мимика); нервті- психикалық (жаттау қабілеттілігі, төзімділік, уақыт үнемдей білушілік).интеллектуалдылық:әлеуметті (мейірімділік, адамгершілік, шыншылдық әділеттілік)	Социальный педагог в школе: учебное пособие М., 2013, б.66
Григорьева А.А, Николаева Л.В,	кәсіби мәнді қасиеттер: құзыреттілік, зерттеушілік және ұйымдастырушылық қасиеттері, педагогикалық эрудиция, педагогикалық бағыттылық,	Качество дошкольного образования: интеграция

3– кестенің жалғасы

1	2	3
Никифорова Т.И, Ядрихинская Л.С.	педагогикалық ой, мақсатты тұжырымдау, рефлексия, педагогикалық сыпайылық (такт), импровизация, негізділік , дербестік және өзіндік шығармашылық даму	науки и практики. Якутск, 2013, б.184

Кестеде көрсетілген ғалымдар еңбектеріндегі педагогтардың кәсіби мәнді сапаларының көрсеткіштері саны жағынан әрбір зерттеушіде әр түрлі екендігін 5 пен 55 сандарының аралығын қамтитындығын көрсетті. Ал олардың әрбіріндегі (бір бірінде қайталанатынын қоспағанда) педагогтың кәсіби мәнді сапаларының 80-ге жуық көрсеткіштері анықталғандығы туралы айтуға болады. Сондай-ақ осы көрсеткіштерге қоғамның дамуына сәйкес заман талабынан туындаған қазіргі педагогтарға қойылатын талаптардан толеранттылық, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі көкейкестендіру, өзін-өзі белсендіру, ұтқырлық, лидерлік, аналитикалық іскерлік, зерттеушілік қабілет, имандылық, ізеттілік және т.б. мұғалімнің маңызды сапалық көрсеткіштерін өз тарапымыздан қосатын болсақ олардың саны жүзден асатынына күмәніміз жоқ.

Ал енді осы сапалық көрсеткіштерді ғалымдардың топтастырғанына назар аударатын болсақ:

- қоғамдық, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағытын анықтайтын арнайы қасиеттер мен сипаттар (В.А.Сластенин [186, б.412]);

- кәсіби бағыттар кеңістігі, яғни адам қызметінің кәсіби аясы; тұлғалық кеңістік - адами құндылықтар (Л.В. Меньшикова [193]);

- тұлғалық кәсіби-педагогикалық сапалар, педагогикалық және ерекше қабілеттер (Э.А. Гришин [194]);

- тұлғаның мотивациясы (тұлғаның бағыттылығы және оның түрлері); тұлғаның сапалары (педагогикалық қабілеттер, мінез және оның сипаттық көрсеткіштері, психикалық үдерістер және тұлғаның қалыптары); тұлғаның кіріктірілген сипаттары (педагогикалық өзіндік сана, тұлғааралық стиль, шығармашылық әлеует ретіндегі креативтілік (А.К. Маркова [154, б.82]);

- жалпы азаматтық қасиеттер; адамгершілік-педагогикалық қасиеттер; әлеуметтік перцептивті ерекшеліктер; жеке психологиялық қасиеттер (А.И. Щербаков [184, б.21]);

- кәсіби бағыттылық - түрткілер, құндылық бағыттар, кәсіби ұстанымдар (мамандыққа деген қатынас, мақсаттар, педагогикалық дамуға даярлық), әлеуметтік-кәсіби мәртебе; кәсіби құзыреттілік - кәсіби білімдер, икемділіктер, дағдылар, біліктер; кәсіби маңызды сапалары - ықыластылық, байқағыштық,

креативтілік, батылдық, өзін-өзі бақылау, дербестік, мақсатқа ұмтылушылық; кәсіби маңызды психофизиологиялық қасиеттер (Э.Ф. Зеер [183, б.256]);

- кәсіби сапалар; тұлғалық сапалар; қабілеттер; іс-әрекет (Н.С. Ахтаева [51, б.21]);

- құндылық-адамгершілік қасиеттер; эстетикалық сапалар; коммуникативтік сапалар; мотивациялық сапалар; эмоционалды-еріктік қасиеттер (Ж.Ы. Намазбаева, З.Ш. Каракулова, Н.С. Лавриненко [50, б.55-56]);

- дара тұлғалық-топологиялық, сенсорлық, перцептивті, аттенционды, психомоторлық, мнемоникалық, ойлық және еріктік қасиеттер (М.А. Дмитриева, А.А. Крылов, А.И. Нафтульев [195]);

- Іс-әрекет субъектісінің мотивациясы, темпераменті, эмоционалды еріктік сфера ерекшеліктері (В.А. Бодров [196]);

- арнайы-педагогикалық, әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық, аутопсихологиялық (Н.В. Кузьмина [151, б.145]).

Ғалымдар берілген жіктемелерде педагогтың кәсіби мәнді сапалары құрамына кәсіби қабілеттерді, психофизиологиялық ерекшеліктерді, икемділіктерді және тұлғалық қасиеттерді жатқызады. Сондай-ақ, олар кәсіби мәнді сапаларды дамыту барысында эмпатияның, яғни өзгенің жанын түсіну қажеттігін көрсетеді. Жалпы болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің тиімді жүзеге асыру үшін оны меңгеруге деген мотивация мен рефлексия, өзін-өзі көкейстендіру мен өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы басым болатындығына мән береді. Осыған орай А.И.Щербаков педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мен жеке психологиялық қасиеттерінің бір-бірімен өзара тығыз байланыста дамитындығын негіздейді. Ал Ж.Ы. Намазбаеваның авторлық бірлестікте анықтаған оқытушының кәсіби мәнді тұлғалық сапаларының негізіне ұлттық ерекшеліктер, мәдени салт-дәстүрлер, тіл және тарих алынған. Бұдан оның жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталғандығы көрініп тұр. Ал, оқытушы тұлғасының әлеуметтік белсенділігінің дамуы яғни, тәрбиелік жұмыстарды және ұйымдастыруды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік маңызды білікті игеруі тиіс [122, б.92].

Сонымен зерттеуші ғалымдар болашақ педагогтың кәсіби мәнді сапаларының құрамын оның кәсіби іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруына қажетті тұлғаның мотивациясы, білімдері, педагогикалық қарым-қатынас іскерліктері, эмоционалды-еріктік қасиеттер және оларды жүзеге асыруға ықпал ететін сапалар екенін тағы да дәлелдей түседі.

Нақтылай түссек, педагогтың кәсіби мәнді сапаларын дамыту олардың кәсіби іс-әрекетіне қажетті сапаларын дамытуды білдіреді, Өйткені педагогикалық іс-әрекеттің шыңына апаратын баспалдақ – кәсібилік. Осы мәселені терең зерттеген А.К. Маркова магистранттардың кәсіби деңгейге көтерілуінің мына төмендегі психологиялық өлшемдерін (объективті, субъективтік, нәтижелік, шығармашылықты) анықтаған [135, б.124]:

1.Объективті өлшемдер: жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың өз

мамандығына сәйкестігі, сан және сападағы жоғарғы еңбек көрсеткіші;

2. Субъективті өлшемдер: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкестігі;

3. Нәтижелік өлшемдер: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізуі;

4. Шығармашылықты өлшемдер: магистранттардың өз кәсібінің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегіне қарай өзгерте алуы.

Сондай-ақ, ол магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын арнайы: объективтік (ғылыми даярлығы), субъективтік (жеке талант); тұлғалық (адамгершілік-еріктік қасиеттер) деп, бөліп қарастырады. Автор әрі қарай осы топтаманың мазмұнын аша түседі. Мәселен, ол субъектілік сапалардың құрылымына кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер, кәсіби іскерліктер – объективтік; ал кәсіби психологиялық ұстанымдар, ұстанымдар, уәждеме, тұлғалық ерекшеліктер субъективтік тұрғысынан сипаттама береді.

Л.М. Митина кәсіби маманның кәсіби мәнді сапаларының құрылымын «іс-әрекет–қарым-қатынас–тұлға» жүйесі тұрғысынан гностикалық, ұйымдастырушылық, құрылымдық, жобалаушылық, коммуникативтік деп қарастырады [53, б.49].

Оның тұжырымдауынша гностикалық қасиеттер болашақ магистрлер үшін кез келген ақпаратты меңгеру барысында тез және шығармашылық түрде өзін-өзі көрсетуі болып табылады.

Жобалау сапалары кез келген іс-әрекеттің мақсатын, міндетін, соңғы нәтижесін алу үшін әдістерді қолдану дағдыларынан көрінеді. Жобалау сапалары магистранттардың өз бетінше білім алуына, мамандығына қатысты белгілі іс-әрекетті жоспарлауында, сол іс-әрекеттің жолында кездесетін қиындықтарды болжауда, оңтайлы әдістерді және жолдарды табуда, мақсат қоюда, оларды нақтылауда, ақпаратты қойылған мақсаттарға сай таңдап алуында көрініс табады.

Құрылымдық қасиеттер кез келген іс-шарада шығармашылық ортаны қалыптастыруда, біріккен қоғамдастық құруға негізделген [53, б.102].

Коммуникативтік қасиеттер бұл адамдармен олардың әр түрлі лауазымдарына, жастарына сай қарым-қатынас жасай білуі болып табылады. Н.В. Кузьмина коммуникативтік қасиеттерді іштей идентификацияға қабілеттілік, адамның жеке ерекшеліктеріне сезімталдығы, жақсы дамытылған ішкі түйсік және суггестивті қасиеттер деп топтастырады.

Ұйымдастырушылық компонент белгілі бір іс-әрекет орындау барысында нәтижелері мақсаттарға сай болатын ұйымдастыру қабілеттілігімен анықталады.

Г.С. Абрамованың пікірінше, адам өз кәсібіне сәйкес мінез-құлқына, ойлауына, әлемге қатынасына қарай өзгерістерге ұшырайды. Ол кәсіби мәнді сапаларды «кәсіби менталдық» деген ұғыммен байланыстырып отыр. Менталдық тұлға қасиеті ретінде белгілі әлеуметтік бағдар, құндылық бағдар, қабылдау ерекшелігі мен адамның әлемге қатынасын бейнелейтін, қоршаған

әлемді ұғыну, күнделікті өмірлік жағдайындағы мінез-құлық тәсілін таңдауымен айқындалады. Менталдық индивидтің жинақтаған әлеуметтік мәдени тәжірибесіне және белгілі әлеуметтік топқа, жыныстық, жас, ұлттық, кәсіби ерекшелігіне қатынасымен айқындалады. Менталдық топтық мисипаттамасына қарай ұлттық, жас ерекшеліктік, жыныстық болып бөлінеді [179, б.354].

Кәсіби менталдық адамның көбіне саналы түрде айқындалмаған тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы және ол белгілі кәсіп өкілдеріне тән болып келеді. Ғалымдар педагогтың даралық-психологиялық ерекшеліктерін және арнайы қабілеттерін айқындай отырып тұлғалық және кәсіби ерекшеліктерін айқындайды.

Арнайы сапаларға байқампаздық, жағдаятқа тез бағдарлана білу, ішкі түйсік, эмпатия (өзін өзге адам орнына қоя білу және оның сезімін, идеясын, әрекетін ұғына білу), рефлексия, өзін-өзі бақылауды жатқызуға болады.

Өйткені болашақ педагогтың адамдармен өзара қарым-қатынас жасай алуы, өз көзқарасын жақтай білуі, оптимист болуы, даулы жағдайлардан шыға білуі, жүйкелік-психологиялық тұрақтылығы сынды сапаларды қалыптасуы қажет.

Магистранттың коммуникативтік қасиеттері «кәсібилік» және «тұлғалық» қарым-қатынастарда дамиды. Жоғарыда көрсетілгендей кәсіби мәнді сапаларды дамытуда кәсібилік пен тұлғалық бірін бірі толықтыруы, тұлғалықтың кәсібилікке сіңіп, бірігіп кетуі немесе керісінше кәсіби құндылықтарды көпқырлы тұлға кеңістігіне енуі жүзеге асырылады.

Отандық ғалымдар А.А. Бейсенбаева, Қ.Т. Атемова маман сапасының бір көрсеткіші сөйлеу мәдениетінің жоғарылығы екендігін дәлелдеп, оның қатарында ойын жеткізе білу; еркін сөйлеу мен көпшілікті өзіне баурап алу қабілетін; ой мен сөздің біртұтастығын және т.б. қасиеттерді атайды [197].

Т.З.Рысбекова, С.Рысбекова педагогтың кәсіби қалыптасуында оның интеллектуалдық, (кәсіби білімі және тәжірибе) эмоционалды, (эмоциялық сезімі) іс-әрекеттік (іскерлік даярлығы, өзін-өзі ұстай білуі) рухани-адамгершіліктік (құндылық бағдары, мәдениеті) мәдениетінің дамуы қажеттілігін көрсетеді [198].

Сондай-ақ, педагог-білім алушы жүйесінде субъект-субъектілік қатынас тұлға үшін эмоционалды тұрғыдан құнды саналады. Олай дейтініміз осы қарым-қатынастар сенімділікке құрылған жағдайда субъектілердің тұлғалық жақтан өсуі қамтамасыздандырылады және өзіндік маңыздылығын сезінуі жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан тұлғалық-кәсіби қасиеттің бірі—эмпатияның маңыздылығы зор. Эмпатия адамның ішкі күйіне ене алуымен, өзге адамның іс-әрекеті мен мазасыздануына эмоционалды ортақтаса алуымен және қоршаған ортаға адекватты реакциясымен сипатталады. Т. Шибутани, Т.П. Гаврилова, А.В. Петровский эмпатияның үш негізгі құрамдас бөліктерін атайды: танымдық, өзара түсіністік пен өзге адамның күйін адекватты қабылдаумен байланысты; эмоционалды — өзге адамның көңіліне ортақтасуы; мінез-

құлықтық, әрекеттік - өзара көмек көрсету мен қолдау болып табылады [199; 200; 201].

Г.С. Абрамова осы үрдісті мамандық, кәсіптің пәнін адамның «Мен – тұжырымдамасына» қосу рефлексиясына және кәсіби шектеушіліктен шыға алуға және кәсіби жетілуге негіз болады деп есептейді [202].

Осыған байланысты магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда бірге дамыған рефлексивті қабілеттер, өзін жетілдіру түрткісінің қалыптасуымен қатар кәсіби қалыптасуын жүзеге асыра отырып тұлғалық өзіндік шектеуді жою болып табылады.

Шет елдік зерттеулерде, Ұлыбританияда кәсіби мәнді сапалар қатарында интеллектуалдық дамудың жоғары деңгейі, өзін-өзі реттеу мен өзіндік тәртіп, ыждағаттылық, қиын жағдайдағы адамға көмектесе білуі, дене еңбегі мен адамгершілік күшті көтере білуі, айқын ойлай білуі, сезімталдық сапалары көрсетілген [18, б.6].

Білім алушының және болашақ маманның кәсіби мәнді сапалары – «Мен» - образының қалыптасуы, яғни өзіне деген жағымды қатынасы, жоғары жағымды өзін-өзі бағалауы, өзін қабылдауы, серіктесі тарапынан позитивті қатынасты күтуі болып табылады». Педагог маманның «Мен» – образын адамгершілік қасиеттер(мейірімділік, өзін-өзі сыйлау сезімі және т.б.), психологиялық қасиеттер(тұрақты психикалық жағдай, эмоциялық-еріктік және т.б.); психоанализдік қасиеттер (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі сынап білу, өзін-өзі бағалау); психологиялық-педагогикалық қасиеттер (эмпатияға қабілеттілік, кешенділік және т.б.) құрайды.

Магистранттың тұлғалық қасиеттерін айқындау барысында оның құндылықтар жүйесі маңызды болып табылады. Олардың қатарында өзге адамға мейірімділік жасау қабілетін және шығу тегін, сенімін, әлеуметтік статусына тәуелсіз болуын және психологиялық сезімін атауға болады. Тұлғалық қасиеттерге альтруистік бағдардың кіруі, өз қажеттілігі мен талаптарына қарағанда баланың қабілетіне көбірек көңіл бөлу маңыздылығын көрсетеді.

Әрбір маманның құзырлығы шеңберін нормативтік-құқықтық құжаттарда берілген біліктілік сипаттамасы, яғни теориялық және практикалық тәжірибесі (негізінде) деңгейінде маман даярлығына қойылған жалпы талаптар анықтайды. Диссертацияда біз кәсіби құзыреттілік ұғымына арнайы тоқталмаймыз. Өйткені бүгінгі ғылыми әдебиеттерде Сериков В.В. [42, б.85], Құдайкұлов М.А. [43, б.27], Меңлібекова Г.Ж. [44, б.31], Кенжебеков Б. [45, б.33] және т.б) педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы жан-жақты негізделген.

Алайда, зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік туралы ой қозғағанымызда А.Д. Абашина, Т.В. Бондареваның «кәсіби құзыреттілік оқыту-тәрбиелеу үдерісінің нәтижесі ғана емес, оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік пен дағдылардың жиынтығы, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның нәтижесінде және сапасында көрінетін тұлғаның кіріктірілген қасиеттерінің жиынтығы» делінген анықтамасын басшылыққа аламыз [203].

Қазіргі таңда маманның жаңа әлеуметтік жағдайларға адекватты жауап бере білуі, кәсіби өзін жетілдіруге қабілетті болуы, шығармашыл, ұлтжанды болуы қажет. Құзыреттілікке кәсіби біліммен, іскерліктермен қатар белсенділікті, ынтымақтастықты, бірлестікте әрекеттуді, коммуникативтік қабілеттерді, ақпаратты іріктеу мен қолдануды, логикалық ойлай білуді, ізденімпаздықты жатқызуға болады.

Өмірдің өзгермелі жағдайында құзыретті тұрғы білім берудің практикасы мен теориясының дәстүрлі мақсаты ретінде алға шығады. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себептері бірдей, ол адамның жеке тұлға ретінде ахуалы. Немесе құзыреттіліктің бар-жоғын анықтау үшін қарым-қатынас, педагогтік еңбек нәтижелері мен адами қарым-қатынаста, оның қорытындыларына қарап пайымдау қажет. Мұның мағынасы педагог мамандар өз әрекеті мен орындаған жұмысы кәсіби іс-әрекеттің белгіленген талаптарына жауап беретін және орындай алатын болса, кәсіби құзыретті болып саналады [204].

Магистрант магистрлік дайындық субъектісі ретінде белгілі кәсіби құзыреті, тәжірибесі, орнатылған көзқарасы бар тұлға; магистрлік білімді не үшін қажеттілігін жие түсінеді, кәсіби дайындық үдерісіне ұғынып қатысады; кәсіби іс-әрекетте алған білімдерді, ептіліктерді, тәжірибені қолдануға қызығушылықпен қарайды. Білім алу үдерісіне қатысып, ересек адам онда белсенді позиция алуға ұмтылады, оның тәжірибесі басқа адамдарға қажет болатындай білім ұйымдастыруын қалайды. Магистранттың шешімдерінің өз бетімен және жауапты қабылдауы магистранттарды білім алу үдерісінде өз бетімен білім алу іс-әрекетіне жақындатады. Ересек адамның дербестігі оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрін, оқудың мерзімін және жағдайын таңдауға мүмкіндік бере отырып, кәсіби дайындықта оның белсенді қатысуын қамтамасыз етеді [205].

Болашақ маман заманауи талаптарға сәйкес кәсіби мәнді сапалары дамытылған, психологиялық-әлеуметтік толығымен ерекшеленіп, әлеуметтік сұранысқа ие болуы қажет.

В.И. Абрамованың тұжырымдауынша, жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби даярлығын және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін төмендегідей міндеттерді шешу қажет [179, б. 42].

Оқыту үрдісіндегі міндеттер:

- Оқуға деген мотивацияны, ынтаны қалыптастыру.

- Жалпы білім беру стандартында берілген талаптарға сай оқу пәндерін меңгеруді қамтамасыздандыру.

- Оқу іскерлігін шыңдау, дағдысын дамыту.

- Шығармашылық тұрғыдан ойлауын дамыту.

Тәрбие үрдісіндегі міндеттер:

- Тұлғаға бағдарланған жекелік қарым-қатынасты жүзеге асыру.

- Өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіруін қолдау.

- Адамгершілік, жігерлілік, эстетикалық қырларын дамыту.

- Өзіне сенімділігін, сыйластығын арттыру.

- Өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретін білім беру- тәрбиелеу ортасын құру.

Психологиялық даму саласындағы міндеттер:

- «Мен – тұжырымдамасын» жүзеге асыру.
- Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі реттеуге дағдыландыру.
- Өзін-өзі жетілдіруге арналған бағдарламаның мазмұнын жасау және оны іске асыру.

Сонымен ғалымдар психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «адам - адам», «іс-әрекет – қарым-қатынас - тұлға»; «Мен - тұжырымдамасы» жүйесі негізінде маманның, соның ішінде педагогтың кәсіби-мәнді сапаларына тұлғалық қасиеттерді, зерттеушілік қасиеттерді, іскерлік сапаларды: ұйымдастырушылық-іскерлік (әдіснамалық) қасиеттерді, креативтік қасиеттерді жатқызады.

Оларға жекеше тоқталатын болсақ, тұлғалық қасиеттер әлеуметтік ортада коммуникабельділік; адамдармен араласуға икемді болу; қоғамдағы түрлі мәселелерді шешуді білу іскерліктерін; өзін-өзін дамыту сапаларын қамтиды.

Зерттеушілік қасиеттер қатарында экспериментке бейім, болжам құра білу, зерттейтін объектке нақты қызығушылық; оқиғаны объективті тұрғыдан қабылдау және ойын ашық айту, білмеген нәрсені анықтай білу; зерттеу үрдісінде мақсатқа жету үшін объектінің байланыстарын білу, соған байланысты проблемаларды іздеп табу; кез келген объектілер мен құбылыстардың мәнін білудің жалпы тәсілін меңгеру біліктерін атауға болады;

Іскерлік сапалар белгілі бір істің мақсатын сезіну және түсіндіруді, онда өзін қалай көрсетуді білуді; жоспармен жұмыс жасауды, уақытты қадағалау және нақтылықты; өзінің жасаған ісіне сыни көзқарасты және бағалай білуді; әр түрлі сын-пікірге шыдамды болуды және сол ескертулерден нәтиже шығаруды; топта жұмыс жасай білуді, басқа мамандармен тәжірибе алмасуды білдіреді.

Ұйымдастырушылық –іскерлік қасиеттерге мінез-құлық ерекшеліктері, табандылық, мақсатты қоя білу, мақсатқа жету, жоспарлау; іс-әрекет нәтижелерін болжау; жоспарды орындау; нәтиже алу және оны сезіну; өзіндік ұйымдастыру біліктері, жекелік, еркіндік, талаптаушылық, шешімділік, коммуникативтілік; идеяларды тану және туғызу; ми шабуылын ұйымдастыра алу, оған қатысу; идеяларды талдау, дискуссияға түсе алу және т. б. жатады.

Креативтік қасиеттер –шабыттылық, эмоциялық өрлеу; байқампаздық, елестетушілік, ішкі күйзелісті жеңушілік, эмпатияға қабілеттілік, зеректік, ойдан шығара алушылық; ойлап табушылық; өткірлік болжаушылық, тәуелсіздік, тәуекелге бейімділік; ойлаудың биік шыңына шығушылық, бейстандарттық идеялар табушылық және т. б.

Шетелдік және отандық ғалымдар еңбектеріне жасаған талдау ЖОО оқытушыларына мынадай талаптар қойылатындығын көрсетті:

- кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуы;
- педагогикалық құзыреттіліктер;
- әлеуметтік-экономикалық құзыреттіліктер;
- коммуникативтік құзыреттіліктер;
- кәсіби және жалпы мәдениетінің жоғары деңгейі [19, б.21].

Еуропалық кеңестің ұсыныстарында оқытушылардың тұрақтану тұжырымдамасының бес негізгі топтан тұратын талаптарды ескеру қажеттілігі туралы айтылған [19, б.11]:

–әлеуметтік – шешім қабылдауда өзіне жауапкершілік сезімін алумен байланысты саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер.

–көпмәдениеттілік – көпмәдени қоғамның өміріне қажетті құзыреттіліктер (мысалы, толеранттылық).

–тіл – бірнеше тілді игеру, сауатты сөйлеу, өзара түсіністік, қарым-қатынасшылдық.

–ақпараттық – ақпараттық технологияларды игеру, БАҚ-ын сын тұрғысынан бағалау.

–ілеспелі – өмір бойы оқуға деген қабілеті, ұмтылуы (кәсіби және тұлғалық тұрақтанудың үздіксіз белсендендіруі).

Сурет 1-де педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларының құрылым көрсетілген.



Сурет 1 – Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларының құрылымы

Қазақстан Республикасының жоғары білімнен кейінгі білім беру жалпыға міндетті білім беру стандартындағылыми және педагогикалық магистратура бітірушілерінің негізгі құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар көрініс тапқан:

1) қоғамдық өмірдегі ғылым және білімнің рөлі туралы; ғылыми танымның дамуындағы қазіргі үрдістер туралы; жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдарының әдіснамалық және философиялық өзекті проблемалары туралы; жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы; жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы түсінігі болуы керек;

2) ғылыми танымның әдіснамасын; ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидаттары мен құрылымын; оқыту процесінде студенттердің танымдық қызметінің психологиясын; білім берудің тиімділігі мен сапасын меңгеруі тиіс;

3) алған білімін ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды қолдану немесе өзіндік дамыту үшін қолдана білуі; процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориясы мен әдістерін сын көзбен талдай алуы; әртүрлі пәндер аясында алған білімін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мәселелерін шешуде интеграциялауы; білімді интеграциялау жолымен, толық емес немесе шектеулі ақпараттар негізінде тұжырымдама жасап, шешім қабылдай алуы; жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алған білімін өз педагогикалық қызметінде қолдана білуі; оқытудың интерактивті әдістерін қолдана білуі; ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізуі; жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті ойлауы және шығармашылықпен қарауы; ғылыми зерттеулер жүргізуге және ЖОО-да арнайы пәндер бойынша сабақ жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей кәсіптік деңгейде шет тілін арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын білуі тиіс; еркін меңгеруі; диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазбалар және т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыс нәтижелерін жалпылай білуі тиіс.

4) ғылыми-зерттеу әрекеттері, қалыпты ғылыми мәселерді шешу; кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру; кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі; білім беру процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану; кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс; шешендік өнер, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық тұрғыдан ресімдеу; күнделікті кәсіптік қызметте және докторантурада білімін жалғастыру үшін білімін кеңейту және тереңдету дағдысының болуы қажет.

5) ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында; жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; қазіргі білім беру технологияларына қатысты мәселелерде; кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда; білімді үнемі жаңартуды, кәсіптік дағды мен білікті кеңейтуді қамтамасыз ету әдістерінде құзыретті болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген біз тұжырымдаған магистранттардың кәсіби мәнді сапаларына берген анықтама мен жоғары білімнен кейінгі білім беру стандартында болашақ магистрлерге қойылған талаптар мазмұны және

ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген педагогтың кәсіби мәнді сапаларының топтамаларына жасаған талдау бізге педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапаларының құрылымын (сурет 1) және аталған құрылымның мазмұнын (кесте 4) жасауға мүмкіндік берді.

Кесте 4 - Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапасы құрылымының мазмұны

Атаулары	Түрлері	Мазмұны
1	2	3
Педагогикалық	кәсіби білімділік	ЖММББС, бағдарлама мазмұнында берілген білімдерді терең меңгеру; жаңа білімдерді игеру, танып білу, жете ұғыну және т.б. біліктері
	дидактикалық	оқыту ұстанымдарын, әдістерін, амал-тәсілдерін, құралдарын, формаларын жете меңгеру; оқу-тәрбие материалын іріктей алу, жобалау, жасай білу; үйрету, оқыту, түсіндіру т.б. біліктері
	инновациялық	жанашылдық, жаңа технологияларды меңгеру және қолдану және т.б. біліктері
	шешендік	шешен сөйлеу, мәдениетті сөйлеу, дауды шеше алу, билік айта білу, әділ шешім қабылдау, дана сөйлеу, тілмар және т.б. біліктері
	шеберлік	өз ісінің шебері болу, эстетикалық, көркемдік, педагогикалық әдеп, педагогикалық такт, әртістік, өнерпаздық және т.б. біліктері
Зерттеушілік	әдіснамалық	ғылыми танымның әдіснамасын білу; жалпы-ғылыми, жеке-ғылыми әдістерді, әдіснамалық тұғырларды қолдану және т.б. біліктері
	болжаушылық	ғылыми эрудиция, нысананы көздеушілік, зерттеу іс-әрекетінің нәтижесін көре білу, мәселені шешудің болжамын ұсыну және т.б. біліктері
	аналитикалық	әдебиеттермен жұмыс істеу, ақпаратты талдау, қайта өңдеу, қолдануды болжау, жаңа ақпарат жасау, ақпараттарды қолдану, коммуникацияның компьютерлік құралдарын, зерттеу әдістерін қолдану және т.б. біліктері

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Құрастырушылық	мәселені құрастыру, ғылыми стильді меңгеру, мәселенің шешімдерін талдау, эксперименттің техникасы мен әдістемесін құрастыру және т.б. біліктері
	Нәтижелік	эксперимент жүргізу, нәтижелерін талдау; теорияның тұжырымдарымен нәтижелерді салыстыру және бағалау, тұжырымдарды құрастыру, зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру және т.б. біліктері)
Тұлғалық	жалпы азаматтық	отанды қорғау, қоғамға қызмет ету, нормативтік-құқықтық заңдарды, құжаттарды білу, кәсібін сүю және т.б.іскерліктері
	рухани-адамгершілік	рухани-мәдени құндылықтарды меңгеру және оларды өмірлік тәжірибеде пайдалану біліктері, адамгершілік әрекеттер, адами қасиеттер және т.б.
	коммуникативтік	тіл табыса алушылық, қарым-қатынасқа бейімділік, адами қарым-қатынас, субъект-субъектілік қарым қатынас жасай білу, педагогикалық ынтымақтастық және т.б. біліктері
	Денсаулық	денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты және т .б. біліктері
	жоғары тәрбиелілік	мәдениеттілік, толеранттылық, ұрпақ тәрбиелей алушылық, ұрпаққа үлгі болу, идеалдыққа ұмтылу және т.б. біліктері
	Стратегиялық	стратегиялық қырағылық, стратегиялық бағыттылық, даму саясатын білу, болашағын алдын ала болжап білу, ұзақ мерзімді жоспарлар жасау, дұрыс тактика таңдау және т.б.біліктері
	ұйымдастырушылық	шәкірттерін баули білу, біріктіре алу, мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу, жауапкершілік, іскерлік, өз еркімен қатысуын

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
		қамтамасыздандыру, ұйымшылдық, дербестік, өзін-өзі бақылаушылық, педагогикалық, зерттеу іс-әрекетін жоспарлау; ұйымдастыру және жүргізу және т.б. біліктері
	көшбасшылық	бастамашылдық, тәуекел сүйгіштік, батылдық, жігерлілік, өзіне сенімділік, сендіре білушілік, құзыреттілік, жекелік, қадағалаушылық, мақсатқа жетушілік, шешімпаз, балаларды соңынан ерте алушылық, өзгеріс жасай алушылық және т.б. біліктері
	интеллектуалды	білімділік, білімге құштарлық, өнерге құштарлық, парасаттылық, жадында сақтаушылық, біліктілік, зияткерлік, әлеуетін дамытушылық, ізденімпаздық және т.б. біліктері
Психологиялық	мотивациялық	мамандығына қызығушылығы, жағымды қарым-қатынасы, оң ұстанымы және т.б.
	перцептивтік	баланың ішкі жан дүниесін ұғыну, олардың сезімдері мен жай-күйін түсіну білігі, эмпатияға қабілеттілік және т.б.
	эмоционалды-еріктік	эмоционалдығы, тұрақтылығы, шыдамдылығы, стреске тұрақтылығы және т.б.
	Психофизиологиялық	өзін-өзі көкейкестендіру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі белсендіру және т.б.
	креативтілік	шығармашылық жағдайлардағы шабыттылық, жігерлілік, эмоциялық өрлеу; байқампаздық, қиял, елестету, ішкі күйзелісті жеңу қабілеті, зеректік, ойдан шығаруға дайындық; сыни ойлау, ойлаудың шыңына жетушілік және т.б.

Біздің ойымызша, суретте көрсетілгендей педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапалары бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік, психологиялық сапалардан тұрады. Педагогикалық сапаларға педагогикалық іс-әрекетте тиімді жүзеге асыруға тиісті кәсіби білімділік, дидактикалық, инновациялық, шешендік, шеберлік сапалар жатады. Зерттеушілік сапаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, зерттеушілік іс-әрекеттерді нәтижелі іске асыруға қажетті әдіснамалық болжаушылық, аналитикалық, құрастырушылық, нәтижелілік сапалары. Тұлғалық- педагог-білім алушы жүйесіндегі субъект-субъектілік қарым-қатынасты жағымды атқаруға қажетті жалпы азаматтық, рухани-адамгершілік, денсаулық, коммуникативтік, жоғары тәрбиелілік сапалар. Лидерлік сапаларға ғылыми-педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру мен жүргізуге қажетті харизматикалық, стратегиялық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, көшбасшылық сапалар кіреді. Психологиялық сапаларға осы аталған сапалардың барлығының педагогтың бойында қалыптасуын және дамуын жүзеге асыруға қажетті психофизиологиялық, мотивациялық, перцептивтік, эмоционалдық-еріктік, креативтілік сапалар жатады.

4-кестеде көрсетілгендей осы әрбір сапаның өзінің құрылымдық мазмұны бар. Біздің ұсынып отырған болашақ ғылыми-педагогикалық кадрдың кәсіби мәнді сапалары мұнымен шектелмейді, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ғалымдар топтамасына қайшы келмейді. Әрине осы топтаманы шартты түрде топтастырып отырмыз. Олай дейтініміз болашақ магистрдің бойында көрсетілген сапалар кәсіби мәнді сапалар тұрғысынан дамытылуы үшін осы көрсетілген барлық топтағы сапалар біргелікте, бірін бірі толықтыра отырып жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін педагогикалық жоғары оқу орнының магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы мүмкіндіктерін анықтау қажет. Ол туралы екінші тараудың 2.1 параграфында баяндалады.

2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА (ЖОО) МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫН ДАМУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Педагогикалық жоғары оқу орнының магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы мүмкіндіктері

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қойылған міндеттердің негізгілері болып педагог мәртебесін көтеру саналады. Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлайтын республиканың педагогикалық жоғары оқу орындарына жоғары талаптар қойылып келеді. Сол себепті аталған оқу мекемелері бәсекеге қабілетті сапалы мамандар даярлау мақсатында материалдық-техникалық базаларын молайтумен қатар ғылыми-білім беру іс-әрекеттерін қамтамасыздандыру барысында да оқу-тәрбие үдерісіне бірқатар инновациялық бағыттар енгізді. Жоғары білім мен жоғары білімнен кейінгі жалпыға міндетті білім беру стандарттарының мазмұны қайта жасалды. Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынымақтастық істері жоғары деңгейге көтерілді. Магистранттардың академиялық ұтқырлығы, шетелдік тағылымдамадан тәжірибе жинақтауы, қосдипломдық білім беру жұмыстары қарқынды жүзеге асырыла бастады. Профессор-оқытушылармен, магистранттармен біргелікте халықаралық ғылыми бағдарламалар, жобалар орындалды. Шығармашылық одақтар құрылды. Шетелдік және отандық ғалымдар мен ізденушілердің біргеліктегі ғылыми-зерттеу жинақтары жарық көре бастады. Дүниежүзілік конгресстер, форумдар, конференциялар, әлемдік және халықаралық көрмелер ұйымдастырылды. Осы аталған кең көлемді масштабтағы іс-шаралардың жоғары оқу орындарының, соның ішінде педагогикалық оқу орындарының базасында өткізілуі мүмкін болды.

Сол себепті де бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде жоғары білім берудің әлеуметтік және экономикалық дамудың басты факторы тұрғысынан қарастырылатынын атап көрсетеді. Жоғары білім берудің мақсаты болып қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес, қоғамдық-пайдалы іс-әрекеттің барлық негізгі бағыттары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз ету, тұлғаның интеллектуалды, мәдени және адамгершілік дамуындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру, білімді, ғылыми-педагогикалық біліктілікті тереңдету және кеңейту табылады.

В.И.Горовая, Т.Н.Таранова қазіргі білім берудің негізгі миссиясы тұрғысынан әлемдік және ұлттық мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізу және қайта жаңғырту, соның ішінде рухани, интеллектуалды, әлеуметтік, кәсіби дамуға аса мән берілетіндігін негіздейді. Қайта жаңғыртуды кеңейту, білім беру ортасындағы әрбір білім алушының мәдениетті тек «тұтынушы» ретінде ғана қолданбайтынын, сонымен бірге шығармашылық тұлғаның дамуымен оны байытатынын білдіреді [206, 207]. Білім беру жүйесін зерттеу саласындағы бірқатар мамандар, қазіргі жоғары білім берудің басты мақсаттарының бірі болып тұлғаның өзін-өзі өзгертуіндегі қызығушылықтары мен қажеттіліктерін

дамытудың табылатындығын атап көрсетеді. Әрі қарай бұл өзіндік іс-әрекетін құруға, оны өзгертуге және дамытуға қабілетті кәсіпқойды қалыптастыруға негіз болады.

Қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарында білім берудің құндылықтарына үлкен мән беріледі. В.П.Зинченко білім беру құндылықтарының жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес болуын атап көрсетеді. Білім беру жүйесі мақсаттар мен оларға жету жолдарының басты субъектісі болып табылады [208]. Жоғары білім берудің басты құндылығы болып маманды оқыту үдерісіндегі өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру саналады. Заманауи білім беру парадигмасы жағдайында, адамның ішкі әлеуетіне, тұлғаның шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуына ықпал ететін білім беру ортасын құруға ерекше зейін аудару байқалады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушы тұлғасын шығармашылық тұрғыда дамытудағы мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ғылыми әдебиеттерде жан-жақты қарастырылған. Мәселен Н.А.Войтлева жоғары кәсіби білім берудің маңызды мақсаттарының бірі ретінде, болашақ педагогтің тұлғасын кәсіби-шығармашылық дамыту деп есептейді. Ол студенттің болашақ кәсіби іс-әрекетінің тиімділігінің тек кәсіби білімдер мен біліктеріне байланысты емес, сонымен бірге оның кәсіби-шығармашылық даму деңгейіне байланысты болатынын атап көрсетеді [209].

Педагогикалық жоғары оқу орны педагог-новаторларды даярлауда да мүмкіндіктері кең. Өйткені В.А.Кан-Калик, М.М.Рубинштейн педагог-новаторларға бастамашылдық, дербестік, ойлау инерциясын жеңу қабілеті, шынайы жаңаны сезу және оны тануға ұмтылысы, мақсатқа ұмтылушылық, ассоциациялар кеңдігі, байқампаздық, дамыған кәсіби ес, тәрбиеленушілерді жұмылдыру іскерлігі, олардың қызығушылықтарын түсіну, қоздыру және қанағаттандыру шеберлігі, кәсіби шығармашылық ойлау, шығармашылық педагогикалық іс-әрекетке деген ішкі мотивациясы, жеке дүниетанымы, фантазия мен интуицияның байлығы тән екендігін көрсетеді [210, 211]. Демек осы аталған сапаларды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде дамыту әбден мүмкін.

Педагогикалық іс-әрекет оқытушы үшін жетекші іс-әрекет болып саналады. Оның мақсаты өндірістік іс-әрекеттің таңдалған саласында табысты қызмет ету үшін қажетті құзыреттіліктерді меңгеруінен, қазіргі заманғы мамандарға қойылатын әлеуметтік сұраныстар мен тапсырыстарға жауап беруінен талап етіледі. Жалпы педагогикалық жоғары оқу орнында негізгі екі мақсатқа қол жеткізуге болады. Оның біріншісі кәсіби білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болса, екіншісі маманның тұлғасын тәрбиелеу. Маманның тұлғасын тәрбиелеу, бұл тұлғалық сапалар мен қасиеттерді – бағыттылықты, қабілеттерді, саналылықты, борыш сезімін, тәртіптілікті, өзі сынды адамдармен командада жұмыс істеу шеберлігін және тұлғааралық қатынастарды құру шеберлігін қалыптастыру мақсатында оның психикасы мен іс-әрекетіне ықпал етуге негізделеді. Тұлғаны тәрбиелеу үдерісінің алуан түрлі жақтары отандық мамандардың көптеген еңбектерінде

жарық көрген (Намазбаева Ж.И. [32, б.178], Таубаева Ш.Т.[17, б.110], Бейсенбаева А.А. [197, б.25], Ұзақбаева С.А. [212], Төлеубекова Р.К. [213], Әбдіғапбарова Ұ.М. [47, б.73] және т.б.).

Кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі болып кәсіби іс-әрекетті меңгеру үшін жағдай құру, біліктілікке ие болу немесе қажет болған жағдайларда – адамның қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес оны қоғамдық-пайдалы еңбекке енгізу үшін біліктілігін көтеру табылады. Кәсіби қалыптасу барысында кәсіби іс-әрекетті меңгеру, кәсіби өзіндік сананың дамуына белгілі дәрежеде әсер етеді. Кәсіби өзіндік сананы дамыту үдерісінің өзі, біртұтас тұлғаның өзіндік санасына тән болатын факторлар мен заңдылықтардың ықпалына бейім болады. В. П. Саврасов кәсіби өзіндік сананың дамуының басты факторлардың әсерімен жүзеге асатынын, студенттер тек кәсіби құндылықтарды меңгеріп қана қоймайды, сонымен бірге оларда кәсіби маңызды сапалар мен қасиеттер қалыптасатындығын атап көрсетеді [214].

В.А. Якунин өзінің зерттеуінде кәсіби маңызды сапалар мен біліктер белгілі біріділікте бірқатар сатылардан өтеді, ол «бір жағынан, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнымен және ұйымдастыруымен, ал екінші жағынан, субъективті факторлармен анықталады» деп түсіндіреді [215].

Ю.Б.Максименко білімділіктің әлемді жеке-дара қабылдауды, оны шығармашылықпен қайта құру мүмкіндігін, субъективті тәжірибені, факторлар, құбылыстар, қоршаған болмыстың оқиғаларын, тұлғалық маңызды құндылықтар және ішкі бағдарларды, оны жүзеге асыру тәсілдерін өз бетімен таңдауды қолдануды қамтамасыз ететін тұлғалық сапаларды қалыптастыратынын атап көрсетеді [216].

Қазіргі кезде білім беру бірқатар қиындықтарды бастан өткеруде, олар өз кезегінде ЖОО-ның түлегіне – өз саласындағы болашақ маманға әсер етеді. Әртүрлі жанрдағы педагогикалық зерттеулердің – диссертациялар, монографиялар, оқу құралдары, басшылықтардың көпшілік санына қарамастан, олардың нәтижелері жоғары оқу орнында оқыту тәжірибесіне әлсіз ендіріліп келеді.

Жоғары кәсіби білім беру жүйесінің қызметі қоғамды толық қанағаттандыра алмай отыр. Бірқатар жағдайларда жоғары кәсіби білім беру жүйесі, өзіне жүктелген міндеттерді орындай алмай келеді. Одан басқа, кәсіби білім беру жүйесіндегі дамыған шығармашылық ойлауы бар интеллектуалды, бастамашыл мамандарды даярлауға деген өткір қажеттілік, біртұтас білім беру үдерісімен қанағаттанбаудың артуымен және жоғары оқу орындарының оқытушыларының кәсіби-педагогикалық іс-әрекетімен қанағаттанбауымен қатар артып келеді [217].

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың мәселесін қарастыра отырып, заманауи магистранттар – ересек адамдардың санатына кіретін кәсіби бағытталған адамдар, оқу және кәсіби іс-әрекетті қос істеуші, кәсіби тәжірибесі бар, кәсіби құзыреттіліктің байытуына және дамуына қызығушылық танытатын ерекше білім алушылар [205, б.75].

Олардың біріншіден, магистратурада оқуы барысында бакалавриатта қол жеткізген кәсіби білімдері тереңдетілсе, екіншіден ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерімен тікелей айналысуы мен ғылыми, интеллектуалды-ақпараттық ортаға араласуы нәтижесінде әдіснамалық білімдері молайып, зерттеу құзыреттіліктері, лидерлік сапалары дамиды. Үшіншіден, бір топта ересек, тәжірибелі мамандармен бірге білім алумен тек қана ғалымдардан дәріс алу мүмкіндіктері олардың рефлексиялық құзыреттіліктерінің дамуына басым ықпал етеді. Төртіншіден, магистранттардың мектептерде мұғалім қызметін атқара алу мүмкіндіктері олардың педагогикалық біліктерін арттырады. Сондай-ақ, педагогика мамандықтары бойынша «магистр» академиялық дәрежесі оларға білім беру жүйесінің барлық сатыларында, атап айтқанда мектепке дейінгі оқу мекемелерінде, жалпы білім беретін мектептерде, орта арнайы білім беру мекемелерінде және жоғары оқу орындарында қызмет атқаруға мүмкіндіктер береді. Мұнда білім берудің тиімділігінің көп жағдайда педагогтің субъектілі-тұлғалық ерекшеліктерімен және оның кәсіби шеберлігімен анықталатынын атап өту маңызды.

Жоғарыда көрсетілгендей болашақ магистрлердің жоғары оқу орны оқытушысы қызметін атқара алатындығын ескерсек, онда оқытушы тұлғасын қалыптастыруда педагогикалық жоғары оқу орны мүмкіндіктерінің кеңдігіне тоқталған жөн. Өйткені, университет оқытушысының тұлғасын, педагогтің идеалдары, сенімдері, ұстанымдары, көзқарастары, қызығушылықтары, моральды-этикалық сапалары, дарындылығының үйлесімді бірлігі, өз еңбегіне деген сүйіспешілік, педагогикалық шеберлікті жетілдіру жолдарын үздіксіз іздеу, әрбір студентке зейін аудару, мәдениет дағдыларына баулу шеберлігі, тұлғаны қалыптастыру бірлігін құрайды. Оқытушы тек қана «білімді таратушы» емес, ол біршама дәрежеде жоғары білімді және жан-жақты дамыған мамандарды даярлаудың заманауи талаптарына жауап беретін біртұтас тұлға.

Диссертацияның 1.2 параграфында біз жоғары оқу орнының оқытушысы – бұл өзінің кәсіби іс-әрекетінің мазмұны бойынша әмбебап сапалардың жиынтығын меңгеруі қажет тұлға деп атап өткен болатынбыз. Жоғары білім беру саласындағы ресейлік және шетелдік сарапшылардың пікірлері бойынша, жоғары оқу орнының оқытушысына қойылатын жалпы талаптар келесі үлгіде құрылады: жоғары кәсіби құзыреттілік; педагогикалық құзыреттілік; әлеуметтік-экономикалық құзыреттілік; коммуникативті құзыреттілік; кәсіби, жалпы және психологиялық мәдениеттің жоғары деңгейі.

Республиканың жоғары оқу орны оқытушысына қойылатын талаптарды зерттеу барысында Н.С.Ахтаева магистранттар көзқарасымен контент-талдау әдісінің негізінде төрт фактордан тұратын (қазіргі оқытушының кәсіби сапалары, қазіргі оқытушының тұлғалық сапалары, қазіргі оқытушының қабілеттері, қазіргі оқытушының қызметтері) «21 ғасыр оқытушысының үлгісін» жасаған [218].

Қазіргі жоғары оқу орнының оқытушысы, өзінің тек білім беру сапасына ғана емес, сонымен бірге болашақ маманның тұлғасын қалыптастыруға жауапты екендігін түсінуі қажет. Қазіргі замандағы жоғары оқу орнының

түлегі, жоғары білімділік, адамгершілік, кәсіпкерлік, жауапкершілік, белсенділік, табандылық сияқты сапаларымен айрықшалануы қажет. Бұл сапалардың барлығы көшбасшыға тән. Жоғарыда аталған сапаларды қалыптастыруға табысты әсер ету үшін, жоғары оқу орнының оқытушысы еліктеу үлгісіне айналуы және психологиялық-педагогикалық және көшбасшылық құзыреттілікті игеруі қажет.

Соңғы жылдары қосымша кәсіби білім беру жүйесіндегі жоғары оқу орындары оқытушыларын психологиялық-педагогикалық даярлауды міндеттеу үрдісі артып келеді. 2000-жылдардың басында магистранттардың «жоғары мектеп оқытушысы» қосымша біліктілігін алу үшін Мемлекеттік білім стандарты енгізіле бастады. Жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде болатын жас маман өз жұмысында пәндік саладағы білімдерімен қатар, педагогикалық біліктері мен дағдыларын қолдануы қажет. Бұл жоғары мектептің дамуының қазіргі сатысында жалпы педагогикалық және психологиялық, әдістемелік білімнің сұранысқа ие болуымен, сонымен бірге соңғы уақытта оқытудың сапасына және білім беру деңгейіне қойылатын талаптардың артуымен негізделеді. Жоғары оқу орнының оқытушысын аспирантура арқылы даярлау, жас ғалымды зерттеу қызметіне даярлап қоймай, сонымен бірге жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға, педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыруға ықпал етуі қажет.

Осы талаптар Ресейдің білім беру жүйесінде де міндеттелген болатын Университеттердегі «Жоғары мектеп оқытушысы» бағдарламасын жүзеге асыру, жас оқытушыларға және аспиранттарға жоғары оқу орнында табысты педагогикалық іс-әрекетке қажетті білімдер мен біліктерді меңгеруге мүмкіндік береді [219].

Магистранттардың көп жағдайда ересек адамдар екендігін ескере отырып, оқытушының негізгі мақсаты ретіндегі маманды даярлауы, оқытуды өзін-өзі оқытуға қайта құру жолымен, олардың іс-әрекеттерін ішкі реттеуден өзіндік реттеуге қайта құруы арқылы жүзеге асырылады. Дүние жүзіндегі білім беруді дамыту үрдістері, жас ғалымдардың өзіндік танымдық белсенділігінің рөлін күшейтуге әкеледі, бұл өз кезегінде оқытушының басқарушы функцияларына деген жоғары талаптарды ұсынады.

Магистранттардың іс-әрекетінің ерекшеліктері, олардың интеллектуалды белсенділігінің жетекші формасы арқылы анықталады және кәсіби дербестікті дамытумен байланысты болады, мұнда маңызды орынды жетекші іс-әрекет алады (магистрлік диссертация жазу). Магистранттардың жетекші іс-әрекеті болып танымдық-кәсіби іс-әрекет табылады. Таным мотивтері – бұл адамның оқу-танымдық іс-әрекетінің негізі, олар адамның ойлау әрекетінің табиғатына сәйкес келеді. Атап өтетін бір жайт, егер аспирант танымдық-кәсіби іс-әрекетке қызығушылық танытатын болса, оны ерекше ықыласпен және қызығушылықпен орындайтын болса, онда көп жағдайда көшбасшылық сапаларды дамыту аталған іс-әрекетпен анықталады. Бұл іс-әрекеттің кәсіби бағыттылығының болуы маңызды, ол өз кезегінде болашақ кәсіпке деген

катынасты, кәсіби іс-әрекетке деген қажеттілікті және оған даярлықты анықтайды.

Магистранттың болашақ кәсіби іс-әрекетінің тиімділігі, меңгерген кәсіби білімдері мен біліктеріне ғана емес, сонымен бірге кәсіби-шығармашылық өзін-өзі дамыту қабілетінің қалыптасу деңгейіне байланысты болады. Бір жағынан, қалыптастан еңбек нарығы жағдайында, мамандарды даярлау сапасын жетілдіру бағыттарын іздеу, ал екінші жағынан, білім беру қызметінде тұлғаның сұраныстарын қанағаттандыру, білім беру мекемелерін оқу үдерісін қайта қарастыруға, оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіруге міндеттейді [220].

Магистранттардың лидерлік әлеуетін дамытуды және белсендіруді ұйымдастыру бойынша жұмыс барысында, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтанушылық іс-шаралар кешені қажет. Бұл арнайы диагностикалық әдістемелерді құрастыру, «лидерлік технологиялар» бірыңғай ғылыми-практикалық базасын құру; жоғары мектептің болашақ оқытушылары үшін тренингтерді және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру; дөңгелек үстелдер өткізу; жастар ұйымдарының көшбасшылары үшін оқытуды ұйымдастыру және тиімді көшбасшылықты қалыптастыру және болашақ педагогтар арасында көшбасшылық әлеуетті дамыту бойынша аймақтық деңгейдегі алуан түрлі бағдарламаларды құрастыру.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуға әлеуметтендіру үдерісі маңызды әсер етеді, әлеуметтендіру үдерісі – бұл ұжымға адамдар қауымдастығы ретінде ену және оған бейімделу үдерісі. Бұл кезеңде магистрант интеллектуалды және мәдени тұрғыда алуан түрлі өкілдермен кездеседі: олардың бірі – мінез-құлықтың, адамгершіліктің, интеллектінің жоғары деңгейін көрсете отырып, кәсіби мәнді сапалардың дамуына жағымды ықпал етуі мүмкін, ал екіншілері, керісінше, ескірген стереотиптерді, зиянды көзқарастарды, жағымсыз ұстанымдарды көрсетіп, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуының ағымдағы деңгейіне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Ал бұл болса, болашақ магистр тұлғасының бейімделу және қауымдастыққа ену үдерісін, кәсіби мәнді сапаларының алға қарай дамуына кедергі келтіретін жағымсыз үрдістерді жою үшін, бақылау және қадағалау қажеттілігін айқындайды.

Әрине, оқу ұжымының тұлғаның көшбасшылық сапаларын дамыту үдерісіне табысты әсер етуі, аспиранттардың дара-психологиялық ерекшеліктерін есепке алуымен негізделеді. Тұлғаны оқшаулайтын, оның психологиясын есепке алмайтын ұжымда міндетті түрде кикілжіндер орын алады. Мұнда тұлға көп жағдайда өзінің шығармашылық өсуі үшін жағдай жасай алмайды, жеке жоспарларын жүзеге асыруда сенімді, қолдауды, көмекті ала алмайды [221, 222].

Осы тұрғыдан, ұжым тұлғаны тәрбиелеудің толыққанды құралы бола алмай қалады. Осылайша, оқу ұжымының магистранттың тұлғасына болашақ педагог тұрғысынан табысты психологиялық-педагогикалық әсер етуі үшін, ұжым мүшелерінің дара-шығармашылық қабілеттерін көрсетуге арналған

қолайлы жағдайларды арнайы құру қажет. Бұл топтың индивидуум үшін беделді болған жағдайда, топта тұлғаның көшбасшылық қажеттіліктері қанағаттандырылған жағдайда, ал жекеленген аспиранттың жеке қызығушылықтары мен жалпы топтық қызығушылықтардың сәйкес болған жағдайда мүмкін болады

Атап өтетін бір жайт, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуға оның оқитын жоғары оқу орнының сыртқы ортасы, жоғары оқу орнының аймақтық жағдайы және оның қызмет ету ерекшеліктері, жоғары оқу орнының ғылыми-педагогикалық ұжымының материалдық және моральды өмір сүру жағдайлары, сонымен бірге сабақтан бос уақыттағы іс-әрекет пен материалдық және моральды өмір сүру жағдайлары ықпал етеді. Магистранттың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың тәсілдерінің бірі тұрғысынан, бірлескен педагогикалық жұмыс дағдыларын дамытуға; ұжымның ұйымшылдығын арттыруға; жас оқытушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға; көшбасшылық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған тренингтер алынуы тиіс.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мақсатында, алуан түрлі процедуралардың бірқатары қолданылады: жеке мотивациясының қалыптасуы, тұрақты тілегінің болуы, кәсіби білімінің молаюы, ғылыми-танымдық ақпараттарды меңгеруі, өзіне сенімділігі, шешім қабылдауға және жауапкершілікті өзіне жүктеуге даяр болу, ортақ мақсаттарды жүзеге асырудағы бірізділік пен табандылық, өзіндік күш-қуатын саналы ұғыну, мақсатқа жетудегі сенімділік, энтузиазм және т.б. Осы айтылғандар магистранттың кәсіби мәнді сапаларының педагогикалық, зерттеушілік, қабілеттерінің, тұлғалық қасиеттерінің, лидерлік әлеуетінің, психологиялық сапаларының сан түрлі параметрлерін сипаттайды. Жоғарыда атап көрсетілгендей, мұндай сапаларға ең алдымен кәсіби білімділік, дидактикалық, инновациялық, шешендік, шеберлік, болжаушылық, ізденушілік, аналитикалық, жазушылық, ғылыми эрудиция, жалпы азаматтық, рухани-адамгершілік, денсаулық, коммуникативтік, жоғары тәрбиелілік, стратегиялық, тактикалық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, психофизиологиялық, мотивациялық, перцептивтік, эмоционалдық-еріктік, креативтілік сапаларының дамуын қамтиды. Кәсіби мәнді сапаларды дамыту үшін жағдаятты, өзіндік күш-қуатын және топтың мүмкіндіктерін дұрыс бағалау да маңызды. Онсыз топтық іс-әрекет табысты болмайды.

Жоғары оқу орнында білім берудің ЖОО-ның болашақ оқытушыларының кәсіби мәнді сапаларын дамытуға әсер ету үдерісін қарастыра отырып, кафедралардың және жоғары оқу орнының тәрбие бөлімінің жұмысын атап өту қажет.

Кафедраның жоғары оқу орнының негізгі құрылымдық бөлімі тұрғысынан магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы маңызы үлкен. Өйткені оның профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) кәсіби деңгейінен магистранттарды даярлау сапасы талап етіледі.

Магистранттармен жүргізілетін тәрбие жұмысы, кафедраның ПОҚ-ның функционалды міндеттерінің құрамдас бөлігі болып саналады және оқу сабақтары мен сабақтан тыс уақытта жүргізіледі. Оқытушылардың сабақ үстінде жеке үлгі (сырт бейнесі, сөйлеу мәдениеті, материалды баяндаудың қолжетімділігі, білімді бағалаудағы объективтілік және т.б.); пәнді оқытуда тұрақты талапшылдық (сабақтарға дайындық); оқу аудиториясында тәртіпті ұстау, оның ішінде сабақта тәртіпті болу, аспиранттардың сырт бейнесін қадағалу және т.б. тұрғыда тәрбиелік ықпалы басым.

Жоғары оқу орнының тәрбие жұмысы басқармасы (ТЖБ), білім алушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың тұлғасын дамытуға ықпал ететін әлеуметтік-мәдени ортаның өмір сүру қабілетін жүзеге асырады. Бұл орта білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің бірлескен өмір сүру әрекетінің көпмәдени кеңістігін білдіреді, оның құрылымы тұлғаның жеке-дара ресурстарын ашуды қамтамасыз етудегі жоғары оқу орнының ерекшеліктерімен негізделген.

ТЖБ-нің іс-әрекетінің негізгі мақсаты – бұл оқушылардың, студенттердің, аспиранттардың, оқытушылар мен қызметкерлердің бірлескен оқу, ғылыми, қоғамдық іс-әрекетіндегі тәрбие міндеттерін жүзеге асыру, түлектерге маман және тұлға ретінде кәсіби міндеттерді және өзін-өзі жүзеге асыру міндеттерін шешуде көмек беретін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті ететін сапалар мен әлеуметтік құзырлылықтарды қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Магистранттың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мен білім берудің мектебі тұрғысынан волонтерлікті атауға болады. Волонтерлер – бұл қоғамға немесе нақты жеке адамға көмек беру үшін өзінің күш-қуаты мен уақытын жұмсауға ерікті түрде дайын адамдар. Бұл өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, лидерлік әлеуетін көрсетуге бағытталған мақсатқа ұмтылушы, жауапты, белсенді магистранттар. Волонтерлерді қоғамдық көмекшілер, штаттан тыс ерікті қызметкерлер, көшбасшылар, делдалдар деп атайды.

Кәсіби жоғары білім беру жүйесі, болашақ оқытушылардан өз саласындағы ауқымды білімді меңгеруді ғана талап етпейді, сонымен бірге батыл және стандартты емес шешімдерді қабылдай алатын, жаңаша техника мен технологияларды қолданумен байланысты көптеген факторларды, олардың әлеуметтік және мәдени салдарын есепке ала білетін шығармашыл, бастамашыл тұлға болуды талап етеді.

Заманауи маман үшін кәсіби маңызды және тұлғалық сапалар, «іс-әрекеттің жоғары сапасын қамтамасыз ететін дамыған тұлғалық құндылықтардың аясын, жоғары білікті кәсіпқойдың беделін, жоғары жалақыны, жеке және қызметтік өсуді, адамгершілік-психологиялық қолайлылықты, мәнсаптық өсу мүмкіндігін» қамтиды.

Тар пәндік саладағы маманмен салыстырғанда, кәсіпқой -педагог – бұл білім беру және дамыту үдерістерімен жұмыс істей алатын; кәсіби іс-әрекетті және оның дамыту құралдарын меңгерген жоғары білімді тұлға; ол шығармашылық міндеттерді шешудің ұйымдастырушысы болып табылады; ол әртүрлі білім жүйелерінің астарындағы ойлау тәсілдерін көрсетуге қабілетті;

өзіндік білім алу бағдарламасын құра алады; жаңа білім беру технологияларын іздеуді және өңдеуді жүргізе алады. Кәсіпқой – бұл өзіндік іс-әрекетін жүзеге асыруға және шығармашылықпен қайта құруға бағытталған біртұтас, белсенді, еркін және жауапты субъект [204].

Тармақтың мазмұнын түйіндей келе, қазіргі жоғары білімнің маңызды өзгерістерге және реформаларға ұшырауын атап өтуге болады. Оның алдында болашақ маманға әсер ететін бірқатар мәселелер туындайды. Білім беру оқытушының өз еңбегінің нәтижелеріне деген жауапкершілікке, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жобалауға бағытталған. Білім берудің мәртебесі, оның функциялары, міндеттері мен мақсаттары өзгереді.

Жоғары кәсіби білім беру жүйесін талдау, жоғары оқу орнының студенттер мен магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту үшін жоғары әлеуетке ие болатынын көрсетті: оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, оқу тобындағы әлеуметтік өзара әрекеттестік, профессор-оқытушылар құрамының беделі, аудиториядан тыс жұмыс жүйесі және т.б. Сонымен бірге, магистранттардың – жоғары оқу орнының болашақ оқытушыларының кәсіби мәнді сапаларын мақсатты бағытталған тұрғыда дамытуға жеткілікті назар аударылмайды. Осы маңызды сапаларды дамыту бойынша іс-шаралар жүйесі жоқ.

Магистранттар өздерінің бойында бар кәсіби мәнді сапаларын толыққанды көрсете алмайды. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда жоғары оқу орнының мүмкіндіктері кең. Атап айтқанда:

- ғылыми-зерттеушілік, педагогикалық, тұлғалық, лидерлік белсенділігін көрсетуді талап ететін дамытушы ортаның құрылуы;

- ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің жоғары деңгейінің ұйымдастырушылық, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырылуы;

- кәсіби мәнді сапаларды таратуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлардың шешілуі;

- тәрбие жұмысының кәсіби мәнді сапаларды дамытуға бағытталуы;

- кафедраның кәсіби-тұлғалық, ғылыми әлеуеті;

- педагогикалық ЖОО халықаралық ынтымақтастықтың дамуы;

- академиялық ұтқырлық, шетелдік тағылымдама тәжірибесі және т.б.

Жоғары оқу орнының магистранттарды дамыту бағыттарын көре отырып, білім беру үрдісінде келесі өте маңызды талаптарға көңіл бөлу керек деп есептейміз: -Магистранттардың өзін-өзін дамыту;

- Кәсіби шығармашылыққа дайындау;

- Зерттеушілік сапаларын дамыту;

- Білім игеру процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыру;

- Қоғамдағы болып жатқан саяси, экономикалық процестерді сараптай білу.

Сонымен, Қазақстан жоғары оқу орындарына магистранттардың оқу жоспарларынан басқа кәсіби мәнді сапаларын дамыту үшін белгілі бір модель қажет, жүйені құру өзекті мәселе болып табылады және магистранттардың білім беру үрдісін осы бағытта дамыту үшін көптеген педагогикалық шарттарды анықтау, өзгертулер енгізу қажет етеді. Ол туралы келесі параграфтарда мазмұнды баяндалады.

2.2 Педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделі

Алдыңғы параграфтарда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының құрылымы мен оның мазмұнын анықтау және магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда педагогикалық жоғары оқу орны мүмкіндерінің кеңдігін айқындау бізге аталған дамыту бойынша модель жасау қажеттілігін көрсетті. Педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жасау барысында алдымен «модель» ұғымының мәнін анықтау қажеттілігі туындайды.

Модель (латын тілінен аударғанда *modulus* – шама, үлгі, қалып) – бұл нәтижеге қатысты анықтаушы болып саналатын, аса маңызды белгілердің, қасиеттерді, құбылыстарды қайта жаңғыртатын шынайы объектінің идеалды көшірмесі [222, б.399-400].

Педагогикада модельдеу — теориялық танымның негізгі әдістерінің бірі, оның барысында таныс объектілерін зерттеу шынайы заттар мен құбылыстардың моделін құру және зерттеу, олардың сипаттамаларын жақсарту, оларды құру тәсілдерін оңтайландыру, басқару арқылы жүзеге асырылады [223].

Ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі модельдің құрылымы туралы Ю.К.Бабанский [224], В.В.Краевский [225], Н.Д.Хмель [40, б.214], еңбектерін талдау, педагогикалық зерттеуде модельді анықтауды оның келесі белгілерінің тіркелетінін көрсетті:

- модельдегі зерттелетін объектінің, үдерістің көрінісі және (немесе) қайта өңделуі;
- модельді құрудың нақты шарттары мен ережелерінің болуы, модель туралы ақпараттан объект туралы ақпаратқа өту;
- модельдің міндетті түрде мақсатты қызметі болады.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуы күрделі үдерісті білдіреді. Оны толық зерттеу бір тұрғыда жүзеге асырылмайтынын ескере отырып және кіріктірілген сипаттама тұрғысынан біз педагогикалық құбылыстарды зерттеуде әдіснамалық тұғырларды негізге алу қажет деп санаймыз.

Педагогикалық-психологиялық бағыттағы әдебиеттерде магистратурада білім алу үрдісінде тұлға қалыптасуын зерттейтін басты төрт келісті ерекше атап өтуге болады:

1. Тұлғалық - іс-әрекеттік тұғыр. Кәсіби қабілеттер дамуының іс-әрекеттік жағдайын, жалпы қабілеттер мен кәсіптік маңызды сапаларды, кәсіби іс-әрекет барысындағы тұлғаның өзгерісін зерттейді.

2. Акмеологиялық тұғыр. Жоғары кәсіби нәтижелерге жету жағдайы, кәсібидағдылардың даму деңгейі, біліктілікті жоғарылату мәселелері қарастырылады.

3. Кешенді тұғыр. Оқу және кәсіби іс-әрекет барысында қалыптасатын және кәсіби іс-әрекетіндегі жетістіктерге әсер ететін тұлғаның кешенді білім алуы қарастырылады.

4. Жүйелілік тұғыр. Әрбір педагогикалық технологияның негізіне алынуы қажет. Оның тиімді жүзеге асырылуы жүйелілігінен талап етіледі.

5. Ақпараттық тұғыр. Күрделі жүйелердің қызметінің, құрылымдық құрамының және өзара әрекеттестігінің ақпараттық аспектісін зерттеу және абстрактілі-жалпылаушы сипаттау тәсілі

Біздің зерттеу жұмысымызда аталған әдіснамалық тұғырларды магистранттардың кәсіби мәнді дамыту үдерісін кешенді зерттеуді жүзеге асыруға және аталмыш модельді тиімді құрастыруға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр. Маманды кәсіби даярлаудағы тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр кәсіби құзыретті және өзін-өзі жүзеге асырушы тұлғаның ішкі резервтерін белсендіру арқылы, үйлесімді және әлеуметтік белсенді тұлғаны дамытудың шарттарын құруға бағытталған. Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейннің және т.б. еңбектерінде негізделген. Осы әдіснамалық тұғыр тұлғаның басқа адамдармен іс-әрекетте және қарым-қатынаста қалыптасатындығын, сондай-ақ ол осы іс-әрекеттің және қарым-қатынастың сипатын анықтайтын іс-әрекет субъектісі тұрғысынан қарастырылатындығын негіздейді [106, б.145, 107, б.180, 110, б.302].

В.Д.Шадриков аталған тұғыр аясында іс-әрекет түрткісін; іс-әрекет мақсатын; іс-әрекет бағдарламасын; іс-әрекеттің ақпараттық негізін; шешім қабылдауды; маңызды сапалар іс-әрекетінің жүйесін бөліп көрсетеді [58, б. 13].

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жасауда практикалық-бағдарлы тактика тұрғысынан тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр мындай құрамдас бөліктерден тұрады:

- магистранттардың өзін-өзі көкейкестендіру және тұлғалық өсуі үшін жағдайлар жасау;
- магистранттардың белсенділігін педагогикалық ынтымақтастық, сенімді субъект-субъектілік қатынастарды құру есебінен дамыту;
- сыртқы және ішкі мотивтердің бірлігін есепке алу;
- оқу міндетін қою, қабылдау және оны оқу үдерісінің басқа қатысушыларымен ынтымақтастықта шешімін қанағаттандыру және т.б.

Акмеологиялық тұғыр тұлғаның даму кезеңінде оның жоғары кәсіптік жетістіктерін зерттейтін тұғыр тұрғысынан қарастырылады. Е.А.Климов магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуының келесідей кезеңдерін бөліп көрсетеді: оптация фазасы (мамандық таңдау және оны ауыстыру кезеңі); адапта фазасы (мамандық туралы ақпаратқа ие болу кезеңі); бейімделу фазасы (мамандықты меңгеріп шығу кезеңі); интернал фазасы (кәсіби деңгейге жету кезеңі); шеберлік фазасы (кәсіптік тәжірибенің арту кезеңі); мәртебелі фаза (жастар мен әріптестер үлгі алуға тырысатын әйгілі маман атану кезеңі); шәкірт тәрбиелеу фазасы (оның идеяларын жалғастырушылар, шәкірттер, ізінен ерушілер пайда болу кезеңі) [30, б.127].

А.Маслоу акмеологиялық тұғырдың негізіне тұлға дамуының ең жоғары деңгейін өзін-өзі көкейкестендіруді қояды. Ю.П. Поваренковтың пікірінше мамандықты меңгеріп шығудағы дағдарыстар негізгі мәнге ие. Мысалы, оқудағы алғашқы дағдарыс ол студенттің оқудың жаңа формасына бейімделуі.

Екінші дағдарыс педагогикалық практикаға шығуы. Үшінші жұмыс орнын іздеу қажеттілігі. Төртінші дағдарыс 2-ші жылдағы өзіндік жұмыс барысында туындайды [103, б.356]. А.К. Маркованың еңбектерінде кәсібиліктің кезеңдері тұлғаның бағыттылығына, іс-әрекетке енуінің мотиві мен мақсатына, шығармашылықтағы қажеттіліктеріне, ойлау типі сынды тұлғаның сипаттамасына сәйкес түсіндіріледі [128, б.57].

Кешенді тұғыр жоғарыда аталған тұғырларды біріктіреді. Еңбек іс-әрекеті көп жағдайда тұлғаның нақты жетістіктеріне тәуелді болады. Тұлғаның сәтті әлеуметтенуіне оқу мен кәсіптік іс-әрекет шешуші ықпал етеді. Мұның негіздемесі Б.И.Адаскин және К.К.Платоновтың, Ж.Ы.Намазбаеваның еңбектерінде көрініс тапқан. Тұлғаның қалыптасуына бағыттылық пен моральдық сапалар (мамандыққа бағдарлану), темпераменттік ерекшелік, дайындық деңгейі (тәжірибе), когнитивті үрдістер, тұлғаның жалпы сапалары (мінез және қабілеттер) дамуы қажет етіледі [226; 227; 122, б.129].

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мәселесін зерттеуде жүйелі тұғырды қолдану мүмкіндігін зерттей отырып (Ю.А.Конаржевский, И.О.Котлярова, Г.Н. Сериков және т.б.) [228, 229], біз аталған тұғырды жалпығылыми деңгей ретінде таңдадық. Бұл жүйелі тұғырды жүзеге асырудың зерттеу барысының тұрақты бірізділігін қамтамасыз етуімен, іс-әрекет, зерттеу мен ойлауға белгілі тәртіпті енгізуімен, сонымен бірге өмірлік құбылыстарға белгілі құрылымы және қызметінің өзіндік заңдары бар жүйелер ретінде қарастырудың қажеттілігіне бағдарлаумен байланысты болады.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту мәселесін зерттеудегі жүйелі тұғырды қолданудың мәні келесі құрамнан тұрады:

1) магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту үдерісі кәсіби даярлаудың ішкі жүйесі болып табылады, бұл оны жалпы дидактикалық принциптерді ескеру арқылы құруға мүмкіндік береді;

2) магистранттардың кәсіби мәнді сапасын педагогикалық жүйе ретінде дамытудың ашық, ықтималдық сипаты болады, икемділігімен, динамикалығымен, басқарушылығымен айрықшаланады;

3) магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту үдерісінің тиімділігі, жоғарыоқу орнынан кейінгі білім беру үдерісіне магистранттарды даярлау және арнайы педагогикалық шарттарды құру бойынша жүйелі әсерлерді ұйымдастыруға байланысты болады;

4) педагогикалық жүйе ретінде магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту, олардың ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз ететін, магистрант тұлғасының арнайы білімдері, біліктері мен дағдыларының біртұтас құрылымы болып табылады [230].

Көрсетілген қағидалар нақты-ғылыми деңгейдегі зерттеу стратегиясы болып саналатын ақпараттық тұғырмен үйлесімде толық қарастырылады. Ақпараттық тұғыр ғылыми танымның стратегиясы тұрғысынан қалыптасып келеді. Алайда қазірдің өзінде оны қолдану көптеген педагогикалық мәселелерді шешуде нәтижелі болып табылады. Н.О.Яковлеваның

тұжырымдауынша: «Жалпы түрде аталған тұғыр ақпарат теориясы тілінде күрделі жүйелердің қызметінің, құрылымдық құрамының және өзара әрекеттестігінің ақпараттық аспектісін зерттеуге және абстрактілі-жалпылаушы сипаттауға тіреледі» [231].

Ақпараттық тұғырдың жоғарыда аталған әдіснамалық тұғырлармен өзара байланысын мындай қағидалар дәлелдей түседі:

- ақпараттық тұғыр жүйенің жалпы теориясына негізделеді және жүйелер арасындағы ақпараттық өзара әрекеттестікті зерттеуге бағытталған;
- ақпаратты жүйенің ұйымдастырылуын одан ажыратып қарастыруға болмайды (жүйе ақпараттық емес бола алмайды);
- кез келген іс-әрекет ақпараттық қамтамасыз етуді қамтиды;
- іс-әрекетті түрлендіру ақпаратты өзгертуге негізделеді.

Магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыруда ақпараттық тұғырды қолдану келесі қағидаларда көрініс тапты:

1) магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту өзінің табиғаты бойынша ақпараттық болып табылады, ақпараттың сапасы оның тиімділігін анықтайды;

2) магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамытудың негізін құрайтын ақпарат білім беру үдерісі субъектілерінің тәжірибесін, олардың мақсатты және құндылық бағдарларын көрсетеді;

3) ақпараттық тұғыр бойынша магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту сыртқы ортамен тұрақты ақпаратты алмасуды қамтитын ашық жүйе болып табылады;

4) магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды ақпараттық қамтамасыздандыру, зерттеу іс-әрекетінің әдіснамасы, зерттеу іс-әрекетінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану туралы қажетті теориялық білімді қамтуы керек.

Тұлғалық-іс-әрекеттік, акмеологиялық, кешенді, жүйелілік, ақпараттық тұғырлардың көрсетілген қағидаларына сәйкес теориялық талдау жүргізу барысында бірқатар ұстанымдарға сүйендік. Олардың қатарында жалпы дидактикалық (тарихилық; ғылымилық; жүйелілік және бірізділік; теорияның практикамен байланысы; көрнекілік; белсенділік; саналылық; жауапкершілік; дербестік; оқытудың кәсіби бағыттылығы) және спецификалық (субъектілік; практиканы оқытудың қайнар көзі тұрғысынан қарастыру; көпфункционалдылық; жоғары білім берудің қайтарымдылығы және дискреттілігі, оқыту траекториясының таңдамалылығы, технологиялығы, даралығы және саралануы) ұстанымдарды атауға болады.

Жоғарыда айқындалған тұғырлар жүйесі, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін қанағаттандыратын талаптар жиынтығын анықтауға мүмкіндік берді:

1) магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінің зерттеу іс-әрекетінің мәні мен қажетті біліктерді қалыптастыру туралы теориялық-әдіснамалық білімді тереңдетуге бағыттылығы;

2) ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыруда магистранттардың бастамасы мен белсенділігінің пайда болуы және көрініс беруі үшін жағдайлар құру;

3) магистранттарды шығармашылық жеке іс-әрекетке және тұлғалық қасиеттерінің, лидерлік әлеуетінің дамуына бағдарланатын кәсіби даярлықтың мазмұнын, формалары мен әдістерін кіріктіру үдерісін қамтамасыздандыру;

4) магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын педагогикалық және зерттеу іс-әрекеттерін жүзеге асыруда, сондай-ақ туындайтын міндеттері қою және шешу барысында, өзін-өзі реттейтін іс-әрекетке сатылы жылжуға сәйкес дамыту.

Педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың құрылымдық моделін жасау барысында жоғары оқу орнының мүмкіндіктерін пайдалану мен қоғам сұранысынан туындаған талаптарды, мемлекет тарапынан қойылған міндеттерді, сондай-ақ жоғары білімнен кейінгі білім берудің жалпыға міндетті стандартында талаптарын қанағаттандыру қажеттілігі негізге алынды. Зерттеу барысында біз жасаған педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделі тұжырымдамалық-мақсаттық, мазмұндық-технологиялық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, өлшемдік-бағалаушылық құрамдардан тұрады (сурет 2).

Тұжырымдамалық-мақсаттық құрам педагогикалық ЖОО болашақ магистрлерді кәсіби даярлау үдерісінде олардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың мотивтерін, мақсаттарын, қажеттіліктерін қамтиды. Оның түпкілікті мақсаты болып кәсіби мәнді сапалары дамыған магистрант болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар таңдалады.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының мотивтері болып оның ғылыми-педагогикалық позициясының, ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке құндылық қатынасының, ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке бағдарларының дамуын қамтамасыздандыру тиістігі табылады.

Мотивациялық құрамдас бөліктер тұлғалық-маңызды мотивтерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін, магистранттарға арнайы ұйымдастырылған ынтыландырушы әсерлер арқылы жүзеге асырылатын ішкі мотивтерді сыртқы мотивтерге алмастыруды қамтиды. Атап өтетін бір жайт, мұнда магистратурада оқитын білім алушылардың спецификасы есепке алынады. Магистранттар – бұл жоғары кәсіби білім алған (бакалавр дипломы) және белгілі кәсіби тәжірибесі бар мамандар, сондықтан олардың оқуға деген жоғары мотивациясы болады. Нәтижесінде, магистрант білімгер ретінде емес, білім алушы тұрғысынан қарастырылады. Осы тұрғыдан ол дербестікке, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі басқаруға ұмтылады; оқытудың қайнар көзі ретінде қолданылатын практиканы жан-жақты меңгереді; нақты мақсатқа жету үшін маңызды өмірлік мәселені шешу үшін оқиды. Сондықтан, мотивациялық құрамдасағы магистерлік бағдарламаларды меңгеру деңгейінде өзіндік білім



Сурет 2 – Педагогикалық мамандықтар магистранттарының КМС дамыту моделі

алу іс-әрекетіне бағытталған мүлдем басқа әдістер, тәсілдер мен құралдар өзектіленуі қажет.

Аталған блоктың мақсатты құрамдасы зерттеу жұмысымымыздың пәніне сәйкес педагогикалық жоғары оқу орны магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыру болып табылады. Әрбір іс-әрекет ортақ мақсатқа бағынуы қажет. Осы мақсат магистранттардың білім, білік және дағдыларын және олардың ғылыми-зерттеу, педагогикалық іс-әрекетке жағымды қатынасын қалыптастыру бойынша мақсатты бағытталған жұмысты талап ететін, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінің мазмұнды және технологиялық қырларын анықтайды. Сондықтан, модельдің келесі компоненті ретінде мазмұнды-технологиялық құрам алынады, ол магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру үшін қажетті білім және біліктерді меңгеруге бағытталған.

Мазмұнды-технологиялық құрам магистранттарға нақты оқу пәндерін оқыту, зерттеу және педагогикалық практика барысында, ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында олардың зерттеу іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Аталған компонент оқытушы, тәрбиелік және дамытушы функцияларды атқарады.

Жүйедегі аталған компоненттің оқытушы функциясы, магистранттардың қарастырылған оқу пәндерін оқу және іс-әрекеттің алуан түрлерін орындау үдерісінде, зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды меңгеретінінен құралады. Тәрбиелік функция зерттеушінің кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыруға, олардың өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға және өзіндік білім алуға саналы ұмтылысына бағытталған. Дамытушы функцияшығармашылық ойлауды, зерттеу мәдениетін дамыту үшін қажетті жағдайларды құруды қамтиды.

Аталған компоненттің аясында даярлықтың өзара байланысқан екі түрі жүзеге асырылады: теориялық және практикалық.

Теориялық даярлық магистранттардың әдіснамалық зерттеу білімдерін меңгеруге бағытталған. Біз Ш.Т.Таубаеваның, А.А.Булатбаеваның пікірлеріне негізге ала отырып ғылыми-зерттеу және қайта жасау іс-әрекетін жақсартуда жетекші рөл атқаратын әдіснамалық білімнің аспектілерін дамытуды қажет деп санаймыз [232].

Ең алдымен, бұл ғылыми зерттеудің әдіснамасы, педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және жоспарлау, педагогикалық зерттеуді табысты ұйымдастыру және жоспарлаудың шарттары туралы білімдер болып табылады. Әдіснамалық білім бірнеше құрылымдық деңгейлерден тұрады. Ғалымдар мұның әртүрлі деңгейлерін айқындайды. Біз аса кең тараған құрылымдық модельді ұстанамыз, онда 3 деңгей анықталған: жалпы-ғылыми әдіснама деңгейі - зерттеудің жалпы-ғылыми принциптері мен формаларын зертеуді, ғылыми тұжырымдамаларды, жалпы-ғылыми әдіснамалық тұғырларды, философиялық-дүниетанымдық білімді қамтиды; нақты-ғылыми әдіснама деңгейі — нақты-ғылыми принциптерді, тұжырымдамалар мен теорияларды зерттеуді, нақты-әдіснамалық тұғырлар, категориялар мен ұғымдарды қамтиды; зерттеу процедурасы мен техникасының деңгейі — зерттеуді ұйымдастырудың әдіснамалық нормаларын меңгеруге, зерттеуді жүргізу тәсілдерінің талаптарын, жүргізілген зерттеудің әдістемесі мен техникасын, зерттеу нәтижелерін өңдеу, жалпылау, интерпретациялау және ұсыну тәсілдерін меңгеруге бағытталады.

Теориялық даярлық маманды жоғары әдіснамалық деңгейде іргелі және қолданбалы тұрғыда даярлауды қамтамасыз ететін, психологиялық-педагогикалық және арнайы пәндерді оқыту арқылы жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық пәндердің көмегі арқылы: «Ғылым тарихы және философиясы», «Педагогика тарихы және білім беру философиясы», «Педагогика», «Психология», «Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы және философиясы» және т.б. пәндерді оқыту барысында, магистранттар философиялық-дүниетанымдық білімді меңгереді, ғылымның даму үрдістерімен танысады, жалпы-ғылыми

әдіснамалық тұғырларды, қисынды-әдіснамалық тұжырымдамаларды, зерттеудің жалпы-ғылыми принциптері мен формалары, ғылыми тұжырымдамаларды меңгереді.

Теориялық даярлықтың маңызды бөлігі тұрғысынан оқытудың жеке траекториясын жүзеге асыруға және кәсіби мәнді сапаларды дамытуға ықпал етуге мүмкіндік беретін элективтік курстар алынады. Мұндай курстардың бірі ретінде, «АІ теориялық-әдіснамалық негіздері» алынады. Біз құрастырған курстың мазмұны жалпы-ғылыми әдіснамалық зерттеу білімін меңгеруге бағытталған.

«ЖОО-да оқыту технологиясын және білім берудің мазмұнын құрастырудың ғылыми-теориялық негіздері», «Инновациялық педагогика», «Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «Білім беру саландағы менеджмент», «Қазіргі ғылымның тарихы мен жай-күйі» арнайы пәндерін оқыту, нақты-ғылыми педагогикалық білімді меңгеруге бағытталған. Сондықтан, аталған пәндерді оқыту үдерісінде біздің ойымызша, магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне даярлығын тиімді қалыптастыру мақсатында, технологиялық кмпонентті ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет.

Бірақатар оқу пәндеріне біз магистранттарды зерттеу іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру жүйесінде ерекше орын береміз, себебі аталған пәндерді әрі қарай оқыту магистранттардың табысты өзіндік ғылыми іс-әрекеті үшін қажет. Мұндай пәндердің бірі ретінде, «Ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістері» пәні алынады. Аталған курсты оқыту педагогикада ғылыми зерттеудің әдіснамасы бойынша магистранттардың білімін қалыптастыруға, педагогикалық зерттеудің логикалық құрылымы және оның ғылыми аппараты туралы білімді меңгеруге, эксперименттің процедурасы мен негізгі сипаттамалары, педагогикалық эксперименттегі дәлелдердің логикасы туралы білімді қалыптастыруға, зерттеу біліктерін дамытуға ықпал етеді.

Модельдің мазмұнды-технологиялық саласы аясындағы практикалық даярлық, ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің процедурасы мен техникасының білімдері мен біліктерін меңгеруді қамтиды.

Магистранттардың негізгі іс-әрекеттері ғылыми-педагогикалық болып табылғандықтан, біз зерттеу барысында оқу нәтижесінде қол жеткізілетін педагогикалық қабілеттер мен зерттеу біліктеріне аса мән береміз.

Соның ішінде, мазмұндық технологиялық блокта зерттеу барысында өзіміз негіздеген кәсіби мәнді сапаларға аса мән береміз. Атап айтқанда:

1) педагогикалық:

- кәсіби білімділік (мемлекеттік стандартта, бағдарламалар мазмұнында берілген білімдерді терең меңгеру; жаңа білімдерді игеру, танып білу, жете ұғыну, одан ләззат алу және т.б.);

- дидактикалық (оқыту ұстанымдарын, әдістерін, амал-тәсілдерін, құралдарын, формаларын жете меңгеру; оқу-тәрбие материалын іріктеп ала білу, жобалай, жасай білу; үйрету, оқыту, түсіндіру біліктерінің болуы);

- инновациялық (жанашылдық, жаңа технологияларды меңгеру және қолдану және т.б.);

- шешендік (шешен сөйлеу, дауды шеше алу, билік айта білу, әділ шешім қабылдау, дана сөйлеу және т.б.);

- шеберлік (эстетикалық, көркемдік, сөйлеу мәдениеті, педагогикалық әдеп, педагогикалық такт және т.б.);

2) тұлғалық:

- жалпы азаматтық (отанға, қоғамға қызмет ету, нормативтік-құқықтық заңдарды, құжаттарды білу және т.б.);

- рухани-адамгершілік (рухани-мәдени құндылықтар, адамгершілік әрекеттер, адами қасиеттер және т.б.);

- коммуникативтік (адами қарым-қатынас, субъект-субъектілік қарым қатынас; педагогикалық ынтымақтастық және т.б.);

- жоғары тәрбиелілік (мәдениеттілік, толеранттылық, ұрпақ тәрбиелей алушылық, ұрпаққа үлгі болу, идеалдыққа ұмтылу және т.б.);

3) лидерлік:

- харизматикалық (ықпал етушілік, жаулап алушылық, тәуелсіздік, шешендік, жағымдылық, қуаттылық, киелілік (қасиеттілік) және т.б.

- стратегиялық (стратегиялық қырағылық, стратегиялық бағыттылық, даму саясатын білу, болашағын алдын ала болжап білу, ұзақ мерзімді жоспарлар жасау, дұрыс тактика таңдау және т.б.);

- ұйымдастырушылық (шәкірттерін әр алуан қарекет түрлеріне еліктіріп, тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу, жауапкершілік, іскерлік, өз еркімен қатысуын қамтамасыздандыру, ұйымшылдық, дербестік, өзін-өзі бақылаушылық, зерттеу іс-әрекетін жоспарлау; зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу; зерттеу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру және т.б.);

- көшбасшылық (бастамашылдық, тәуекел сүйгіштік, батылдық, жігерлілік, өзіне сенімділік, сендіре білушілік, құзыреттілік, жекелік, қадағалаушылық, мақсатқа жетушілік, шешімпаз, балаларды соңынан ерте алушылық, өзгеріс жасай алушылық және т.б.);

- интеллектуалдық (білімділік, білімге құштарлық, өнерге құштарлық, парасаттылық, жадында сақтаушылық, біліктілік, зияткерлік, әлеуетін дамытушылық, ізденімпаздық және т.б.):

4) психологиялық:

- психофизиологиялық (өзін-өзі көкейкестендіру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі белсендіру және т.б.);

- мотивациялық (мамандығына қызығушылығы, жағымды қарым-қатынасы, оң ұстанымы және т.б.);

- перцептивтік (баланың ішкі жан дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жай-күйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік);

- эмоционалдық-еріктік – (эмоционалдығы, тұрақтылығы, шыдамдылығы, стресске тұрақтылығы және т.б.)

- креативтілік – (эмоциялық – бейнелік қасиеттер: шығармашылық жағдайлардағы шабыттылық, жігерлілік, эмоциялық өрлеу; байқампаздық, қиял, елестету, ішкі күйзелісті жеңу қабілеті, зеректік, ойдан шығаруға дайындық; сыни ойлау, ойлаудың шыңына жету және т.б.)

5) зерттеушілік:

- әдіснамалық (жалпы-ғылыми және жеке-ғылыми әдістерді қолдану, әдіснамалық тұғырларды қолдану, ғылыми танымның әдіснамасы туралы білімі);

- аналитикалық (әдебиеттермен жұмыс істеу, алынған ақпаратты талдау, қайта өңдеу, әрі қарай қолдануды болжау, жаңа ақпаратты жасау, ақпараттарды қолдану, коммуникацияның компьютерлік құралдарын, зерттеу әдістерін қолдану және т.б.);

- болжаушылық (ғылыми эрудиция, нысананы көздеушілік, зерттеу іс-әрекетінің нәтижесін көре білу, мәселені шешудің болжамын ұсыну);

- жобалау-құрастырушылық (мәселені құрастыру, ғылыми стильді меңгеру, мәселенің шешімдерін талдау, эксперименттің техникасы мен әдістемесін құрастыру;

- нәтижелілік (эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижелерін шығару, нәтижелерді сандық және сапалық талдау; теорияның тұжырымдарымен нәтижелерді салыстыру және бағалау, тұжырымдарды құрастыру, зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру және т.б.).

Технологиялық құрамы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың аса оңтайлы формаларын, әдістері мен құралдарын қолдануды қамтиды. Ол үшін біз магистранттың белсенді позиция ұстанатын және толыққанды түрде өзіндік «Менін» көрсете алатын оқу ұйымдастырушылық формаларын іріктеп алдық.

Магистрлердің өзіндік, кәсіби, жалпы-мәдени, әлеуметтік, шығармашылық мүмкіндіктеріне қойылатын талаптардың біршама артуы, оқытудың заманауи ұйымдастырушылық, жаңа формаларын инновациялық технологияларды қолдану негізінде құрастыруды талап етеді, олардың тиімділігі Н.С. Әлғожаева, Н.А. Морева, С.А. Мухина, К.М.Беркімбаев, С.Т.Мухамбетжанова және т.б. зерттеулерінде көрсетілген [233, 234, 235, 27, б.34]. Олардың арасында модульдік технология, интерактивті технологиялар, компьютерлік технологиялар маңызды орын алады.

Практикада біз оқу сабақтарының келесі ұйымдастырушылық формаларын қолданамыз: оқу сабақтары, инновациялық технологияларды қолдану арқылы (слайд-дәрістер, проблемалық дәрістер, зерттеу тапсырмаларын орындау арқылы практикалық сабақтар, семинар-пікірталастар, «іскерлік ойын» түріндегі семинарлар), сонымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудың оқудан тыс формалары (жас ғалымдар мектебінде оқыту, ғылыми-практикалық конференцияларға, конкурстар, олимпиадаларға қатысу).

Біз қолданатын оқу және оқудан тыс зерттеу іс-әрекетінің ұйымдастырушылық формаларының жиынтығы, оны жүйелі түрде жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайларды құрады.

Зерттеу және педагогикалық іс-әрекеттің біз таңдаған ұйымдастырушылық формаларына, даярлықтың мақсаттары мен мазмұнына сүйеніп, біз магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту әдістерін анықтадық.

Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыруда, біз оқытудың белсенді, проблемалық және зерттеу әдістерінің өзара әрекеттестігін қолданамыз: логикалық ойлау әдісі, проблемалық-мотивациялық жағдаяттарды параметрлік талдау, микротоптардағы бірлескен жұмыс, «Ғылыми пікірталас» іскерлік ойыны, зерттеу әдісі, материалды жүйелеу және сызбалау әдістері, жобалау зерттеу тапсырмаларын орындау және т.б. Әдістердің әрқайсысы өздерінің функцияларын орындай отырып, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың жеке тәжірибесіне, бейсанасына, эмоцияларына сүйену арқылы, олардың дербестігін және шығармашылық белсенділігін ынталандырады.

Аталған жұмыста магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту құралы тұрғысынан оқытушы мен магистранттардың іс-әрекет құралдары алынады, олар ақпаратты таратушы және іс-әрекет инструменттері ретінде білім беру үдерісіне енгізілген материалдық және идеалды объектілерді білдіреді. Біз қолданған барлық құралдар 3 топқа бөлінді: ақпараттық-коммуникациялық құралдар (жаһандық және локальды желілердің ақпараттық ресурстары, компьютерлік анықтамалық жүйелер және энциклопедиялар, арнайы әдебиет, кітапханалар және т.б.), әдістемелік құралдар (зерттеу және педагогикалық практикасының бағдарламасы, магистерлік диссертацияны даярлау және қорғау бойынша әдістемелік құрал), оқытушы құралдар (зерттеу тапсырмалары, зерттеу міндеттері, «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері»)» элективтік курс, өзіндік білім алушы бағдарламалар, психологиялық тренингтердің бағдарламасы).

Біздің зерттеуімізде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың маңызды құралдарының бірі ретінде, педагогикалық және зерттеу практикасы, сонымен бірге магистранттың өзіндік ғылыми-зерттеу жұмысы алынады.

Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңаша теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік мәліметтерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі. Педагогикалық практика магистрантқа өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыруда зерттеу білімі мен біліктерін қолдануға мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының аясында — ғылыми-әдістемелі кеңестер, жеке зерттеу таырыбымен жұмыс (магистрлік диссертация). Жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу жұмысының кешенді жүйесін ұйымдастыру және ендірудің негізгі мақсаты ретінде, білім алушылардың ғылыми, зерттеу және шығармашылық жұмыстарды орындау әдістерін, тәсілдерін және дағдыларын меңгеру арқылы мамандарды даярлау деңгейін арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін, өзбетінділігін, оқудағы және болашақ іс-әрекеттегі бастамашылдығын дамыту алынады. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде, олардың кәсіби мәнді сапаларын

дамытудың алдыңғы сатыларында меңгерге тәжірибесі мен біліктерін шоғырландыратын бітіруші біліктілік жұмысы алынады.

Өзіндік зерттеу еңбегін орындауда, магистрант өзінің кәсіби және шығармашылық тәжірибесіне сүйенеді, іс-әрекеттің аталған түрінде табысты қамтамасыз ететін өзіндік зерттеу әрекеттеріне және кәсіби-маңызды сапаларына өзіндік талдауды және өзіндік бағалауды жүзеге асырады. Іс-әрекеттің осы түрін жүзеге асыруда магистранттың өзбетінділік дәрежесі, оның зерттеу іс-әрекетіне даярлығының аса жоғары деңгейіне өтуімен артады, нәтижесінде, магистранттың зерттеу құзыреттілігін әрі қарай қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің мазмұнды-технологиялық құрамы, оқытудың формалары, әдістері, тәсілдері мен құралдарын, білім берудің мазмұнының құрылымын жобалауды қамтиды. Оның жиынтығын жоғары білімнен кейінгі білім берудің магистратура сатысында кәсіби даярлық үдерісінде қолдану, кешенді түрде және өзара байланыста кәсіби мәнді сапалардық барлық компоненттерін қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Модельдің ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік құрамы жоспарлау, технологиялық блок мазмұнын даярлау, эксперимент субъектілерін анықтау, анықтау, қалыптастыру, қорытындылау іс-әрекеттерінен тұрады және оны жүзеге асыруды қамтамасыздандырады.

Модельдің өлшемдік-бағалаушы құрамы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму үдерісінің тиімділігі, білім алушылардың білімді меңгерудегі қиындықтары мен жетістіктері, талап етілетін біліктер мен дағдыларды дамыту туралы ақпаратты дер кезінде алуды қамтамасыз етеді. Модельдің құрылымындағы аталған компонент бірқатар функцияларды атқарады: ақпараттық (магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуы деңгейі туралы мәліметтерді ұсыну), бақылаушы (магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінің үрдістерін айқындау, осы үдеріске әсер ететін байланыстардың арасында байланыс орнату), ынтыландырушы (магистранттың өзіндік күшіне деген сенімділігін қалыптастыру, оны белсенділікке және өзбетінділікке ояту, болашақ іс-әрекетке қызығушылығын ояту), рефлексивті (білім беру үдерісінде магистранттардың субъектілі позициясын қамтамасыз ету, олардың өзіндік тәжірибесін саналы ұғыну).

Аталған құрамды жүзеге асыру әдістері ретінде, бағалау, өзіндік бағалау, тестілеу, сауалнама алынады.

Осы құрамның маңыздылығы сонда бұл, магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуын өлшеуді қамтамасыздандырады. Осыған байланысты, зерттеу барысында педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапалары дамығандығын өлшейтін өлшемдер мен көрсеткіштерді, оларға сәйкес деңгейлерін белгілеп алдық (кесте 5). Осы өлшемдер үш компоненттің аясында қарастырылды.

Мотивациялық-құндылық – ізгіліктік құндылықтарға сәйкес іс-әрекеттің тұрақты мотивтерін, түрткісін қалыптастыруды қарастырады (кәсіби мәнді

сапалардың дамуын жеке психологиялық күйі тұрғысынан қабылдау; аталған дамуға ұмтылушылық; ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінде осы сапаларын көрсетуге тілегінің, түрткісінің болуы және т.б.).

Осыған байланысты мотивациялық-құндылық өлшемдері болып магистранттардың мамандығына қызығушылығы; кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасы; кәсіби мәнді сапаларын дамытуға түрткісі және т.б. табылады. Танымдық-процессуалдық – магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын танытуға қажетті теориялық-әдіснамалық және дидактикалық-әдістемелік білімдерін қалыптастыруды көздейді. Осы компоненттің танымдық мазмұны кәсіби білімдерін және меңгерген білімдерін кәсіби іс-әрекеттерде қолданаалу іскерліктерін қамтамасыздандыратын теориялық-әдіснамалық және технологиялық білімдерден тұрады. Аталған компонент құрамымагистратурада кәсіби магистранттарға кәсіби мәнді сапасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық оқу-тәрбие беру, зерттеу ортасын құрайды. Осы компоненттің екінші процессуалдық құрамы магистранттардың кәсіби мәнді сапасын көрсете алу іскерлігін, практикалық іс-әрекетке қабілеттілігін танытатын жағдайлардың мүмкіндігін қарастырады. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерде, жағдаяттарда педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерін, тұлғалық қасиеттерін, лидерлік әлеуетін, психологиялық сапаларын таныта алуын қамтамасыздандырады. Осыған байланыстымагистранттың танымдық мазмұнды белсенді меңгеруге қажетті жағдай тудырады. Кері байланыстың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан танымдық-процессуалдық компонент алдыңғы мотивациялық-құндылық компонентпен өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады. Танымдық-процессуалдық өлшемдері болыпғылыми-педагогикалық іс-әрекеті туралы білімінің толықтығы; ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында кәсіби мәнді сапаларын танытуы және т.б. саналады.

Кесте 5 – Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапалары дамуының өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері		
		<i>төмен деңгей</i>	<i>орта деңгей</i>	<i>жоғары деңгей</i>
Мотивациялық-құндылық	Мамандығына қызығушылығы; кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасы; кәсіби мәнді сапаларын дамытуға түрткісі және т.б.	Мамандығына қызығушылығы жоқ. Кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасы байқалмайды. Кәсіби мәнді сапаларын дамытуға талпынбайды.	Мамандығына қызығушылығы бар. Кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасын ішінара танытады. Кәсіби мәнді сапаларын дамытуға талпынысы байқалады, бірақ, оның маңызын, әлеуметтік мәнін түсінуі жеткіліксіз.	Мамандығына қызығушылығы айқын байқалады. Кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасы бар. Кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігі мемлекет сұранысынан туындап отырғанын, қоғам үшін мәнділігін толық түсінеді. Осы саладан тұрақты қызығушылығын, білімдерін таныта алады
Танымдық-процессуалдық	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеті туралы білімінің толықтығы; ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында кәсіби мәнді сапаларын танытуы және т.б.	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінен білімі төмен. Кәсіби мәнді сапаларын білмейді. Оның педагог үшін мәнділігін түсінбейді. Ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында белсенділік танытпайды. Сыни жағдаяттарда кәсіби мәнді сапаларын көрсете алмайды.	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекет туралы білімдері бар. Кәсіби мәнді сапа түрлерін біледі. Бар түсініктерін ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында ішінара байқатады. Осы саладан педагогикалық, зерттеу іскерліктерін айтарлықтай біледі, бірақ тұрақты көрсете алмайды. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерде ішінара белсенділік және жекелік таныта алады. Өзіне сенімділігі аз, сол себепті тұлғалық қасиеттері мен лидерлік қабілеттерін көрсете бермейді.	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттен білімі жеткілікті. Кәсіби мәнді сапаларды жақсы меңгерген. Оларды ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында көрсетуге ұмтылады. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерде белсенділік танытады. Кәсіби іс-әрекетінде тұлғалық қасиеттері мен лидерлік қабілеттерін көрсете алады. Ғылыми-педагогикалық сыни, проблемалық жағдаяттарда жігерлілік танытады, оң шешім табады.
Рефлексивтік бағалаушылық-	Өзінің кәсіби мәнді сапаларын дамытуды жете түсінуі, өзін-өзі көкейкестендіруі, өзін-өзі жетілдіруін ұғынуы мен өздігінен бағалауы және т.б.	Өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін талдауға, кәсіби мәнді сапаларын дамытуға ұмтылмайды, өздігінен бағалай алмайды. Өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылмайды.	Өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетіндегі кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттігін түсінеді. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерін талдаудың амал-тәсілдерін меңгеруге ұмтылады. Бірақ оларды талдау, бағалау барысында өзгелердің көмегіне сүйенеді. Өзін-өзі көкейкестендіруі, өзін-өзі жетілдіруі ішінара байқалады.	Өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінде кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттігін жете түсінеді. Оларды өздігінен талдайды және бағалай алады. Кәсіби іс-әрекетіндегі қажеттілікті, кәсібилікті, ғылымилықты, адамилықты, жағымдылықты ажырата алады. Өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.

Рефлексивтік-бағалаушылық – магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттігін түсінуді, педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерді талдаудың амал-тәсілдерін жете ұғынуын, өзін-өзі көкейкестендіруін, өзін-өзі жетілдіруін түсінуін және өзінің педагогикалық-зерттеушілік іс-әрекеттеріне, кәсіби мәнді сапаларының дамуына өзіндік талдау жасау мен өздігінен бағалауын, алынған нәтижелерді қойылған мақсаттармен біріктіруін танытады. Осы компоненттің өлшемдері болып өзінің кәсіби мәнді сапаларын дамытуды жете түсінуі, өзін-өзі көкейкестендіруі, өзін-өзі жетілдіруін ұғынуы мен өздігінен бағалауы және т.б.

Жоғарыда көрсетілген мотивациялық-құндылық, танымдық-процессуалдық, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттерінің өлшемдеріне сәйкес педагогикалық мамандықтағы магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуы көрсеткіштерінің үш деңгейін (жоғары, орта және төмен) анықтадық:

Төмен деңгей. Мамандығына қызығушылығы жоқ. Кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасы байқалмайды. Кәсіби мәнді сапаларын дамытуға талпынбайды. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінен білімі төмен. Кәсіби мәнді сапаларын білмейді. Оның педагог үшін мәнділігін түсінбейді. Ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында белсенділік танытпайды. Сыни жағдаяттарда кәсіби мәнді сапаларын көрсете алмайды. Өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін талдауға, кәсіби мәнді сапаларын дамытуға ұмтылмайды, өздігінен бағалай алмайды. Өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылмайды.

Орта деңгей. Мамандығына қызығушылығы бар. Кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасын ішінара танытады. Кәсіби мәнді сапаларын дамытуға талпынысы байқалады, бірақ, оның маңызын, әлеуметтік мәнін түсінуі жеткіліксіз. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекет туралы білімдері бар. Кәсіби мәнді сапа түрлерін біледі. Бар түсініктерін ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында ішінара байқатады. Осы саладан педагогикалық, зерттеу іскерліктерін айтарлықтай біледі, бірақ тұрақты көрсете алмайды. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерде ішінара белсенділік және жекелік таныта алады. Өзіне сенімділігі аз, сол себепті тұлғалық қасиеттері мен лидерлік қабілеттерін көрсете бермейді. Өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетіндегі кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттігін түсінеді. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерін талдаудың амал-тәсілдерін меңгеруге ұмтылады. Бірақ оларды талдау, бағалау барысында өзгелердің көмегіне сүйенеді. Өзін-өзі көкейкестендіруі, өзін-өзі жетілдіруі ішінара байқалады.

Жоғары деңгей. Мамандығына қызығушылығы айқын байқалады. Кәсіби іс-әрекетіне оң қатынасы бар. Кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігі мемлекет сұранысынан туындап отырғанын, қоғам үшін мәнділігін толық түсінеді. Осы саладан тұрақты қызығушылығын, білімдерін таныта алады. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттен білімі жеткілікті. Кәсіби мәнді сапаларды жақсы меңгерген. Оларды ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасында көрсетуге ұмтылады. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерде белсенділік танытады. Кәсіби іс-әрекетінде тұлғалық қасиеттері мен лидерлік қабілеттерін көрсете алады. Ғылыми-педагогикалық сыни, проблемалық жағдаяттарда жігерлілік танытады, оң шешім табады. Өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінде

кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттігін жете түсінеді. Оларды өздігінен талдайды және бағалай алады. Кәсіби іс-әрекетіндегі қажеттілікті, кәсібилікті, ғылымилықты, адамилықты, жағымдылықты ажырата алады. Өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.

Сонымен, қоғамның әлеуметтік сұраныстарын есепке ала отырып, тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік, ақпараттық, акмеологиялық, кешенді тұғырлардың негізінде, біз тұжырымдамалық-мақсатты, мазмұнды-технологиялық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік және өлшемдік-бағалаушылық құрамдардан тұратын, магистранттың субъектілі тәжірибесіне бағыттылықпен, педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекетіне белсенді ынталанудымен сипатталатын магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жасадық.

Осы жасалған модельді педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары білімнен кейінгі білім берудің магистратура сатысындағы кәсіби даярлауда тиімді жүзеге асыру мақсатында педагогикалық шарттарды айқындаудың және оларды тәжірибелік-эксперименттен өткізудің қажеттілігі туады. Ол туралы диссертацияның үшінші тарауында баяндалады.

3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО-нда МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

3.1 Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жүзеге асырудың педагогикалық шарттары

Педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін тиімді жүзеге асырудың шарттарын айқындау барысында «педагогикалық шарт» түсінігінің мәнін ұғыну қажеттілігі туады.

«Шарт» – бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайтын зат пен қоршаған ортаның арасындағы қарым-қатынас категориясы тұрғысынан түсіндіріледі. Белгілі бір құбылыстар пайда болатын, өмір сүретін макро не микро әлем сол шартты құрайды. Шарт – ол объектілер (заттардың, олардың жағдайының, арақатынасының) кешенінің құрамы, бұлардың өміршеңдігінен осы құбылыстардың да өмір сүру қажеттілігі туындайды» [237].

Ғылыми әдебиеттерде «фактор» және «шарт» ұғымдарының арасындағы нақты айырмашылықтың болмауы атап көрсетіледі. «Фактор — бұл объективті жағдай және зерттеушінің таңдаған әрекет тәсіліне әсер ететін жағдай»; «Шарт – бұл белгілі бір тиімді әрекет етуге мүмкіндік тудыру үшін зерттеушінің арнайы жасайтын жағдайы» [238].

Ал, оқыту үдерісінде құрылатын дидактикалық шарттар «білім беру үдерісі жүзеге асырылатын және тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешудің тиімділігін анықтайтын педагогикалық шындықтың жиынтығы» ретінде түсіндіріледі [239].

Н.М. Яковлева зерттелетін құбылыстың тиімді қызметі мен дамуының педагогикалық шарттарын қарастыру барысында олардың «зерттелетін ғылыми құбылыстың аса өнімді қалыптасуын қамтамасыз ететін іс-шаралардың арнайы іріктелген жүйесін» сипаттайтынын атап көрсетеді [239, б.7]. Сондықтан, зерттелетін педагогикалық құбылыстың ортасын құрайтын объектілердің барлық жиынтығынан оған аса позитивті әсер ететінін таңдау маңызды. Осыған сүйене отырып, біздің зерттеуімізде педагогикалық шарттар деп, магистранттың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды қажетті деңгейіне жеткізуді қамтамасыздандыратын оқу-тәрбие үдерісіндегі іс-шаралар кешені түсіндіріледі.

Педагогикалық шарттарды айқындау барысында магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру моделінің тиімді жүзеге асыру мақсатында ҚР жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге алдық [87, б.3]. Сондай-ақ, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің мәніне, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту компоненттерінің мазмұны мен құрылымына, жүйелілік, ақпараттық және тұлғалық-іс-әрекеттік, акмеологиялық, кешенді тұғырлардың негізгі қағидаларын басшылыққа алдық. Аталған құжаттар мен қағидаларды талдау нәтижесінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің тиімді қызмет етуінің мынадай педагогикалық шарттарын айқындадық:

1) кәсіби даярлықтың барлық сатыларында магистранттарды ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру;

2) оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру;

3) магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау.

Бірінші шарт көп жағдайларда магистрант тұлғасының танымдық, интеллектуалды жән шығармашылық әлеуетінің деңгейі ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу үдерісінің мазмұнынан талап етілетіндігімен анықталады. Осы тұрғыдан магистратурадағы білім беру сапасын қамтамасыздандыру алдыңғы қатарға шығады.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, білім беру үдерісінің сапасы, тек қана ақпараттың көлеміне ғана емес, оны құрылымдау және тарату логикасына, оқу тапсырмаларының мазмұнына, ақпаратты меңгеру әдістеріне, іс-әрекет түрлеріне байланысты болады. Оқу ақпаратының мазмұнын ұсынудағы барлық аспектілерді ескере отырып, магистратураның білім беру үдерісінде магистранттарды кәсіби даярлау сапасын арттыру шарты тұрғысынан тиімді ақпараттық-зерттеу ортасын құру қажеттілігі пайда болады.

«Ақпараттық оқу-тәрбие зерттеу ортасы» ұғымының негізіне, педагогикада салыстырмалы түрде кейінгі кезде пайда болған «білім беру ортасы» ұғымы алынады. Мұнда ғалымдар қолданылатын ұғымды әртүрлі тұрғыда түсіндіреді:

- тұлғаның қажеттіліктер кешенін қанағаттандыруға арналған педагогикалық ұйымдастырылған шарттар жүйесі (В.С.Мухина) [241];

- білім беру міндеттері аясындағы психологиялық, әлеуметтік және ақпараттық орта (А.С.Обухов) [242];

- білім алушылардың кәсіби өзіндік санасын қалыптастыру және тұлғалық-кәсіби дамытудың ұйымдастырушылық формалары (Е.А.Семенова) [243].

Осы айтылғандар бізге магистратурадағы білім беру ортасын ғылыми-педагогикалық орта тұрғысынан қарастыру қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты магистратурадағы білім беру үдерісіндегі ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеуортасы деп, біз магистранттардың оқу-танымдық және зерттеу іс-әрекетін табысты ұйымдастыруға ықпал ететін, ақпараттың сапалық ауқымын қамтамасыз ететін, психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесін түсінеміз.

Ғылыми-педагогикалық іс-әрекет мұнда оқу-тәрбие үдерісін бірыңғай жүйеге кіріктіретін фактор тұрғысынан қарастырылады. Соның нәтижесінде тұлғаның дамуы, магистратураның білім беру үдерісіне қатысушылардың педагогикалық және зерттеуші құзыреттіліктерінің дамуы жүзеге асады. Сол себепті ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасы білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының тиімді өзара әрекеттестігінің бірыңғай кеңістігін қамтамасыз етуі қажет.

Қазіргі уақытта магистратураның ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасындағы негізгі тірек болып табылатын белсенді іс-әрекетінің педагогикалық және зерттеу іс-әрекетін дамытудың негізіне айналған кезінде,

білім берудің негізгі және бірыңғай мақсатындағы білімдер білім алушылардың тұлғасын дамыту құралына айналады.

Осы тұрғыдан жалпы ғылыми әдіснамалық білімдерді қалыптастырудың қажеттілігі туындайды. Өйткені магистрлік даярлықтың ерекшеліктеріне сүйеніп, магистранттардың әдіснамалық білімін оларды даярлаудың инвариантты құрамдасы тұрғысынан қалыптастырудың қажеттілігі негізделетін болады.

Ш.Т.Таубаева, А.А.Булатбаева магистранттардың оқу пәнінің мазмұнында меңгерілетін зерттеу іс-әрекетінің құрылымындағы әдіснамалық білімнің құрамындағы негізгі терминдер мен ұғымдарды айқындап көрсетті. Олардың қатарында болмыстың деректері және ғылыми деректер, ғылыми білімнің жүйесі, іс-әрекет тәсілдері, бағалаушы білімдерді құрайтын ғылым мен теорияның негізгі заңдарын атап көрсетті [232, б.7].

Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің жалпы-ғылыми әдіснамалық білімдерін меңгерту үдерісі магистранттардың әдіснамалық зерттеуші білімдерін қамтамасыздандырады. «Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективті курсы пайдалануды ұсынамыз.

Магистранттардың ғылыми-педагогикалық білімін меңгерудегі саналы ұғынылған қызығушылығы, олардың білімді тұрақты меңгерудегі және практикада қолданудағы белсенділігі, магистранттардың даярлау бағдарламасына зерттеу міндеттері мен тапсырмаларын кең қолдануды енгізу есебінен жүзеге асырылады. Бұл келесі деректермен негізделеді:

а) міндеттің дидактикалық мәртебесі мақсат пен оған жетудің құралдарының диалектикалық бірлігін сипаттайды: бір жағынан, міндет — бұл мазмұнды ұсынудың формасы, ал екінші жағынан — белсендіру, басқару мен өзін-өзі басқару, ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыру, диагностика және өзіндік диагностика тәсілі [244] және т.б.)

б) міндет іс-әрекеттің алуан түрлі типтерінің негізін қалайтын буын болып саналады, ол оқытушыға білім алушылардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін болжау мүмкіндігін ұсынады, нәтижесінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды тиімді басқару мүмкіндігін ұсынады [245] және т.б.).

Н.М.Яковлева «...студенттердің танымдық мәселелерді шешу барысында, өздеріне таныс әдістерді қолданып және педагогикалық зерттеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін меңгеріп, нәтижесінде тәрбие теориясы мен тәжірибесі үшін қызығушылық танытатын өзіндік тұжырымдар жасай алатын міндеттерді» негіздейді [246].

Зерттеу барысында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінде жүзеге асырылатын, бірте-бірте күрделенетін зерттеу міндеттері мен тапсырмаларды анықтадық:

1) педагогикалық-зерттеушілік — білімді бекітуге; ақпарат көздерінің мәселесін шешуге үшін қажетті салыстырмалы талдауды жүзеге асыратын біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Практикалық маңыздылық тануда, саналы ұғынуда, есте сақтауда көрініс табады.

2) зерттеушілік-логикалық – шешу алгоритмі таныс емес, аталған міндеттерді шешуде талдау, салыстыру, жалпылау және т.б. логикалық процедуралар басым болады.

3) зерттеушілік-эвристикалық міндеттер — шешу алгоритмі таныс емес, аталған міндеттерді шешуде болжамды ұсынумен, аналогты немесе талқылаудағы аналогияны іздеумен және қолданумен байланысты эвристикалық процедуралар басым болады.

Бірінші, екінші деңгейдегі міндеттер әртүрлі оқу пәндерін оқыту барысында шешіледі, сонымен бірге педагогикалық және зерттеу практикасынан өту кезінде шешіледі; үшінші деңгейдегі міндеттер – магистерлік диссертацияны жазу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының барысында шешіледі.

Бұдан басқа, ақпараттық-зерттеу ортасының қажетті шарттарының бірі ретінде, магистрлерді ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлау үдерісін әдістемелік қолдау алынады. Магистранттарды кәсіби даярлаудың оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдірудің қажеттілігі туралы тұжырымның сенімділігі, заманауи оқулықтар мен жаңа буындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттің өткір жеткіліксіздігімен анықталады, атап айтсақ — жоғары оқу орнынан кейін даярлау талаптарына сәйкес келетін оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігімен анықталады. Әдістемелік қолдауға біз даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік кешендерді жатқызамыз (жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты, білім беру бағдарламасы, оқу жоспары, оқу үдерісінің кестесі) және даярлау пәндері бойынша (оқу-әдістемелік кешендер, оқулықтар, зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізу, курстық, бітіруші біліктілік жұмыстарын жазу бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру, практикадан өту бойынша әдістемелік құралдар).

Аталған шартты жүзеге асыру, магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне теориялық және практикалық даярлығын қалыптастыруға, педагог-зерттеушінің кәсіби мәнді сапаларын дамытуға, зерттеу міндеттерін тиімді орындауға, магистранттарды ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлауды әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің тиімді қызмет етуінің бірінші шартын жүзеге асыру тәсілдері келесі үлгіде:

- элективті курсты құрастыру және ендіру;
- әртүрлі деңгейдегі, бірте-бірте күрделенетін зерттеу міндеттерін шешу;
- зерттеу және ғылыми-педагогикалық практиканы ұйымдастыру бағдарламасы, магистерлік диссертацияны даярлау және қорғау бойынша оқу-әдістемелік құралдарына толықтырулар енгізу.

Аталған шарт кәсіби даярлықтың барлық кезеңі бойында жүзеге асырылады, сонымен бірге, біз құрастырған «Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту негіздері» элективтік курсының құрылымындағы құрастырылған модельдің тұжырымдамалық-мақсатты, мазмұнды-технологиялық және өлшемдік-бағалаушы құрамдарына ықпал етеді. Ол теориялық ақпарат, оқытылатын материалды бекіту, өзіндік білім алу,

практикалық жұмыстар, тестілік бақылау блоктарын қамтиды. Модельдің мазмұнды-технологиялық компонентінде аталған шартты жүзеге асыру, магистранттардың әртүрлі деңгейдегі зерттеу міндеттерін шешу, магистрлерді ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлау үдерісін әдістемелік қолдау есебінен, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыруды жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Осылайша, магистранттардың кәсіби даярлығының барлық кезеңдерінде ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру, магистранттардың теориялық және практикалық зерттеу іс-әрекетінің бірлігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, оқытудың әрбір сатысында магистранттардың білімдері мен біліктерін міндетті түрде бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, олардың тұлғалық сапаларын қалыптастыруды жүзеге асырады. Мұнда қойылған міндеттерді шешудің табыстылығына, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру негізінде жетуге болады.

Қарастырылған шарт магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыру моделінің тиімді қызмет етуіне екінші шартпен үйлесімде толыққанды ықпал ететін болады, ал екінші шарт – оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту бағыттылығы, білім беру үдерісін ұйымдастыруға және оның мазмұнына бағдарланады. Мұның бәрі магистратураның білім беру үдерісінде білім алушыларды зерттеу білімдері мен біліктерін меңгеру барысында, белсенді ойлау және практикалық іс-әрекетке ынталандыратын оқытудың педагогикалық технологияларын қолдануды талап етеді.

Педагогикалық технологиялар оқу пәндері мен бағдарламалары, көрнекі оқу құралдары мен оқытудың дидактикалық құралдарымен қатар, инновациялық білім беру жүйелері рөлінде бола алады. Н.О.Яковлева инновациялық білім беру жүйесі деп, жүйенің күйін жедел өзгертетін, қайта құрулар нәтижесінде жаңадан құрылатын немесе жаңа маңызды сапаларды құратын жүйе ретінде түсіндіреді [247]. Осылайша, аталған анықтамаға сүйене отырып, білім берудегі инновациялық технология деп, білім беру үдерісіне озық өзгерістерді енгізуге мүмкіндік беретін жаңадан құрылған немесе өзгертілген педагогикалық технологияны атауға болады.

Е.С.Полаттың пікірі бойынша, инновациялық технологиялар білім берудің аса тереңдетілген, профильдік-бағдарланушы мазмұнын қамтитын білім беру жүйелерімен жақсы үйлеседі [248].

В.П. Симоненко кәсіби білім берудегі инновациялық технологияларды оқытудың интерактивті технологиясы, жобалық оқыту технологиясы және компьютерлік технологиялар ретінде жіктейді [249].

Біз осы айтылғандардың арасынан модульдік; интерактивті; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды негізге аламыз.

Модульдік технология (Н.М.Яковлева, Қ.Қ.Жампейісова және т.б.) оқу пәндерінің мазмұнын модульдік құру негізінде, оқу үдерісін құрастыруды және

жүзеге асыруды қамтиды. Мұнда ақпаратты меңгеру ірі дидактикалық бірліктермен – модульдермен жүзеге асырылады. Модуль магистранттардың білімі мен біліктерін бақылаумен міндетті түрде қамтамасыз етілетін, оқу материалының логикалық аяқталған бөлігі болып саналады. Модульді құрудың міндетті шарты ретінде, оның құрылымында екі бөлімнің болуы алынады. Олар теориялық білімді қалыптастыратын ақпараттық (танымдық) және меңгерген білім негізінде практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыратын практикалық (оқу-кәсіби) болып табылады [246, б.37, 250].

Магистрдің кәсіби құзыреттілігінің мазмұнында маңызды тұлғалық сапаларын анықтай отырып, біз өзіндік білім алуды айқындадық. Бұл жағдай магистрдің кәсіби құзыреттілігінің компоненті ретінде, оның өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, белсенділігі, рефлексияға қабілеттілігін қалыптастыруға ықпал ететін, зерттеу міндеттері мен тапсырмалардың модульдің құрылымында болуын анықтайды. Бұл мақсатқа оқытудағы зерттеушілік тұғыр қызмет етеді.

В.И. Загвязинский зерттеу әдісінің негізгі белгілері қатарында ойлаудың ғылыми әдіске сәйкестігі, оқушылардың жекелігі мен белсенділігін жатқызады [251].

Магистратурада зерттеу әдісі ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің теориялық алғышарты болып табылады. Біріншіден, магистратурадағы білім беру үдерісі шығармашылық сипатқа ие болады; екіншіден, магистратурада терең талдау мен жалпылауды талап ететін ауқымды және күрделі материал оқытылады; үшіншіден, магистратураның оқытушылары магистранттардың жекелігіне және шығармашылық белсенділігіне, олардың өз іс-әрекеттерін өзіндік бағалау шеберлігіне бағдарланады; төртіншіден, магистранттардың ғылыми зерттеу әдістерінің ерекшеліктерін білуі, зерттеу біліктерімен қаруландыру қажеттілігі туындайды; бесіншіден, қазіргі маманның зерттеу мәдениетіне қойылатын талаптар басымдық танытады.

Материалды меңгеруге әртүрлі тәсілдер арқылы қол жеткізуге болады, ең алдымен, оқытылатын материалда басты ойды айқындау және оларды сызба түрінде топтастыру арқылы жетуге болады. Сызбалау және жүйелеу әдістері материалдың бөліктері арасындағы ішкі логикалық байланыстарды орнатуға бағытталған. Л.П. Никитинаның пікірі бойынша, ақпаратты сызбалау және жүйелеу, ақпаратты нақты әрі дәл санлы ұғынуға ықпал етеді, логикалық ойлауды дамытады, белгілі бірізділікте зерттеу мәселесін шешуге көмек береді, өзіндік білім алу әрекетіне бағдарлайды [252].

Осылайша, модульдік технология негізінде білім берудің мазмұнын құрылымдау, магистранттарды кәсіби даярлаудағы теориялық және практикалық іс-әрекеттің бірлігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, сонымен бірге олардың педагог-зерттеуші ретіндегі кәсіби-маңызды тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Магистранттардың зерттеу іс-әрекетін белсендіру, оқытудың интерактивті технологияларын қолданбай мүмкін емес, себебі аталған технологияның сипаттамалық белгісі ретінде, олардың қабылдау, ес, зейін үдерістеріне

сүйенетіні, ең алдымен, шығармашылық, өнімді ойлауға, мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа сүйенетіні алынады.

Интерактивті режимдегі оқу сабақтарын өткізуде мындай ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың ссақталуы тиіс: топтық немесе ұжымдық жұмыстың мақсаттарын қою; студенттердің сабақтағы қызығушылығы немесе тікелей тәжірибесіне құрылған сабақтық міндеттері құру; оқу кеңістігін ұйымдастыру, шағын топтарды қалыптастыру, студенттерді ынтымақтастық ережелерімен таныстыру; бірлескен оқу іс-әрекетінің бағалау жүйесін құру және оңтайландыру; студенттерді қойылған міндеттерді шешу үшін күш-қуатты интеграциялауға ынталандыратын арнайы жағдаяттарды құру; танымдық іс-әрекетті белсендіру әдістері мен құралдарын анықтау және студенттердің талдау және өзіндік талдаудың тұлғааралық дағдыларын құру [253].

Интерактивті оқыту барысында проблемалық дәріс, семинар-пікірталас ұйымдастыруы формалары мен проблемалық жағдаяттар, логикалық ойлау әдістері, параметрлік талдау, «Ғылыми пікірталас» іскерлік ойыны, микротоптағы бірлескен іс-әрекет әдістері және т.б. қолданылады [254].

Проблемалық дәріс проблеманы қоюды, проблемалық жағдаятты және оларды әрі қарай шешуді қамтиды. Онда шынайы өмірдің қарама-қайшылықтары модельденеді. Заманауи ақпараттық қоғамдағы білім берудің проблемалық әдісі таңдалады. «Проблемалық жағдаяттарды жүйелі құра отырып, оқушылардың оқу мәселелерін шешу бойынша іс-әрекетін ұйымдастырып, оқытушы жеке, ізденістік және репродуктивті оқу жұмысының оңтайлы үйлесімін қамтамасыз етеді. Проблемалық оқыту оқушылардың танымдық өзбетінділігін қалыптастыруға, олардың логикалық, ұтымды, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған» [255].

Осылайша, проблемалық дәрістің басты мақсаты болып магистранттардың тікелей қатысуымен білімді меңгеру табылады. Проблеманы қою магистранттардың зейіні мен ойлау іс-әрекетін белсендіреді, зерттелетін материалға қызығушылықтарын туындатады.

Семинар-пікірталас белгілі бір мәселені сенімді шешу жолдарын құру мақсатында, мәселені топтық талқылауды қамтиды және оған қатысушылардың диалогты қарым-қатынас формасында өткізіледі. Диалогты қарым-қатынас «топ мүшелерінің бір-бірін құндылық ретінде ішкі қабылдауға негізделген және әрбір субъектінің дара қайталанбастығына бағдарлануды қамтитын қарым-қатынас формасы» ретінде анықталады. Оқытушылар магистранттардың арасындағы қатынастар субъект-субъектілік сипатқа ие болды, сенімділік, өзара құрмет, теңдікке негізделеді.

Логикалық ойлау әдісі – бұл міндетті шешудегі шығармашылық белсенді тұғыр әдісі. Ол проблеманы анықтау; оларды орындау шарттарын айқындау; шешімнің оңтайлы тәсілін таңдау; шешім қабылдау сатыларын қамтиды [256].

Параметрлік талдау екі сатыдан құралады — параметрлердің идентификациясы және шығармашылық синтез. Бірінші сатыда — параметрлерді идентификациялау сатысында — проблеманы анықтайтын барлық көрсеткіштер талданады, олардың салыстырмалы маңыздылығы

бағаланады және маңыздылары таңдалады. Алғашқы объектілердің шеңбері анықталғаннан кейін, осы объектілерді сипаттайтын параметрлер арасындағы өзара байланыстарды зерттеу басталады. Параметрлер мен олардың өзара байланысын бағалауға негізделген шешім, екінші сатыда – шығармашылық синтез сатысында құрылады.

Іскерлік ойын барысында, білім алушы кәсіби іс-әрекетте орын алатын әрекеттерді орындауқажеттігі туады. Іскерлік ойын білімді біліктер мен дағдыларға тасымалдауға мүмкіндік береді, тәжірибені қалыптастыруға және оған қатысушылардың тұлғасын дамытуға ықпал етеді.

Микротоптағы бірлескен іс-әрекет әдісі магистранттардың шағын топтардағы бірлескен жұмысы барысында өзара оқытуға негізделеді. Микротоптағы бірлескен іс-әрекет әдісінің негізгі идеясы қарапайым: магистранттар өздерінің интеллектуалды күш-қуатын ортақ тапсырманы орындау немесе ортақ мақсатқа жету үшін біріктіреді. Осылайша, интерактивті оқыту адамның қарым-қатынасқа қажеттілігін жүзеге асырады, басқа адамдарға қолдау көрсету қажеттілігін қалыптастырады, сыни ойлауға және жағдайлар мен соған сәйкес ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуге үйретеді, басқа адамдарды құндылықтарын саналы ұғынуға және белгілі мінез-құлық функцияларын меңгеруге мүмкіндік береді. Интерактивті сабақтардың қорытындысы ретінде, тек сыртқы нәтижелер емес, сонымен бірге ішкі нәтижелер алынады.

Магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең қолдануды қамтиды, Олар Е.Ы.Бидайбеков, С.Т.Мухамбетжановалардың тұжырымдауынша сабақтардың ақпараттық ауқымын арттырады, білім беруді ақпараттандыруға ықпал етеді [256; 257]. К.М.Беркімбаевтың пікірінше, жоғары оқу орнында білім беруді ақпараттандыру оқу үдерісін ақпараттық қолдау құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге кез келген профильдегі маманның болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңызды инструменті ретінде қарастырылады [258]. Индивидтің ақпараттық іс-әрекетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, жүйеленген арнайы білімдері, біліктері мен дағдыларының жиынтығы, қазіргі кезде заманауи білім беру құрылатын негізгі білім мен біліктер сияқты мәнге ие болатынын атап көрсетеді. Соған байланысты, магистратурада оқыту үдерісін ақпараттандыру магистранттардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, олардың осы ортада өз бетімен әрекет етуіне және осы ортаның мүмкіндіктерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Олардың қатарында қоршаған болмыстың жедел өзгеретін шындығына бейімделу; ақпаратқа деген өзінің қажеттілігін адекватты құрастыру және оны қанағаттандыру; оңтайлы шешімді таңдауға бағытталған операциялды ойлауды қалыптастыру; ақпаратты қабылдау, сақтау және қайта жаңғырту, сонымен бірге жаңа ақпаратты өндіру, ақпараттық ағындарды басқару және оларды тиімді өндеуді атауға болады.

Бұл магистратураны бітірушіден интеллектуалды дамудың жоғары деңгейін, ойлаудың икемділігі мен бірегейлігін, стандартты емес тапсырмаларды шешудің оңтайлы нұсқаларын табу білігін, ақпараттық

қоғамдағы шығармашылық іс-әрекетке даярлықты талап етеді. Ол үшін мынадай біліктерді игеруі тиіс:

- қажетті білімді өз бетімен алып, оларды пайдалана білу, теория мен практиканы ұштастыру;

- дербес сыни ойлау, моделдер жасақтау қабілеттілігі, оқиғаларды талдай білу, алдын ала болжауды білу;

- белгілі бір проблеманы шешу үшін қажетті фактілерді жинай білу, оларды талдай білу, проблеманы шешу жолдарын ұсыну, шешімнің ұқсас немесе баламалы нұсқаларына қажетті қорытулар, салыстырулар жасау, статистикалық заңдылықтарды белгілеу, дәлелді тұжырымдар жасау, алынған тұжырымдарды жаңа проблемаларды табуға және шешуге жұмсау [259].

Компьютерлік технологияларды қолдану, слайд-дәрістерді өткізуде жүзеге асырылады, онда біз оқу материалын компьютерлік слайдтар түрінде ұсындық. Бұл оқу ақпаратын бейнелі жеткізуге мүмкіндік береді, даралықты қамтамасыз етеді. Практикалық сабақтардағы компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі әдісі ретінде, жобалау әдісі алынады.

А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасованың пікірлері бойынша, жобалау әдісін қолдануға қойылатын талаптар келесі үлгіде беріледі:

- шығармашылық тұрғыда интеграциялық білімді, зерттеу ізленісін талап ететін маңызды мәселенің (міндет) болуы;

- болжанатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;

- оқушылардың дербес (жеке, жұптасқан, топтық) іс-әрекеті;

- жобаның мазмұнды бөлімін құрылымдау (сатылы нәтижелерді көрсетумен);

- әрекеттердің белгілі бірізділігін қамтитын зерттеу әдістерін қолдану: мәселені және одан туындайтын зерттеу міндеттерін анықтау; оларды шешу болжамын ұсыну; зерттеу әдістерін талқылау; соңғы нәтижелерді безендіру тәсілдерін талқылау (презентация, қорғау, шығармашылық есептер және т.б.); алынған мәліметтерді жинау, жүйелеу және талдау; қорытынды жасауға нәтижелерді безендіру, оларды презентациялау; тұжырымдар, зерттеудің жаңа мәселелерін ұсыну [260].

Орындалған жобалардың материалдық нәтижелері, яғни белгілі үлгіде безендіріледі (бейнефильм, альбом, «саяхаттар» бортжурналы, компьютерлік газет, альманах, баяндама және т.б.). Нәтижелердің міндетті презентациясы, ол ғылыми баяндама, іскерлік ойын, бейнефильмді көрсету, экскурсиялар, телехабарлар, ғылыми конференциялар, спорттық ойындар, спектакльдер, саяхаттар, жарнамалар, баспасөз конференциялары түрінде ұсынылуы мүмкін. Жобаны бағалау критерийлері түсінікті болуы қажет, олардың саны 7-10-нан аспауы керек. Ең алдымен презентация емес, жұмыстың сапасы бағалануы керек.

Жобалау әдісін қолдану, жобалау тапсырмаларын орындау арқылы жүзеге асырылды. Олардың қатарында жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдану арқылы сабақтың әдістемелік жоспарын жазу, диссертациялық зерттеу

тақырыбы бойынша презентациялық ақпараттық объектілерді, коллаждарды, тестілеуші бағдарламаларды құруды атауға болады.

Аталған шартты жүзеге асыру, зерттеу іс-әрекетіне деген құндылықты-мағыналық қатынасты, зерттеу білімдері мен біліктерін меңгеруге тұрақты мотивацияны қалыптастыруға; магистранттардың интеллектуалды қабілеттерін дамытуға; білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау және магистратурадағы білім беру үдерісінің ерекшеліктерін талдау негізінде, біз магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру моделінің тиімді қызметінің шарттарының бірі ретінде, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың зерттеу іс-әрекетін белсендірудің келесі тәсілдерін анықтадық:

- оқу үдерісін ұйымдастыруда проблемалық элементтері бар дәрістерді, слайд-дәрістерді, семинар-пікірталастарды, іскерлік ойынның элементтері қолданылған семинарларды негізгі формалары ретінде қолдану;

- модульдік технология негізінде оқу сабақтарының мазмұнын құрылымдау;

- компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жобалау тапсырмаларын орындау.

Аталған шарт жүйенің мазмұнды-технологиялық компонентіне біршама әсер етеді. Атап айтсақ, оқу үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану қамтамасыз етеді:

- барлық магистранттарды зерттеу іс-әрекетіне белсенді енгізу;

- зерттеу іс-әрекетінің білімдері мен біліктерінің практикалық маңыздылығын саналы ұғыну;

- зерттеу іс-әрекетінің білімдері мен біліктерін өзектілеуге ұмтылысты дамыту;

- зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесін бірте-бірте жинақтау;

- зерттеу іс-әрекетінің табысты қызметі үшін тұлғалық сапаларды дамыту.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін тиімді жүзеге асырудың маңызды үшінші шарты – магистранттарды өзінің тәжірибесіне негізделуге, өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау.

Магистрлік білім беру бағдарламаларының ерекшелігі, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының басымдықтарымен, олардың өзіндік білім алу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастырумен, өздерінің практикалық іс-әрекетіндегі магистранттардың білімді өз бетімен жекелік тұрғысынан шығармашылық тұрғыда меңгерудің қажеттіліктері мен дағдыларымен сипатталады.

Әдебиеттерде жеке білім алу деп, жалпы-мәдени және кәсіби қызығушылықтарды қанағаттандыруға бағытталған, тұлғалық және қоғамлық-маңызды білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған, жеке, жүйелі және танымдық іс-әрекет аталады.

Жеке білім алудың негізгі сипаттамалары тұрғысынан ғалымдар мәселелер шеңберін еркін тандауды, ақпараттың дерек көздерімен жеке жұмыс жасауды, таңдалған пәнді қызығушылықпен меңгеруді негіздейді. Жеке білім алудың

икемділігіне және даралығына қарамастан, оны стихиялы үдеріс ретінде қарастыруға болмайды. Өзінің алдына нақты мақсаттарды қоятын әрбір зерттеуші, зерттелетін материалдың көлемін назарға алады, жаңа білімді меңгерумен байланысты біршама қиындықтарды жеңе отырып, жұмыстың белгілі жоспарына сүйенеді.

Білім беру үдерісіндегі субъектінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оның тек өмірлік өзіндік тәжірибесін ескеріп қоймай, сонымен бірге оны басқалардың өмірлік тәжірибесімен арақатынаста қарастыру қажет. А.С. Белкин атап көрсеткендей, «бұл өзіндік жетістіктер немесе сәтсіздіктерді дереккөздерін саналы ұғынуға мүмкіндік береді» [261]. Ол әртүрлі дереккөздерден алынатын (қоршаған орта, бұқаралық ақпарат құралдары, еркін және іскерлік қарым-қатынас, іс-әрекеттің алуан түрлерін орындау, әдебиет және өнер) витагендік ақпараттың «білім беру үдерісінің педагогикалық инструменті» бола алатын шарттарын айқындап көрсетеді:

- 1) ғылыми білімге құнды қатынасты тәрбиелеу;
- 2) білім беру үдерісінде таным тәсілі ретінде білімге құнды қатынас;
- 3) білім беру үдерісінің көпқырлылығы туралы ұғымдарды қалыптастыру;
- 4) тұлғаның санасына тірек болу.

Педагогтің іс-әрекетінің басты мәні, әрбір тәрбиеленушіге жетістік жағдаятын құрудан тұрады. Мұнда «жетістік» және «жетістік жағдаяты» ұғымдарын ажыратып көрсету маңызды. Жағдаят - бұл жетістікті қамтамасыз ететін шарттардың үйлесімі, ал жетістіктің өзі – осындай жағдаяттың нәтижесі. Жағдаят – педагогтың ұйымдастыруға қабілетті әрекеті: қуанышты, жетістікті бастан өткеру субъективті, біршама дәрежеде басқа қырынан жасырын, өзіндік жетістік сезімін, психологиялық қолайлылық, эмоционалды тұрақтылық сезімдерін туындатады. Педагогтің міндеті – әрбір тәрбиеленушіге жетістік қуанышын сезінуге, өз мүмкіндіктерін саналы ұғынуға, өзіне сенуге мүмкіндік беру [262].

Психологиялық тұрғыдан жетістік — бұл қуаныш күйін сезіну, тұлғаның ұмтылған нәтижесімен қанағаттануы, немесе тұлғаның қалаулар деңгейімен сәйкестігі (үміттері) [263].

Осы күйдің негізінде іс-әрекеттің аса күшті, жаңа мотивтері қалыптасады, өзіндік бағалау, өзіндік құрметтеу деңгейлері өзгереді. Табыс тұрақты болған жағдайда, тұлғаның ауқымды, жасырын мүмкіндіктерін көрсететін реакция басталуы мүмкін. Педагогикалық тұрғыдан, жетістік жағдаяты — бұл позитивті, эмоционалды және психологиялық күйлермен қатар жүретін, жекеленген тұлғаның және ұжымның іс-әрекетіндегі маңызды нәтижелерге жету мүмкіндігі құрылатын, шарттардың мақсатты бағыталған, ұйымдастырылған үйлесімі.

Осылайша, жетістік тұлғаның және оның іс-әрекетінің нәтижелері, қоршаған адамдардың арасындағы онтайлы арақатынасты қамтиды.

Магистратураның білім беру үдерісінде табыс жағдаятын технологиялық тұрғыдан құру, келесі операциялардың бірізділігінен құралады:

- 1) Табысты нәтижені алдын ала қамтамасыз ету. Педагогқа магистранттың міндетті түрде қойылған міндетті орындай алатыны туралы

өзінің мықты сенімділігін көрсетуге көмек береді. Бұл өз кезегінде оған өзінің күші мен мүмкіндіктеріне сенімділік ұялатады. Магистрантқа өзінің күшқуатына деген сенімсіздікті, ұяндықты, өз ісінен және қоршаған адамдардың бағалауынан қорқу сезімін жеңуге көмек береді.

2) Дербес бірегейлік. Болатын немесе орындалатын іс-әрекеттегі күшқуаттың маңыздылығын білдіреді.

3) Белсенділікті жұмылдыру немесе педагогикалық иландыру. Нақты әрекеттерді орындауға ынталандырады.

4) Бөлшекті жоғары бағалау. Біртұтас нәтженің емес, оның белгілі бір бөлшегінің жетістігін эмоционалды тұрғыда өткеруге көмек береді.

Табыстылық педагогикасының бұл және басқа әдістемелік тәсілдері, дамытушы, тұлғалық-бағдарланған білім берудің идеяларына үйлесімді енгізіледі.

Білім беру үдерісінде магистранттардың өзіндік білім алушы іс-әрекетіне бағдарлануы, рефлексивті позицияға шығу есебінен жүзеге асырылады. Рефлексия (латын тілінен аударғанда - «кері оралу, өзіне қарай») — сананы өзіне қарату, ой-пікір туралы ойды өзіне қарату. Рефлексивті феномен біршама көпқырлы, жалпы түрінде ұғымның үш негізгі мәні ажыратылады [264].

Біріншіден, бұл философиялық-әдіснамалық рефлексия – өзін, өз пәнін және әдісті ғылым арқылы саналы ұғыну. Екіншіден, бұл дара-психологиялық рефлексия — адамның өзін-өзі тануы, өзіндік санасы. Ең қиыны – адамның өзін-өзі тануы екендігі жақсы таныс. Үшіншіден, бұл әлеуметтік-психологиялық рефлексия — өзін басқа адамның орнына қою және басқа адамның орнына ойлану.

Осылайша, рефлексия субъектінің өзіндік санасының мазмұнын, өзіндік іс-әрекетін, қарым-қатынасын, яғни мінез-құлқын қоршаған әлемге біртұтас қатынас ретінде саналы ұғыну және қайта ұғыну ретінде түсіндіріледі. Рефлексивті қабілеттерді қалыптастыру үшін, өзара әрекеттестіктің белгілі мотивациясын, қиындықтарды жеңуді, жетістікке жетуді өзектілейтін, шешілетін міндеттердің проблемалығы, топтық өзара әрекет сияқты элементтер ұйымдастырылатын жағдаяттың болуы қажет. Жағдаяттың өзі рефлексивті процестерді кеңейту үшін мүмкіндіктер құрады, алайда кез келген мотивация кикілжінді және проблемалық жағдаятты конструктивті шешуге әкеледі. Тек ұйымдастырылған жағдаятта және соған сәйкес мотивацияда, адам рефлексивті позицияға шығуға қабілетті және өзінің талдауын жағдаятқа және іс-әрекет тәсілдеріне бағыттай алады. Осыдан рефлексия процестері мен мотивацияны қалыптастыру процесінің өзара байланыстылығы көрініс береді [265].

Рефлексивті позиция тұлғаның өзін-өзі дамытуының қажетті шарты тұрғысынан оның өзін, өзіндік іс-әрекетін (мотивтері мен нәтижелері), әлемдегі өзіндік орнын белгілі тұрғыда саналы ұғынуын қамтиды. Рефлексивті позиция – индивидтің басқа адамның немесе топтың позициясына тұру қабілеті және осы позицияда өзіндік әрекеттерін бағалау қабілеті.

Рефлексивті ойлау техникасы өзінің құрамында рефлексивті позицияға шығу, жағдаяттың рефлексивті көрінісі және іс-әрекетті рефлексивті негіздеу сияқты үш негізгі тәсілді қамтиды.

Рефлексивті позицияға шығу тәсілі, магистранттардың оқыту үдерісінде өзіндік білім алушы іс-әрекетке бағдарлануына ықпал етеді.

Рефлексия — ойлаудың аса «нәзік» ұйымдасуы, рефлексивті шығу тәсілін меңгеру үшін, үш сәтті түсіну маңызды: қайдан және неге «шығу», қайда «шығу» және «шығуды» қалай тіркеуге болады. Егер бәрі жақсы жүретін болса, онда рефлексияның қажеті жоқ. Қиындықты саналы ұғыну – рефлексияның бастапқы сәті. Мұнда қиындық туындаған жағдаяттың шекарасын белгілеу маңызды. Рефлексивті шығу іс-әрекеттегі қиындықты жеңу тәсілін табу үшін қажет, ол үшін туындаған жағдаяттың шекарасынан ойша шығу керек және рефлексивті позицияны таңдауды анықтау керек. Рефлексивті позиция – бұл қарастырылатын жағдаятқа көзқарас. Нақты позицияны таңдау, аталған жағдаятқа қатысты оның әлеуетті пайдалы болуымен анықталады.

Соған байланысты, магистранттардың жеке білім алушы іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру тұлғаның өзіндік білімін үнемі жетілдіруге, өз бетімен танымды жүзеге асыру және оны ұйымдастыру білігін жетілдіруге ұмтылысын тәрбиелеуге әкеледі [262, б.74].

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінде оларды жеке іс-әрекетке бағдарлау қажет. Жеке білім алуды ерікті сипатқа ие болуы тиіс. Тұлғаның өзінің идеалдарын, өмірлік жоспарларын және одан туындайтын білім беру мақсаттары мен міндеттерін саналы ұғынуын жүзеге асыру қажет.

Аталған шарттарды жүзеге асыру магистранттардың кәсіби мәнді сапаларға мотивациялық-құндылық қатынасын қалыптастыруға, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ететін зерттеушінің тұлғалық сапаларын дамытуға, үнемі өзгеретін жағдайларды әрі қарай жетілдірі мүмкіндіктерін тудыруға ықпал етеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде, біз магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің тиімді қызмет етуінің шарттарының бірі ретінде, өзінің өмірлік тәжірибесін өзектілеу, табыстылық жағдаятын құру және рефлексивті позицияға шығу есебінен, өзіндік білім алушы іс-әрекетке бағдарлаудың келесі тәсілдерін анықтадық:

- жеке білім алушы бағдарламаларын құрастыру;
- аудиториядан тыс жеке ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру;
- жас ғалым-магистрант мектебінде оқыту. «Мансап технологиясы»

практикумы

Жеке білім алушы іс-әрекет бағдарламасы, магистранттарды жеке білім беру траекториясы бойынша, әрбір магистранның жеке оқу жоспарын құру және элективті пәндерді таңдау арқылы оқытуды қамтиды. Мұндай бағдарлама әрбір білім алушының тұлғалық сапаларын, қабілеттерін, қызығушылықтарын, мотивтерін ескере отырып, жеке және дифференциалды тұғырларды қамтамасыз етеді, өзіндік іс-әрекетіне және рефлексияға саналы қатынасты дамытуға ықпал етеді. Өзіндік білім алушы іс-әрекет бағдарламасының болуы, озық болатын және өздерінің магистратурадағы оқу мерзімін қысқартуға тілек білдірген магистранттарға ерекше көмек береді.

Магистранттардың өзіндік білім алушы іс-әрекетке бағдарлануымен, ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесін байытумен және оның дамуын ынталандырумен байланысты жеке жұмыстың рөлі артады.

Магистранттардың жеке білім алушы іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудағы ерекше рөлді, біз ұтымды ұйымдастырылған, сабақтан тыс өзіндік зерттеу іс-әрекетіне береміз, ол магистрлерді шығармашылық, зерттеу іс-әрекетіне сапалы даярлаудың шарттарының бірі болып табылады.

Сабақтан тыс, өзіндік зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру формаларына ғылыми үйірмелердегі жұмыс; ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, олимпиадаларға қатысу; магистранттардың жетекші мамандармен, ғалым-педагогтармен кездесулері; алуан түрлі білім беру мекемелерінің іс-әрекетімен танысу; магистранттардың ғылыми еңбектерінің жинағын даярлау және шығару; еліміздің және шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамалар жатады.

Магистранттардың сабақтан тыс, өзіндік зерттеу іс-әрекетінің нәтижесінде, олар тек ақпаратты белсенді қабылдап қоймайды, сонымен бірге, ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін жинақтауға, білімді тәжірибеде қолдануға, өзінің қиындықтарын талдауға үйренеді. Оларда өзін ұйымдастыру және өзінің тәртібін ұйымдастыру біліктері қалыптасады.

Магистранттардың жеке білім алушы іс-әрекеті дағдыларын дамытуға, білім беру үдерісімен қатар, жас ғалым-магистрант кружоктарында оқыту ықпал етеді. Жас ғалым-магистрант кружоктарында оқытудың мазмұнына еліміздің және алыс шет елдердегі жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдарының шеберлік сыныптарын жүргізуі енеді. Сонымен бірге, виртуалды зерттеу зертханаларындағы жұмыс енеді. Виртуалды зерттеу зертханалары әдетте, нақты ғылыми бағыттар бойынша ақпараттық зерттеулерге қолдау көрсетеді. Мұндай зертханалардың үлгісі ретінде алынатындар: когнитивті ғылымның виртуалды зертханасы (<http://virtualcoglab.cs.insu>); психология ғылымының зертханасы (<http://flogiston.ru>) және т.б. Ғаламтордың жаһандық желісінде олар магистранттарда арнайы әдебиеттердің болмауы мәселесін шешеді, әсіресе, шетелдік авторлардың аудармалары мен шолуларының ерекшеліктерін, ғылыми коммуникацияны қолдау мәселелерін шешеді.

Жас ғалымдар мектебінде психологиялық тренингтерге үлкен мән беріледі. Себебі, зерттеу іс-әрекеті күрделі, шығармашылық еңбек, ол толыққанды күш-қуат жұмсауды, шыдамдылықты, шығармашылық ойлауды, жаңаны тануға ұмтылысты талап етеді. Соған байланысты, біз психологиялық тренингтердің бағдарламасын құрастырдық, онда шынайы практикалық әрекетті ұйымдастыруды психикалық реттеуді жанамалау принципі болады, олар жаттығу нәтижесінде психикалық функцияларды басқару инструментіне айналады. Психологиялық тренинг өзінің білім алушы іс-әрекетке даярлықты қалыптастыруды ұйымдастыру үшін кеңістік ашады. Тренингтер, әсіресе «адам-адам» жүйесінде болашақ маманның кәсіби мәнді тұлғаралық қарым қатынасын дамыту мен ептілікті қалыптастыруға арналған зертхана секілді. Топ қатысушылары тұлғараралық әрекеттесу стильдерін зерттеуіне және кері

байланыс беретін топтың басқа мүшелерімен тәжірибе жасауына болады. Күрделілігі әр түрлі деңгейдегі тренингтік топтардағы коммуникативтік ептіліктер қатарына тәртіпті сипаттау, сезімдер коммуникациясы, белсенді тыңдау, кері байланыс жатады [205, б.78].

Біз қолданған тренинг бағдарламалары, атап айтқанда табыстылық мотивациясын қалыптастыру тренингі; зерттеушінің кәсіби-маңызды тұлғалық сапаларын дамыту тренингі; сенімділік және креативтілік тренингі; өзіндік білім алушы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға кедергі келтіретін ішкі «кедергілермен», кикілжіңдермен, терең тұлғалық мәселелермен жұмыс жүргізуге арналған тренингтер; тұлғалық өсу тренингтері магистранттардың өзіне сенімділігін арттыруға, өзінің іс-әрекетіне талдау жасау, бағалау іскерліктерін дамытуға бағытталған.

Психологиялық тренингтерді қолдану үдерісінде, магистранттардың өзіндік білім алушы іс-әрекетіне белсенділігі артады, зерттеуші-педагогтің кәсіби-маңызды тұлғалық сапалары қалыптасады.

Осы айтылып өткен педагогикалық шарттардың нәтижелі жүзеге асыру үшін алдымен магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуының бастапқы деңгейін айқындау және оларды түзету жұмыстарын жүргізу, аталған дамытуды мазмұндық-технологиялық қамтамасыздандыруды кезеңдермен, жүйелі жүзеге асыру мен олардың қол жеткізген дамуының іс-әрекетте көрініс табуын бақылау үшін магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту әдістемесін жасау қажет болады. Ол туралы келесі параграфта баяндалады.

3.2 Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту әдістемесі

Диссертациялық жұмыстың бірінші, екінші тарауларында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды теориялық тұрғыдан негіздедік. Теориялық зерттеу барысында жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларын дамуы мына жағдайларда жүзеге асатындығы анықталды:

а) жүйелілік, тұлғалық-іс-әрекеттік, ақпараттық, акмеологиялық, кешенді тұғырлар негізінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделін жасау және оны практикаға енгізу;

б) жасалған модельдің тиімді қызмет етуінің педагогикалық шарттарын анықтап, оларды ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерде жүзеге асыру.

Осыған байланысты алдыңғы 3.1 параграфта магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары айқындалды:

4) кәсіби даярлықтың барлық сатыларында магистранттарды ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру;

5) оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру;

б) магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау.

Осы педагогикалық шарттарды практикаға ендіруді тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп көруді мақсат тұттық. Тәжірибелік-эксперимент

жұмысының негізгі мақсаты болып магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделінің тиімділігін және ұсынылған шарттардың жеткіліктілігін және қажеттілігін тексеру болып табылады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистратурасында 2013-2015 жылдар аралығында өтті. Экспериментке 6M001300 – Педагогика және психология, 6M001200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, 6M011300 – Биология мамандығының магистранттары қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс анықтаушы, қалыптастырушы және қорытындылау 3 кезеңнен тұрды:

Анықтаушы кезеңде келесі міндеттер шешілді:

- 1) Магистратурадағы магистранттардың кәсіби-мәнді сапаларын қалыптастыруға бағытталған білім беру процесін зерттеу;
- 2) Зерттелетін кәсіби-мәнді сапалардың критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін жасақтау;
- 3) Бірінші, екінші курс магистратурасында оқитын магистранттардың кәсіби-мәнді сапаларының бастапқы деңгейін анықтау;
- 4) Деңгейлері тең эксперименттік және бақылау топтарын жасақтау;
- 5) Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалардың мазмұнын анықтау [240, б.68].

Бірінші кезең – анықтаушы (2013 қаңтар - 2013-мамыр) – магистратураның бірінші, екінші курсынағы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Экспериментті өткізгенде біз анықтаушы кезеңнің маңызды рөлін ескердік, себебі экспериментте алынған мәліметтің дұрыстығы бастапқы мәліметке тәуелді болады.

Анықтаушы кезеңде жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейі анықталды.

Педагогикалық зертеудің келесі эмпирикалық әдістерін қолдандық:


- 4) Магистранттардың кәсіби-мәнді сапаларын дамытуының өзін өзі бағалауын анықтау үшін сауалнама және тестілеу жүргізу;
- 5) Кәсіби-мәнді сапаларының дамуының деңгейін анықтау үшін тестілеу жүргізу.
- 6) Магистранттардың кәсіби мәнді сапалар туралы хабардар болу деңгейін анықтау үшін ауызша сауалнама жүргізу;
- 7) Магистранттардың кәсіби мәнді сапалар қалыптастыруының мотивациясын анықтау үшін әңгімелесу;
- 8) Магистранттардың пәндерді меңгеру кезінде, педагогикалық, зерттеу практикалары және диссертациялық жұмыс орындау барысындағы іс-әрекеттеріне бақылау жүргізу;
- 9) Магистратураның білім беру бағдарламаларын және жұмыс оқу жоспарларын талдау;
- 10) Эксперименттік және бақылау топтарындағы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының бастапқы деңгейін анықтау үшін статистикалық әдістерді пайдалану;

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуын өлшеу мақсатында өзіміз белгілеген өлшемдерге сәйкес олардың мотивациялық-құндылық компонентінің дамуын анықтау үшін өзін-өзі бағалауына бағытталған сауалнама және тестілеу жүргіздік (Қосымша 2). Бұл сауалнамада магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының компоненттерінің даму деңгейлері бойынша сұрақтар блоктар бойынша құрастырылған. Тестілеуді және әңгімелесуді ақпарат жинақтау мақсатында жүргіздік (Қосымша 3-5). Психологиялық тұрғыдан әңгіме барысында магистранттардың іс-әрекеті, қимылдары ескерілді [266].

Жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың олардың оқу іс-әрекетіне, зерттеушілік жұмысы, педагогикалық практика барысында бақылау жасалынды. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамытуының негізі ретінде неміс ғалымы Г.Клаус жасақтаған параметрлерді алдық (Қосымша қараңыз).

Магистранттардың кәсіби мәнді сапалар туралы хабардарлығын анықтау үшін олардың сапаларын құрайтын сұрақтардың және тапсырмалардың тізбегін қолданып тестілеу өткіздік.

Нәтижесінде экспериментке қатысушылардың 65 % кәсіби мәнді сапалар туралы толық емес хабардар болып шықты, сапалардың, педагогикалық, зерттеушілік қабілеттердің негізгі түрлерін нақты білмейді; лидерлік қабілеттерінің. Психологиялық сапаларының кәсіби мәнді сапалар құрамына кіретіндігінен бейхабаор болып шықты. Олардың ойынша кәсіби мәнді сапалары ғылыми жұмыс жазумен, педагогикалық шеберлікпен шектеледі.



Сурет 3 – Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту әдістемесі

Болашақ мамандардың 21% кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігін түсінбеді. Олардың жазған эсселерінде кәсіби мәнді сапалардың кейбір түрлері аталғаны болмаса, қарапайы тілде негіздеуге ұмтылған, нақты түрлері бойынша топталмаған, жай әңгіме ретінде құрастырылған. Маманның кәсіби мәнді сапаларының түрлері, мақсаттары және құрылымы туралы нақты білімдері болмай шықты.

Сонымен сауалнама, бақылау, әңгімелеу нәтижесінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігі туындады. Біз зерттеу барысында өзіміз анықтаған магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудағы педагогикалық ЖОО орнының мүмкіндіктері мен жасаған моделіміз бен оны іс-жүзіне тиімді асыру бойынша айқындалған педагогикалық шарттар негізінде магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамытудың әдістемесін жасадық (сурет 3).

Әдістеме біз айқындаған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру кезеңдерінен тұрады. Бірінші педагогикалық шарт - кәсіби даярлауда магистранттарды ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру.

Бұл шартты жүзеге асырудың бірінші бағыты магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуының мотивациялық-құндылық компонентін дамыту. Оның өлшемдері болып магистранттың ғылыми-педагогикалық іс-әрекет аясында белсенділік таныту үшін білім алу, кәсіби-бағалаушылық, тұлғалық, әлеуметті маңызды түрткілерінің пайда болуы; кәсіби бағыттылықты, өз ісіне қызығушылық және қатынасты, ішкі дүниені анықтайтын құнды қатынастарының болуы, білім және дағдыларға ие болу қызығушылығын және тәжірибеде жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыратын негізгі сатыларды анықтайды.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуы деңгейін айқындауға арналған сауалнама, олардың мамандыққа қызығушылығын кәсіби мәнді сапаның маңыздылығын түсінуі мен өздерінде кәсіби мәнді сапаны дамытуға ұмтылуын, яғни кәсіби мәнді сапаға оң қарым-қатынасының болуын; кәсіби мәнді сапа саласынан білімін зерттеуге бағытталған; кәсіби мәнді сапасын таныта алуы, өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерін, онда жүзеге асыруға қажетті кәсіби мәнді сапаларын дамытуды жете түсінуі мен өздігінен бағалай алу деңгейін анықтауға бағытталған.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуға оң қарым-қатынасының болуын айқындау барысында «Магистрант және оның кәсіби мәнді сапалары» атты сауалнаманың «Сіздің кәсіби мәнді сапаларыңызды дамытқыңыз келе ме және қайда» деген сұрағына қатысушылардың 93 % – дамытқысы келетіндігін, олардың 27% – оқу пәндерінде, 23,9% -элективтік курстарда; 27,7% – ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерінде, 14,4% – арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда дамытқысы келетіндігін айтты. Сонымен бірге экспериментке қатысушы магистранттардың 7 % кәсіби мәнді сапасын дамытқысы келмейтіндіктерін жасырмады. Интервью барысында олар мамандыққа қызығушылықтарының жоқ екендігін көрсетті.

Жоғарыда көрсетілген бірінші шарттың екінші бағыты олардың кәсіби мәнді сапаларынан білімінің деңгейін, яғни аталған дамудың мазмұндық құрамын дамытуды көздейді. Осыған байланысты магистранттардың кәсіби мәнді сапасы дамуын айқындауға арналған сауалнаманың бірі – олардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекет, кәсіби мәнді сапалары саласынан білімінің толықтығын анықтау табылады. Осы сауалнаманың нәтижесіне жасалған сараптама магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қажетті кәсіби мәнді сапалар ақпараттануы деңгейінің төмен екендігін анықтады. Магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекет туралы түсініктері болғанымен, олардың басым бөлігі ондағы кәсіби мәнді сапалардың маңыздылығын жете түсінбейтіндігін, кәсіби мәнді сапалардың құрылымы түрлері, мазмұны туралы түсініктері жоқтығын атап көрсетті. Олардың 91% зерттеушілік іс-әрекеттерінде әдіснамалақ білімдердің маңыздылығын түсінбеді.

Олардың кәсіби мәнді сапа туралы түсініктерін және оның түрлерін ажырата алатындықтарын айқындау мақсатында өзіміз құрастырған кәсіби мәнді сапалар ішінен магистранттар үшін түсінікті саналатын ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті атқаруға қажетті сапалардың жиынтығы оларға мұқият оқуға ұсынылды. Сондай-ақ олардың ұсынылған сапалар арасында ғылыми-педагогикалық кадр болу үшін қай сапалар маңызды емес деп, есептегендерін сызып тастауларына болатындығы айтылды.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша студенттердің көпшілігі (83,2%) ЖОО оқытушы болу үшін дидактикалық, коммуникативтік, болжаушылық, аналитикалық, құрастырушылық, стратегиялық, рухани-адамгершілік, ұйымдастырушылық сияқты сапалардың қажеттілігін көрсетуде басымдық танытты.

Одан соң, магистранттарға ұсынылған кәсіби мәнді сапалардың 30-ға жуық түрі ішінен олардың пікірінше қазіргі заман педагогы үшін маңызды саналатын түрлерін көрсету ұсынылды. Сұрақтардың жауаптарын талдай келе, кәсіби мәнді сапалардың мына түрлері магистранттар үшін көбірек таныс болды: «кәсіби білімділік» – 89%; «шешендік» – 83,3%; «интеллектуалдылық» – 65,7% ; «эмоционалды тұрақтылық» – 65%; «белсенділік» – 60,3%; «эмпатияға қабілеттілік» сапасын 52,1 % көрсетті.

Бірінші шарттың үшінші бағыты болып экспериментке қатысушылардың кәсіби мәнді сапаларын көрсете алу деңгейін анықтау үшін олардың әр түрлі оқу, зерттеушілік, аудиториядан тыс іс-әрекеттеріндегі, және т.б. іс-шаралардағы белсенділіктері бақыланды.

Бақылаудың нәтижелері кәсіби мәнді сапасы көрінуінің орта және төмен деңгейлерінің басымдығын көрсетті.

Кәсіби мәнді сапалары көрінуінің орта және төмен деңгейін көрсеткен эксперимент қатысушылары педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерде белсенділігін көрсетуге талпыныс білдірмеді, көп жағдайда ортақ бір тапсырманы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында серіктестерінің пікірлері оларды қызықтырмады. Олар өз идеяларын негіздеп, өз көзқарастарын

қорғап қалуға талпыныс жасамады. Педагогикалық практика мен зерттеу практикасы барысында педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерін толық көрсете алмады. Өзінің іс-әрекетіне, жасаған жұмыстарына талдау жасау, сыни көзбен бағалау, өзі-өзі бағалау байқала қоймады.

Бақылау мен сауалнама нәтижелері бойынша орта көрсеткіштерді көрсеткен студенттер өз тапсырмасын толық орындай алмады. Біздің бақылауымызша, 42,6% магистранттар өз көзқарастарын жолдастары алдында қорғай алмады, өзгенің пікірімен тез келісе салуға жол берді; 23,8%- ұжымда позитивті атмосфераны орнатуда қиыншылыққа тап болды; 28,7%көп жағдайда топты белсендіре алмады және студенттерді байсалды жұмысқа жұмылдыра білмеді, өйткені өздері де селқостық танытты; 38,6% субъект-субъектілік қатынаста өзін көрсете алмады.

Сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша, бір жағынан, магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамытуға талаптануы айқындалды, ал екінші жағынан олардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүргізуге қажетті кәсіби мәнді сапаларын көрсете алу мен өзінің педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерін бағалай алу деңгейлерінің төмендігі анықталды.

Осы айтылғандар біз анықтаған екінші педагогикалық шарттың – оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру қажеттілігін көрсетті.

Бірінші, екінші педагогикалық шарттардың тиімді жүзеге асырылуы үшінші педагогикалық шартты ұстанудың – магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау қажеттілігін тудырды. Өйткені магистрант өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі белсендіруге өзін дайындай алмаса, онда біз айқындаған бірінші, екінші педагогикалық шарттардың тиімділігі аз болады. Сол себепті біз айқындаған үш педагогикалық шартты кешенді жүргізуді дұрыс деп таптық.

Осыған байланысты магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін тиімді жүзеге асырудың біз айқындаған педагогикалық шарттарын жүзеге асыру бойынша «Сәттілікке бірге жетейік» бағдарламасы жасалды [205, б.74].

«Сәттілікке бірге жетейік!» атты магистранттардың кәсіби мәнді сапаларды дамыту бағдарламасының жалпы модулі күрделілігі әр түрлі деңгейдегі алғы дағдыларды меңгеру бойынша бес модульден тұрады:

Бағдарламаның мақсаты болып магистранттарды ақпараттық, оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру негізінде олардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту табылады.

Кесте 6 - «Сәттілікке бірге жетейік» бағдарламасы

Атауы	Міндеттер	Іс-әрекет формалары, құралдары,
1	2	3
<p>Блок №1 Өз-өзіне сенімділікті дамыту. Өзін өзі тану және тұлғалық өсу.</p>	<p>«Мен» образының оң түрін қалыптастыруға бағытталған психотехникалық әдістерді меңгеруі - Өзін өзін бағалауды арттыру, - өз тұлғасының әлді жақтарын, өзінің адамгершілігін дамыту, - сенімсіздік, қорқыныш сезімін жеңу - өзіне талдау жасау, бағалау - креативтілікті дамыту</p>	<p>Позитивті өзін өзі тәрбиелеу және сенімді әрекет тренингі; -«Өзін өзі тану және тұлғалық өсу тренингі;</p>
<p>Блок №2 Педагогикалық қабілеттерін дамыту</p>	<p>-Дидактикалық іскерліктерін дамыту; - кәсіби білімдерін жетілдіру; - шешендік қабілеттерін арттыру; -шеберлік іскерліктерін дамыту</p>	<p>Рөлдік, сахналық ойындар Педагогикалық практика Ашық сабақтар Новатор педагогтармен кездесулер Оқу пәндеріне қосымшалар Элективті курс Оқыту технологиялары және т.б.</p>
<p>Блок №3 Тұлғалық қасиеттерді дамыту</p>	<p>- жеке құқықтарын және жеке құндылығын бекіту, - қарым қатынастың әр түрлі жағдайларында контакт құру қабілетін кеңейту; - Даулы ситуациялардың сындарлы шешуінің мүмкіндігін сезу және шыдамдылықты дамыту - жалпы азаматтық позициясын қалыптастыру - денсаулық сапаларын дамыту және т.б.</p>	<p>Коммуникативтілік ептіліктер және дағдылар қалыптастыру тренингі -Коммуникативті амалдарды меңгерудің желістік-рөлдік түрі; -Жаңа адамдармен қызықты танысулар; -Тұлғалық және кәсіби қасиеттерді қалыптастыру үшін тренинг - «Шөлдегі апат» топтық ойын - салауатты өмір салты іс-шаралары</p>

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
Блок №4 Зерттеушілік қабілеттерді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - әдіснамалық білімдерін қалыптастыру; - аналитикалық қабілеттерін дамыту - болжаушылық іскерліктерін дамыту - құрастырушылық қабілеттерін дамыту және т.б. 	Жеке ҒЗЖ Магистрлік диссертация Зерттеу практикасы Жас ғалымдар кружоктары Ғылыми конференция, семинар, ғылыми тағылымдама және т.б.
Блок №5 Лидерлік сапаларын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> -стратегиялық қабілеттерін кеңейту - іскерлік және көшбасшы сапаларын қалыптастыру: <ul style="list-style-type: none"> · ой-пікірлердің тәуелсіздігі және бірқилылығы, интеллектуалдылығын дамыту · ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту және т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> -Пәндік олимпиадалар -Ғылыми байқаулар - Көшбасшылар тренингі - Лидерлермен кездесу - Іскерлік ойындар және т.б.

Осы бағдарлама аясында педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуға бағытталған «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» атты элективтік курс бағдарламасы жасалды.

Курстың мақсаты: Оқытудың кредиттік технологиясы жағдайында магистранттарды ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруға қажетті кәсіби мәнді сапаларын дамытудың теориялық негіздерімен таныстырып, әдістемесін меңгерту.

Курстың міндеттері:

- Болашақ маманның кәсіби мәнді сапаларының дамуы туралы түсінік қалыптастыру;

- Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының құрылымымен таныстыру, мазмұнын меңгерту;

- Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделімен таныстыру;

- Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін тиімді жүзеге асыруға қатысты педагогикалық шарттарды ұғындыру;

- Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың әдістемесін меңгерту.

Аталған элективтік курс педагогикалық мамандықтар бойынша магистранттарға таңдау пәні ретінде ұсынылады. «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» атты элективтік курсына бөлінген жалпы сағат саны – 1 кредит, яғни 45 сағат, оның ішінде 15 сағат – дәріс және семинар,

15 сағат – магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы, 15 сағат– магистранттың өінздік жұмысына бөлінген (кесте 7).

Кесте 7 - «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективтік курсының тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс/ сем	СӨЖ	СОӨЖ
1	«Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективтік курсының пәні, мақсаты мен міндеттері	1	1	1
2	«Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективтік курсының негізгі ұғымдары	1	1	1
3	Болашақ магистрлердің педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекетінің теориялық-әдіснамалық негіздері	2	2	2
4	Болашақ педагогика ғылымдары магистрлерінің кәсіби мәнді сапаларының құрылымы мен мазмұны: - педагогикалық - зерттеушілік - тұлғалық - лидерлік - психологиялық	4	2	2
5	Педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделі	1	2	1
6	Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін іс жүзіне тиімді асырудың педагогикалық шарттары	1	1	2
7	Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың әдістемесі	2	2	2
8	Кәсіби мәнді сапаларды дамытудың инновациялық әдістері	1	2	2
9	Кәсіби мәнді сапаларды дамытуды ұйымдастырудың құралдары мен формалары	2	2	2
Барлығы		15	15	15

Диссертациялық жұмыста осы элективті курстың қысқаша мазмұнына тоқталып кетуді жөн санадық.

1-тақырып. «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективтік курсының пәні, мақсаты мен міндеттері. Болашақ маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың бүгінгі күндегі маңызы мен қажеттілігі. ҚР Президентінің Халыққа Жолдауларында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарында маманның кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігінің көрініс табуы. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігінің себептері. «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективтік курсының пәні, мақсаты мен міндеттерінің мәнін ашу.

2-тақырып. «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың негіздері» элективтік курсының негізгі ұғымдары. «магистр», «сапа», «кәсіби құзыреттілік», «кәсіби сапа», «кәсіби мәнді сапа» ұғымдары туралы түсінік беру. Олардың мән-маңызы мен мазмұнын ашу. «Кәсіби құзыреттілік» пен «кәсіби мәнді сапа» ұғымдарының ара қатынасын аша түсіндіру.

Магистранттардың оқу-танымдық іс-әрекетінің теориялық негіздері (Архангельский С.И., Лапина О.А., Науменко Н.К., Пидкасистый П.И. және т.б.), ғылыми іс-әрекетке даярлығы, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру (Ким Л.И., Соляников Ю.В., Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А., Баймухамбетова Б., және т.б.) ақпараттық-аналитикалық (Белоус Т., Гайдамак Е.С. және т.б.) инновациялық, технологиялық іс-әрекетке даярлау (Осина С.В., Смирнова М.О., Беркімбаев К.М. және т.б.) еңбектерге шолу жасау.

Болашақ оқытушының кәсіби мәнді сапаларының мәні мен құрылымы этникалық негіздегі кәсіби-тұлғалық сапалар (Намазбаева Ж.Ы., Каракулова З.Ш., Ахтаева Н.С. және т.б.), кәсіби іс-әрекетті тиімді атқаруға қажетті психологиялық сапалар (Маркова А.К., Митина Л.М.); тұлғалық қасиеттер жүйесі (Карельская А.К., Лазаренко Л.А.); кәсіби біліктілігі (Травин И.В.); педагогикалық қабілеттер кешені (Богачев И.В.); жеке сапалары (Щадриков В.Д., Яковлева Е.А.); эмоционалдық қыры (Журавлева О.П., Красинская Л.Ф., Новгородцева В.А.); рухани-адамгершілік құндылықтар (Әбдіғапбарова Ұ.М. және т.б.) тұрғысынан зерттелген еңбектерге талдау жасау.

3-тақырып. Болашақ магистрлердің педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекетінің теориялық-әдіснамалық негіздері.

Тұлғаның дамуының, тәрбиеленуінің және кәсіби қалыптасуының психологиялық теориялары, (Адольф В.А., Зеер Э.Ф., Климов Е.А., Леонтьев А.Н., Намазбаева Ж.Ы. және т.б.), әр түрлі оқу іс-әрекеттерді орындау барысында кәсіби мәнді сапалардың дамытылуын қамтамасыздандыратын іс-әрекеттік тұғырлар (Абульханова-Славская К.А., Выготский Л.С., Гальперин П.Я., Рубинштейн С.Л. және т.б.), тұлғалық-бағдарлық амал-тәсілдері (Бондаревская Е.В., Стефановская Т.А., Шилова М.И., Якиманская И.С. және т.б.) қарастырылған еңбектерді теориялық талдау.

Болашақ мамандарды даярлаудағы біртұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен тәжірибесі (Хмель Н.Д., Хан Н.Н. және т.б.), болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі (Сериков В.В., Құдайкүлов М.А., Кенжебеков Б.,

К.Құдайбергенова, Г.Меңлібекова және т.б.) зерделенген еңбектер бойынша педагогикалық іс-әрекетті талдау.

Ш.Т.Таубаева, А.А.Булатбаеваның еңбектеріне сүйене отырып мұғалімнің әдіснамалық мәдениетін, зерттеушілік іс-әрекетін теориялық талдау. Мұғалімнің әдіснамалық мәдениетінің құрылымын, моделін жеке талдау. Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттің мәнін ашу.

4-тақырып. Болашақ педагогика ғылымдары магистрлерінің кәсіби мәнді сапаларының құрылымы мен мазмұны: педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік, психологиялық.

«Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дегеніміз оның болашақ маман тұрғысынан кәсіби іс-әрекетін тиімді және ұтымды жүзеге асыруға қажетті педагогикалық, зерттеушілік қабілеттері мен тұлғалық қасиеттері мен лидерлік әлеуетінің және оларды дамуына ықпал ететін психологиялық сапаларының жиынтығы екенін негізді дәлелдеу. Оның құрылымын жан жақты негіздеу. педагогикалық іс-әрекетте тиімді жүзеге асыруға тиісті кәсіби білімділік, дидактикалық, инновациялық, шешендік, шеберлік сапалар. Зерттеушілік - ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, зерттеушілік іс-әрекеттерді нәтижелі іске асыруға қажетті әдіснамалық, болжаушылық, аналитикалық, құрастырушылық, ғылыми эрудиция. Тұлғалық - педагог-білім алушы жүйесіндегі субъект-субъектілік қарым-қатынасты жағымды атқаруға қажетті жалпы азаматтық, рухани-адамгершілік, денсаулық, коммуникативтік, жоғары тәрбиелілік сапалар. Лидерлік - ғылыми-педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру мен жүргізуге қажетті харизматикалық, стратегиялық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, көшбасшылық сапалар. Психологиялық сапаларға осы аталған сапалардың барлығының педагогтың бойында қалыптасуын және дамуын жүзеге асыруға қажетті психофизиологиялық, мотивациялық, перцептивтік, эмоционалдық-еріктік, креативтілік сапалар.

5-тақырып. Педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытудың моделі

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің мақсатына тоқталу. Модельді жасауда негізге алынатын әдіснамалық тұғырларға (жүйелілік, тұлғалық-іс-әрекеттік, акмеологиялық, ақпараттық, кешенді және т.б.) тоқталу. Модельдің тұжырымдамалық-мақсаттық; мазмұндық- Болашақ мұғалімдердің лидерлік сапасын қалыптастыру моделінің мақсатына тоқталу. Модельдің тұжырымдамалық-мақсаттық; технологиялық; ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік; өлшемдік-бағалаушылық төрт бөлігінің мазмұнын аша түсіндіру.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту процесінің негізгі үш компонентін ашу. Оның мотивациялық-құндылық, танымдық-процессуалдық, рефлексивтік-бағалау өлшемдеріне мән беру. Осы өлшемдердің көрсеткіштерін нақты мысалдармен дәйекті дәлелдеу.

Мотивациялық-құндылық өлшем – мамандыққа қызығушылығы, кәсіби мәнді сапаларын дамытуға оң қарым-қатынасының, түрткісінің болуы; танымдық-процессуалдық өлшем – кәсіби мәнді сапа саласынан білімінің

толықтығы; кәсіби мәнді сапасын таныта алуы; рефлексивтік-бағалау өлшемі – өзінің ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерін жете түсінуі мен өздігінен бағалауы.

6-тақырып. Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін іс жүзіне тиімді асырудың педагогикалық шарттары

Педагогикалық жоғары оқу орнының магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мүмкіндіктеріне тоқталу. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының мәнін ашу:

1) кәсіби даярлықтың барлық сатыларында магистранттарды ғылыми-білім беру ортасына ендіру;

2) оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру;

3) магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау.

7-тақырып. Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың әдістемесі

Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуын айқындау диагностикасына тоқталу. Соның ішінде магистранттардың кәсіби мәнді сапасын құрайтын лидерлік бойынша Е.Жариков, Е.Крушельницкий диагностикасын, білім алушылардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін анықтау және бағалау (КОС 1) әдістемелерін, Е.И.Роговтың «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау», И.Н.Семёновтың «Өз шығармашылық әлеуетін бағалау» әдістемелерін, Г.Клаус жасақтаған параметрлерді жан-жақты талдау.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту моделін жүзеге асыру әдістемесін түсіндіру. Әдістеменің магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын анықтау, кәсіби мәнді сапаларын дамыту мазмұны, кәсіби мәнді сапаларының дамуына ықпал ету, кәсіби мәнді сапаларын бақылау кезеңдеріне мән беру. Қорытындылау нәтижесіне тоқталу. Магистранттардың кәсіби мәнді сапасы дамуының деңгейін педагогикалық диагностикалау.

8-тақырып. Кәсіби мәнді сапаларды дамытудың инновациялық әдістері

Модульдік технологиялар. Компьютерлік технологиялар. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Интеративті әдістер. Жаңа технологияларды қолдану арқылы магистраттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру. Слайд-шоу жасау. Презентациялар жасау. Сабақ сценарийлерін құрастыру. Онлайн сабақтарында қолданылатын технологияларға мән беру.

9-тақырып. Кәсіби мәнді сапаларды дамытуды ұйымдастырудың құралдары мен формалары

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың оқу пәндерін қосымшалар, элективтік курс, практикум, сабақтан тыс іс-шаралар (пән олимпиадалары, ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми-инновациялық жобалар, көрмелер, кездесулер, спартакиадалар, байқаулар, ғылыми конкурстар және т.б.) және арнайы ұйымдастырылған шаралар (педагог-

новаторлармен, көрнекті ғалымдармен кездесулер, акциялар, тұлға танымдық кештер және т.б.) мен магистранттың қоғамдық, өзін-өзі басқару істері негізінде жүзеге асатындығына кеңінен тоқталу. Аталған дамыту үдерісінде қолданылатын педагогикалық құрал-әдістерге (сауалнама, проблемалық дәрістер, семинарлар, пікір-талас дәрістері, іскерлік ойындар, топта және командада жұмыс істеу, жағдаяттарды модельдеу, сензитивті тренинг, психологиялық тренингтер және т.б.) мән беру.

Элективтік курсты оқыту барысында оқу сабақтары диалогтік-іздену тәртібінде өткізілді. Негізгі әдістер – проблемалық–мотивациялық жағдаяттар, микротоптардағы магистранттардың біріккен іс-әрекеті, зерттеу әдістері, жобалар әдісі. Проблемалық мотивациялық жағдаяттар мақсаты – магистратурадағы оқу үрдісіне қызығушылықты қалыптастыру, жағдаяттарды жылдам әрі тиімді, әрі әділ шешуге дағдыландыру және белсенділіктерін дамыту болып табылады. Зерттеу әдістері бойынша болашақ магистрлерге ғылыми мақалалар ұсынылып, басты және қосымша ақпаратты бөлуге, негізгі тұжырымдарды бөліп шығаруға, мақала бойынша аңдатпа жазуға тапсырмалар ұсынылды. Тапсырмаларды орындау барысында магистранттардың ойындағы тапсырманы сәтті орындау нәтижесімен және мәтіннің мағынасына талдау жасау дағдысы арасында қарама-қайшылықтар туындады. Осы жағдайда проблемалық жағдай туындап, жоғары білімнен кейінгі білім алушылар осы қарама-қайшылықты кетіруге шаралар қолданады. Әрі қарай оқытушымен ұсынылған мәтін бойынша аналитикалық талдау жасау ұсынылады. Өзінің қателіктері бойынша жұмыс жасалғанда, өзіне баға беру барысында магистранттарға өз қиыншылықтарының себебін түсінуге мүмкіндік беріледі. Ал, бұл болса оларға қателерін түзету, кемшіліктерін түзеу, олқылықтарын толтыру жолдарын табуға көмектеседі.

Магистратурадағы оқу үрдісіне мотивациялық-құндылық қатынасты қалыптастыру үшін микротоптардағы біріккен іс-әрекетті жүргізудің әдісі қолданды. Ол алған білімдерді тәжірибеде қолдану үшін жүзеге асырылды. Осындай әдіс біріккен іс-әрекетке бүкіл білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етті, қатысу формасын таңдауға, жекелігін көрсетуге, жауапкершілік, дербестікті дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуды өз бетімен білім алу бағдарламаларын жасақтау жақсы қалыптастырады. Оларға магистранттың жеке жұмыс жоспарын толтыру, портфолио жасақтау жатады.

Болашақ магистрдің жеке жұмыс жоспарын толтыру оның дайындығы жүретін негізгі құжаттардың бірі болып табылады. Бұл жоспар арқылы магистратураның негізгі ұстанымдарының бірі – магистрлік бағдарламаларының жеке оқыту, оқу және ғылыми-зерттеу компоненттерінің кіріктірілуін жүзеге асырады. Жеке жоспарды құрастыру білім берудің жеке траекториясын таңдауға, магистрлерді дайындаудың мазмұнын нақты білуге, оқытылатын пәндердің тізімін және көлемін, олардың маңызын және пәндердің арасындағы орнын түсінуге мүмкіндік береді.

Магистрант үшін жеке жоспарды толтыру маңызды психологиялық сәт болып келеді. Жеке ерекшеліктерді ескеріп жасақталған жеке жоспар, жоғары білімнен кейінгі білім алушылар үшін оқу үрдісін тұлғалық маңызды, жоғары уәждемеленген етеді.

Магистратураға оқу үрдісіне уәждеме деңгейін арттыру үшін және кәсіби мәнді сапаларды дамыту үшін біз әр білім алушыға портфолионы жасақтауға тапсырма бердік. Портфолио дегеніміз магистранттың іс-әрекетінің жеке аспектілерін байланыстыратын құжаттар жиынтығы. Портфолио ішінде бағалау, сын-пікірлер, баяндама тезистері, күнделік фрагменттері, болашақ магистрлердің жазбаша жұмыстары, конкурста қатысу өтініштері және т.б.

Портфолио — магистрант жұмыстарынан да артық зат, ол жетістіктерді жинау болып есептеледі. Портфолио біз үшін:

- оқыту нәтижелерін талқылау құралы;
- жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың жеке жұмысының рефлексиясы;
- болашақ кәсібіне дайындалуы мен мақсаттарын нақтылауы;
- жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың дамуын көрсететін, оның қатынастар жүйесін анықтайтын, оқытушы және зерттеуші іс-әрекетіндегі тиімділікті анықтауға көмекші құрал;
- магистрантқа тән оқыту стильдерін көрсету, оның интеллектінің және мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттаушы;
- жеке өзгерістеріне рефлексия жасау мүмкіндігі;
- болашақ маман үшін алдыңғы және болашақ білім арасында байланыс орнату мүмкіндігі болып табылады.

Магистратураға түсуші талапкерлер жоғары білім алу мотивациясына ие, оқу-әдістемелік саладан жоғары тәжірибесі бар адамдар болып келеді. Сондықтан да біз оқу-зерттеу іс-әрекетіндегі позитивті тәжірибені өзектілеуге тырыстық.

Осы жағдайлар арнайы қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған оқу үрдісін ұйымдастырудың белгілі бағдарламасы тұрғысынан қызмет ете алады. Білім алушылардың оқу мотивациялық аясын талдау үшін олардың оған деген қатынасының сипаты маңызды. Мысалы, Маркова қатынастардың үш түрін анықтай отырып, теріс, бейтарап және жағымды қатынастарды, білім алушылардың оқу үрдісіне араласу негізінде, соңғы қатынастың нақты саралап жіктелінуін келтіреді. Автор оқуға деген қарым - қатынасты төмендегідей бөледі:

- жағымды, айқын емес, оқуға кірісуге дайындығын білдіретін
- жағымды, белсенді, танымдық
- білім алушының қарым – қатынас субъектісі тұрғысынан тұлға және қоғам мүшесі ретінде араласуын білдіретін жағымды, белсенді, тұлғалық – әуестік [52, б.241].

Тұрақты танымдық қызығушылықты қалыптастыру: қызықтырып оқыту, оқу материалының жаңалығы, жаңа және дәстүрлі емес оқыту формаларын қолдану, компьютердің көмегімен оқыту, интерактивті компьютерлік,

мультимедиалық құралдарды пайдалану, өзара оқыту, эвристикалық оқыту, жарыс, проблемалық оқыту арқылы жүзеге асты.

Сабақ барысында білім алушының жеке ерекшелігін есепке алу - бұл әрбір білім алушының қызығушылығын, сапасын, талабын, мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беруде педагогикалық әдіс, құрал, әдістемелердің барлығын пайдалануды білдіреді. Жеке ерекшелікті ескеру маңызды жағдай. Оқытушы бұл мәселеде шектен шығып кетпеуі керек, яғни білім алушының мүмкіншілігін артық бағалау да, ескермеуі де оның оқуға деген қызығушылығына зиянын тигізеді. Білім алушының жеке ерекшелігіне орай оқытушы әр білім алушымен жеке қарым-қатынас жасайды. Оқытушы білім алушының күшті жағына сүйенуі қажет. Осы айтылғандар дәріс, семинар өткізу барысында есепке алынды.

Білім алушыларға жеке тапсырмалар берілді: өзіндік жұмыстар, жоба жасау, ғылыми-зерттеу жұмыстары, шығармашылық жұмыстар, пікір жазу, сараптама жасау және т.б.

Білім алушылардан жауапкершілікті талап етілді: Сан-қилы кедергілерді өз батылдығы мен табандылығының арқасында жеңе білген кейіпкерлер, лидерлер рөлінде болу.

Қарапайымнан күрделіге көшу ұстанымы жүзеге асырылды: күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Қажетті оқу-әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыздандырылды: компьютерлік техникалар, интерактивті тақталар, онлайн режиміндегі сабақтар, жазба және электронды оқу құралдары, интернет көздері және т.б.

Білім алушыларды ғылыми жұмыстарға араластырылды: ғылыми жобалар, олимпиадалар, ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.

Білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің нәтижелілігі жоғарылатылды: ой еңбегін рациональді ұйымдастыру

Логикалық ойлауын дамыту сенімдерін қалыптастыру жұмыстары жүргізілді: фактілерге, дәлелдерге сүйену және өз көзқарастарын негіздеу және т.б.

Интерактивті әдістер қолданылды: «Өрмекшінің торы», «Аквариум», «Дебат», «Ыстық орындық», «Миға шабуыл», «Пікірталас жүргізу әдістемесі», «Рольдік пікірталас», «Уақыт шеңбері», «Алтын балыққа арналған аквариум», «Психологиялық-педогогикалық консилиум», «Мозайка» және т.б.

Оқу орнының беделін көтеруге мән берілді: университет түлектерімен кездесулер ұйымдастыру.

Тұлғалық қасиеттерін, лидерлік қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінді: ғылыми конкурстар, үздік магистрант байқаулары және т.б. өткізілді.

Тренингтер әсіресе «адам-адам» жүйесінде болашақ іс әрекет үшін кәсіби мәнді тұлғаралық қарым-қатынасты дамыту және ептілікті қалыптастыруға арналған зертхана секілді. Топ қатысушылары тұлғараралық әрекеттесу стильдерін зерттеуіне және кері байланыс беретін топтың басқа мүшелерімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік алды. Коммуникативтік іскерліктерін дамыту

мақсатында әр түрлі деңгейдегі тәртіпті сипаттауға, сезімдер коммуникациясына, белсенді тыңдауға, кері байланысқа және т.б. тренингтер өткізілді.

Семинарларды дискуссия формасында өткіздік. Осы мақсатта біз магистранттарды өз бетімен ойлануға және қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеуге талпындыратын проблемалық педагогикалық жағдайларды қолдандық. Семинар-дискуссияның құрылымды элементтері болып психологиялық педагогикалық мәселелер, психологиялық жағдаяттар, проблемалық сұрақтар табылды. Семинар дискуссияда параметрикалық талдау және іскерлік ойын әдісі қолданылды. Параметрикалық талдау әдісі білім алушыларға мәселе шешудегі альтернативалар шығаруға мүмкіндік берді, содан кейін ең негізгісін анықтау, талқылау, оларды дәлелдеудегі мүмкіндіктер немесе оны кері талқылау мүмкіндіктері орын алды.

Іскерлік ойын семинар-пікірталаста ғылыми дискуссияларда адамдардың шынайы ұстанымдарын көрсететін құрал тұрғысынан қолданылды. Ол үшін жүргізуші, оппонент, логик және эксперт рөлдері енгізілді. Жүргізуші магистрант дискуссияны ұйымдастыратын оқытушының бүкіл мүмкіндіктерін алады (талқылау барысын басқарады, дәлелдеулердің және кері дәлелдің негізділігін бақылайды және т.б.). Оппонент-магистрант ғылыми баяндаманың пікір айту процедурасын жүргізді, логик баяндамашы және оппоненттің қарама-қайшы қателерін және талқылаудағы логикалық қателерді шығарып отырды. Психолог магистранттардың өнімді қарым-қатынасына және ынтымақтастығына жауап берді, пікірталастың дауға айналмауын бақылап отырды. Эксперт пікірталастың өнімділігін, келтірілген болжамдардың шынайылығын бағалап отырды. Басқа қатысушылар оның жүргізілуін бақылап, сұрақтар қойып, дискуссияның кез келген сатысында белсенді қатысып отырды. Оқытушы тек пікірталас біткен кезде ғана жалпы қорытынды жасап, тұжырымдап, әр қайсысының үлесін бағалады. Содан кейін ең үздік баяндамаға конкурс өткізілді. Семинар дискуссияның жүргізілуінің мақсаты болып болашақ магистрлердің қарама-қайшылықтар шығару дағдысын қалыптастыру. Қарам-қайшылықтарды шығару жалған білімге жол бермейді, ойға келген қарама-қайшылықпен пайда болған тынымсыздық ақиқат іздеуге талпындырады. Осыған байланысты магистранттардың ең басты сапалары – білім, дағдылар және зерттеушілік сапалары дамиды.

Осы бағытта ерекше орын алған бұл болашақ мамандардың шығармашылық сапаларын дамыту. Тақырыптың мақсатына сәйкес шығармашылықпен сараланып алынған оқыту технологиялары білім алушылардың жаңа материалды меңгерудегі ізденістері мен шығармашылықтарын дамытады.

Мысалы, магистранттардың практикалық сабақтарында «Миға шабуыл» интербелсенді әдісін қолдану барысында мынадай тапсырма беріледі: «Шығармашылық тапсырмаларды шешу үшін ойлау белсенділігін арттыратын қандай әдістер қолдануға болады? Пікіріңізді дәлелдеңіз».

«Шығармашылық мәселесіне арналған тапсырманы шешу үшін топтық

команданы қалай құрып және осы бірлескен топпен жұмысты қалай ұйымдастыру керек?» - деп ойлайсыз? Мысал келтіріп дәлелдеңіз.

Келесі тапсырма: Креативті сипатта болды. Эмпатия. Ойша объектінің немесе субъектінің даму кезеңдерінде «өмір сүресіз» (білім, тәрбие және т.б.) өзіңіздің сезіміңізді сипаттап айтыңыз және т.б.

Магистранттарға ойларын рефлексия бойынша түйіндеуге тапсырмалар ұсынылады. Мысалы:

-зерттеу тақырыбыңыз бойынша қандай шығармашылық тапсырмаларды алдыңыз және оның шешу жолын неде деп ойлайсыз? Оны тәжірибеге енгізуде қандай қиындық бар деп ойлайсыз? Болашақ магистр өзінің зерттеу мәселесімен байланыстырып дәлелдеуі тиіс.

- кәсіби мәнді сапа деп нені түсінесіз, қазіргі тәжірибеде оны неден байқайсыз? Мысал келтіріп ойыңызды дәлелдеңіз.

- оқыту үрдісі барысында шығармашылық тапсырмалар кәсіби мәнді сапаларды дамытуға ықпал ете ме? Сіздің пікіріңіз қандай? Нақты мысал келтіріп дәлелдеңіз.

Рефлексиялық тапсырмалардың келесі түрі бейнетаспа түрінде ұсынылды. Мысалы, бейне материалдар бойынша, бір оқытушының өткізген сабағынан және Ш.Амонашивилидің семинарынан үзінділер көрсетіледі. Бейнетаспадан көргендері бойынша, екі педагогтың білім алушыларды шығармашылыққа баулудағы кәсіби мәнді сапаларын салыстырмалы түрде тұжырымдап, ой қорытындысын жасау тапсырады.

Сонымен, жоғары білімнен кейінгі кезеңде оқыту үрдісінде берілетін білімнің мазмұны мен технологиялары әрбір магистранттың білім траекториясының негізін құрайтын әртүрлі тұжырымдамаларға сүйенуі, шығармашылықпен ізденуі мен кәсіби мәнді сапаларының дамуына ықпал етеді - деген тұжырым жасауға болады.

Оқыту үрдісінде магистранттың тұлғалық жетістігінің деңгейін дамыту үшін және өзінің іс-әрекетінің нәтижесін саналы бақылауда рефлексивті компонент негізгі болып есептеледі. Рефлексивті компонентке негізінен педагогтың іс-әрекетін бақылау, бағалауда кәсіби құзыреттіліктің құрамына енетін дидактикалық, коммуникативтік компоненттердің мазмұны жатады. Оқытушының өзінің тәжірибесінде рефлексивті компоненті толығып, тұлғалық құзыреттілігінде көрініс береді. Соның нәтижесінде жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың тұлғалық жетістігі, білім алушылармен субъектілік қарым-қатынаста болуы, олардың өзіндік танымын, кәсіби өсуін, шеберлігін жетілдіру, тұлға ретінде қалыптастыратын шығармашылық іс-әрекетке жетелейді. Сонымен болашақ магистр ізденісі, жетістігі, өзін-өзі дамытуы шығармашылық іс-әрекеті үздіксіз жүріп отыратын үрдіс, ол магистрдің бүкіл өмірінде жалғасын табуы тиіс.

Сонымен, біз ұсынған оқу сабағының ұйымдастыру үлгісінде магистранттар белсенді түрде теориялық зерттеушілік білімді меңгереді. Сонымен қатар магистранттарға ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қажетті кәсіби мәнді сапалардың болашақ кәсіптеріне

орналасуда маңыздылығын түсіндіру мақсат тұтатын «Мансап технологиясы» практикумының бағдарламасы жасалды.

«Мансап технологиясы» бағдарламасының негізгі міндеттері:

- магистранттардың тұлғалық сапаларын және қасиеттерін арттыру, тұлғаның даралығын дамыту ;

- позитивті «Мен» тұжырымдамасы және өз өзіне сенімділігін қалыптастыру және бекіту;

- оқыту мотивациясын арттыру;

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту;

- жауапкершілікті тәрбиелеу;

- кәсіби дағдыларды меңгеру және маман ретінде даму;

- өз кәсіби болашағын жобалау ептіліктерін дамыту, өмірлік және кәсіби өсу сатыларын, кәсіби мансапты жоспарлау,

- көзқарасты, пікірлерін, идеалдарын әрі қарай өмірде өз бетімен тұлғалық және кәсіби мәселелерді шешу үшін қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны төрт блоктан тұрады, әрбірі жеке жоғары деңгейде, басқа сатылардан тәуелсіз мәселелерді шешуге бағытталған. Магистрант өзінің қалауы бойынша бүкіл бағдарламада емес, кейбір блоктарында ғана немесе біреуіне қатысуына болады [267].

Кесте 8 - «Мансап технологиясы» бағдарламасының мазмұны

Атауы	Міндеттер	Әрекеттесу түрі
1	2	3
Блок 1. Мансаптың басталуы: таңдаған мамандық бойынша бірінші жұмысты қалай табуға және кіруге болады	-Кәсіптің, мамандықтың таңдауының басты қағидаттарын ұстануды үйрету, - Тәжірибеде кәсіби бейімділіктерді, жалпы және арнайы қабілеттерді бағалау әдістерін қолдануды үйрету, - кәсіптер әлемінде тұлғалық сәйкестендіруді табуды үйрету, - Қазіргі еңбек нарығының құрылымы және қызмет істеуімен таныстыру	-Өңгімелер - Тренингтер(түрі): -іскерлік ойындар; -коммуникативті амалдардың меңгеруінің желістік-рөлдік түрі; -өздік диагностика; -жобалық әдістемелер; -жаңа адамдармен қызықты танысулар; -жеке мүмкіндіктердің және ептіліктердің ғажайып ашылуы

1	2	3
<p>Блок 2. Жеке реклама: өз туралы ақпаратты қалай дұрыс дайындау және келтіру керек.</p>	<p>-кәсіби жоспарды жүзеге асыру үшін қандай мамандарға жолығу туралы ақпарат беру, -Өзін өзі тану және өзін өзі жетілдіру үшін меңгерілген әдістерді пайдалануды үйрету, -Әлеуетті жұмыс берушімен жеке презентациялауға және сұхбаттасуға дайындалу технологиясын үйрету , -Этикет нормаларын және іскерлік қарым қатынас хаттамасын пайдалану механизмінің, олардың жасампаз және технологиялық рөлінің маңызын ашу -Іскерлік этикетке және хаттамаға адамдардың қатынасын психологиялық түрге, ұлттық мәдениетке қатысты үйрету</p>	<p>-Өңгімелер - Тренингтер(түрі): -іскерлік ойындар; -коммуникативті амалдардың меңгеруінің желістік-рөлдік түрі; -өздік диагностика; -жобалық әдістемелер; -жаңа адамдармен қызықты танысулар; -жеке мүмкіндіктердің және ептіліктердің ғажайып ашылуы</p>
<p>Блок 3. Келісімшарт: жұмыс жағдайларын келісу және еңбек келісімшартына отыру</p>	<p>-Бос орындар жәрменкесінде, оқу орындарында, БАҚ, интернетте керекті өзекті ақпарат іздеуге көмектесу</p>	<p>-Жұмыс берушімен сұхбаттасқан кезде тестілеуге дайындалу</p>
<p>Блок 4. Тұлғалық және кәсіби сапаларды жеке презентациялау тренингі</p>	<p>-Шығармашылық ойды, фантазияны, өзін өзі бағалау қабілеттерді; -іскерлік қарым қатынас мақсатында этикет нормаларымен және ережелерімен таныстыру.</p>	<p>Жеке презентациялау мектебі; - Тұлғалық және кәсіби сапаларды жеке презентациялау тренингі</p>

«Мансап технологиясы» бағдарламасы бойынша бүкіл сабақтар дәстүрлі семинар тренинг формасында өткізілді. Тренинг барысында проблемалық материалдарды ұсыну, оларға талдау жасау және талқылау және өздігінен бағалау, өзінің көзқарасын білдіру негізінде магистранттардың кәсібіне қызығушылығын арттыруға, ғылыми-педагогикалық іскерліктерін дамытуға мүмкіндік туды.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінде аудиториядан тыс өткізілетін іс-шаралардың (ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, акциялар, ғылыми конкурстар, шығармашылық көрмелер, кездесулер, олимпиадалар және т.б.) да мүмкіндігі кең болды. Соның ішінде «Үздік магистрант» байқауына тоқталып өтуге болады. Біз осыбайқауды креативті білім беруді ұйымдастырудың инновациалық үлгісі тұрғысынан қарастырдық. Байқау оған дайындық кезеңінен және жарыстық екі кезең арқылы жүзеге асады. Осыдан магистрант байқаудың шығармашылық міндетті тапсырмаларын шешіп, ғылыми білімнің логикалық үлгісін қайта құрады, интеллектуалдық белсенділіктің креативтік деңгейіне көтеріледі. Оның міндеттерін шешу барысында шешім тұрғысынан пайдаланылмайды, яғни оның бастапқы шығу негізін іздеу жолымен оны жаңа туындаған мәселе тұрғысынан дәлелге айналдырады.

Бірінші дайындық кезеңінде қолайлы креативті байқау ортасында оқыту барысында білім алушыларда стресстік титықтау жағдайына қарсы «негізгі қоры» қалыптасады. Екінші кезеңде магистрант жарыс кезінде дайындалған «негізгі қорымен» бәсекелестікпен өзінің барлық шығармашылық қабілеттерін жұмсайды. Басқаша айтқанда бұрынғы достарымен қатаң бәсекелестік сайысқа түседі және нәтижесінде тек өзінің кәсіби мәнді сапасы құрамындағы лидерлік сапаларын көрсету арқылы жеңіске жетуі мүмкін. Мұндағы сайыстық кезеңде магистранттың жалпы тұлғалық қасиеттері дамиды, сол ұжымдағы қолайлы білім алу қызметіндегі мүмкіндіктері сақталады және сайысқа және бәсекелестікке деген талабы тек кәсіби тұрғыдан жүзеге асады.

Байқауларға қатысушыларда дамитын кәсіби ойлау түрі, талдап қорыту және тұлғалық бейімделуі себебінен интеллектуалдық белсенділіктің креативтік деңгейі арттырады.

Байқаулар оқу-танымдық, шығармашылық, зерттеушілік қызметінің құндылығы нәтижесінде, шығармашылық қызметтегі өнім тұрғысынан қарастырылады. Дейтұрғанмен олардың жасағаны, ойлап шығарғаны, психологиялық қолайлы ортада қиялын дамыту мүмкіндігін тудырады. Мұндай байқаулар шығармашылық тұрғыдан шешімді бірлесіп іздеу, өзін-өзі көрсету, көңіл-күйі мен сезімін таныту, рухани мәдениеті мен интеллектісін дамыту, креативтілігін жүзеге асыру, адамдар арасындағы өзара түсінісу құралы тұрғысынан маңызды саналады.

Байқаулар креативтік іс-әрекет тұрғысынан әлеуметтендіру үдерісінің тиімділігін, өндіріс дамуының инновациялық сипатын арттыруда магистранттардың жеке мотивациясын қамтамасыздандырды. Байқаулар біздің зерттеуімізде кәсіби мәнді сапалардың көрінуін қамтамасыз етуге қажетті педагогикалық міндеттерді шешуде ұйымдастырылады.

Бұдан басқа да жас ғалым кружоктары магистранттардың ғылыми ойын бөлісетін орта болып саналады. Осы кружоктарда талқыланатын зерттеу проблемалары, көкейкесті мәселелердің магистранттардан әдіснамалық-теориялық білімдер мен біліктерді талап етуі нәтижесінде олардың өздігінен

көп ізденуі жүзеге асады. Нәтижесінде магистранттардың зерттеушілік сапаларының дамуы көрінеді.

Сонымен магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту әдістемесі

- аталған даму бойынша педагогикалық диагностикалау жүргізілгенде;

- кәсіби даярлықтың барлық сатыларында магистранттарды ақпараттық, оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру; оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру; магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау сынды педагогикалық шарттары кешенді жүзеге асырылғанда;

- кәсіби мәнді сапаларын анықтау, кәсіби мәнді сапаларын дамыту мазмұны, кәсіби мәнді сапаларының дамуына ықпал ету, кәсіби мәнді сапаларын бақылау, қорытындылау кезеңдері толықтай қамтамасыздандырылғанда ғана аталған даму нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді. Осы ойымызды дәлелдейтін тәжірибелі-эксперименттік жұмыс динамикасы келесі параграфта баяндалады.

3.3 Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Анықтау эксперименті барысында зерттеу міндеттерінің көкейкестілігі, мақсаттылығы мен дұрыстығы анықталды; болашақ магистрлердің кәсіби мәнді сапалары мен олардың даму деңгейі айқындалды; магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытудың өлшемдері мен бағалау деңгейлері белгіленді.

Педагогикалық жоғары оқу орны магистратурасын бітірушісінің кәсіби мәнді сапаларының құрылымын анықтау мақсатында жоғары оқу орнының оқытушылары мен магистранттарынан сауалнамалар мен интервью алынды. Сауалнама мен интервью нәтижесінде оқытушылар мен магистранттардың, тіпті білім саласы магистранттары мен ғылыми сала магистранттарының кәсіби мәнді сапа құрылымдары бірдей емес деген болжамымыз дәлелденді. Бұл жағдай бізге диссертациялық жұмыстың 1.2 параграфында берілген педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапасының құрылымын жасауға және оларды үлкен үш топқа, іштей он бес топшаларға бөліп қарастыруға себеп болды. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттегі кәсібиліктің сапа тұрғысынан ерекшеліктерін ескере отырып, бір-біріне ұқсас, жақын келетін сапаларды топтастыра келе магистранттардың кәсіби мәнді сапасы дамуының деңгейін айқындау мақсатында ортақ өлшемдер мен көрсеткіштерді белгіледік. Ал бұл болса, жүйетүзушілік кәсіби мәнді сапаларды және оларды дамыту әдістерін анықтауға септігін тигізді. Кәсіби мәнді сапаны дамыту үрдісін жоспарлау мақсатқа жету үшін тиімді болып табылатын педагогикалық шарттарды (ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру, инновациялық технологияларды қолдану арқылы белсендіру, өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау) анықтау міндеттерін қамтиды. Осыған байланысты біз ЖОО оқытушылары мен педагогикалық мамандықтағы бірінші, екінші курс магистранттарына жүргізген сауалнамадан кәсіби мәнді сапалар басымдықтарын, оларды дамытудың оңтайлы

жағдайларын, магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын игеруге ұмтылысын; оқу пәндерінде, ҒЗЖ, арнайы педагогикалық, ғылыми, тәрбиелік іс-шараларды өткізу жағдайларында кәсіби мәнді сапаларды дамыту қажеттігін айқындадық.

Осыған байланысты зерттеу барысында мынадай міндеттер анықталды:

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуға қызығушылығын;
- магистранттардың кәсіби мәнді сапалар туралы білімдерінің толықтығын;
- жоғары оқу орнында ақпараттық, оқу-тәрбие, зерттеу ортасында магистранттың кәсіби мәнді сапаларының көрініс табуына олардың қарым-қатынасын;

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларына біріктірілген, жеке, командалық, топтық іс-әрекеттерінің ықпалын;

- магистранттардың педагогикалық, психологиялық, зерттеушілік іс-әрекеттерінде қай кәсіби мәнді сапаларын дамытудың басымдығын;

- магистранттардың қай іс-әрекет саласында кәсіби мәнді сапаларын тиімдірек зерттеп, дамытатынын анықтау, белгілеу, бағалау.

Жоғарыда аталып өткендей, анықтау эксперименті кезінде бастапқы деңгейді айқындау барысына бірінші, екінші курс магистранттары мен оқытушылар қатысқан болатын. Сонда кәсіби мәнді сапа басымдықтарының маңыздылығын тексеру мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамалардың 1-тобында магистранттардың кәсіби мәнді сапалар туралы түсінігі болуы, магистранттың кәсіби мәнді сапасын анықтайтын ортаны анықтау, 2-тобында магистранттар үшін кәсіби мәнді сапалардың маңыздылық дәрежесін анықтауға бағытталған сұрақтар, магистранттардың өзінің кәсіби мәнді сапасын көре алатындығын білу, 3-тобында өзіндік бағалауына байланысты сұрақтар берілді. Осы сауалнама нәтижесінде магистранттардың басымдық танытқан кәсіби мәнді сапалары педагогикалық пен зерттеушілік, лидерлік болса, оқытушылар тұлғалық қасиеттер мен психологиялық сапалардың қажеттілігіне басымдық танытты. Сондай-ақ осы сапалардың ішкі топшаларына олардың басымдықтарын анықтағанда, мәселен зерттеушілік сапалар арасынан студенттер аналитикалық пен құрастырушылық біліктерге басымдылық танытса, оқытушылар әдіснамалық пен болжаушылыққа, жобалаушылық біліктер маңыздылығының басымдығын көрсетті.

Алынған сауалнамаларға жауаптарды сандық көрсеткіштермен бағалау үшін математикалық әдістер қолданылды. Біздің зерттеуіміз үшін біз анықтаған кәсіби мәнді сапалардың дұрыстығы мен олардың арасында қайсысының мәні басым екендігін айқындау қажет болды. Сол себепті экспериментке қатысушыларға бір қатар кәсіби мәнді сапалардың атаулары ұсынылып, соның ішінде маңыздысын қалдыру ұсынылды. Олардың жауаптары негізінде көпшілігі атаған кәсіби мәнді сапалар (педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік, психологиялық) тәжірибелі-эксперимент жұмысы барысында қолданылды.

Зерттеу барысында, сондай-ақ кәсіби мәнді сапаларды олардың оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде дамытқысы келетіндігін анықтау біз үшін маңызды

болды. Осыған орай Абай атындағы ҚазҰПУ және Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ магистранттарына жүргізген сауалнаманың нәтижесі мынадай болды:

Кесте 9- Магистранттардың пікірі бойынша кәсіби мәнді сапаның көрінуі мүмкін жағдайлар басымдылығы (1 – ең жоғары дәреже)

Жағдайлар	Басымдылық дәрежесі			
	ҚазҰПУ (1 курс)	АӨМУ (1 курс)	ҚазҰПУ (2курс)	АӨМУ (2 курс)
Секциялар, үйірмелер, бірлестіктер	2	3	5	4
Ғылыми конференциялар, семинарлар	1	4	2	6
Жас ғалымдар мектебі	5	2	6	5
Олимпиадалар, конкурстар	3	5	3	3
Ғылыми-зерттеу жұмысы	4	1	4	1
Коммерциялық іс- әрекет	6	6	1	2

Кестеден көрініп тұрғандай кәсіби мәнді сапаның көрініс табуы жағдайлары туралы әр түрлі жоғары оқу орны студенттерінің пікірлері әр түрлі (бұл әр ұйымның білім беру үдерісінің бірдей еместігімен, мәселен, үйірменің жұмыс істеу, олимпиадаларды, конкурстарды өткізу сапасы; коммерциялық іс-әрекетпен айналысу және т.б.), сондай-ақ әр түрлі курстардың пікірлері де бірдей еместігі байқалды.

Алынған осындай ақпараттар педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапасын дамыту үдерісіне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранттары кәсіби мәнді сапалар кәсіби жұмысқа орналасқанда кәсіби іс-әрекеттерінде дамиды деп, санайды. Осы сұрақ бойынша Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ магистранттарының да пікірі дәл осылай болып шықты. Сұралғандардың басым көпшілігі кәсіби мәнді сапалардың лидерлік қыры адамға туылғаннан берілген және олар өмірлік процестерде игеріледі десе, екінші бөлігі лидерлік сапалар негізінен өмірлік процесстер барысында пайда болады деп көрсетеді. Магистранттардың бірқатары зерттеушілік сапалары магистратураны бітіргеннен кейін дами түседі десе, кейбіреулері ғылыми жұмыспен айналысу барысында, магистрлік диссертация жазуда, ғылыми тағылымдамадан өткенде дамитындығын айтты.

Жүргізілген зерттеу мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік берді: жоғары оқу орнында оқу кезеңінде магистранттың кәсіби мәнді сапасын дамыту

мақсатының көзделгені дұрыс. Кәсіби бағыттылық оқу процесінің міндеттерін жаңғырту үшін кәсіби мәнді сапаларды тәрбиелеу барысында – кәсіби мәнді сапалардың көрінуін «көрсететін» жағдайларды тиімді пайдалану қажет.

Ал бұл болса, жоғары оқу орындарының кәсіби мәнді сапаны дамытуға арналған жоғары мүмкіндіктерге ие екендігін және оған сәйкес жұмыстар жоспарлау қажеттігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері барлық қатысушылардың кәсіби мәнді сапалардың оқу барысында көрінетінін жоққа шығармады және оларды дамыту қажеттігін көрсетті. Сауаланмаға қатысқан студенттердің барлығы деп айтса болады, кәсіби мәнді сапаларды қалыптастыруға арнайы көңіл бөлу қажеттігін қолдады, және осы сапаларды дамытуға бағытталған элективтік курстарды оқу және әр түрлі тренингтер мен іскерлік ойындарға қатысу маңыздылығын атап көрсетті.

Анықтау экспериментінің маңызды міндеттері болып магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейін бағалауға арналған өлшемдерді анықтау табылды. Бұл өлшемдер мотивациялық-құндылық, танымдық-процессуалдық, рефлексивтік-бағалау компоненттерінен, оларға сәйкес көрсеткіштер төмен, орта, жоғары деңгейлермен белгіленген. Бұл туралы осы диссертацияның 2.2 параграфында толық берілген. Олар жоғары оқу орнында магистранттың кәсіби мәнді сапасын дамыту модельінің дұрыстығы мен оны жүзеге асырудағы педагогикалық шарттардың тиімділігін көрсетуге қызмет ете алады.

Зерттеуді теориялық қорытындымен қамтамасыз ету үшін, сапалық анализді сандық анализге қарап жасау қажет. Сондықтан магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуын анықтайтын әрбір компоненті (мотивациялық-құндылық, танымдық-процессуалдық, рефлексивтік-бағалау) көрсеткіштерінің деңгейлері (K_1 , K_2 , K_3) балдарымен сәйкестендірілді: K_1 – төмен деңгейі; K_2 – орташа деңгей; K_3 – жоғары деңгей; K – кәсіби мәнді сапаларының дамытуының жалпы деңгейі. K келесі формуламен анықталады: $K = \frac{K_1 + K_2 + K_3}{3}$

Жоғарыда айтылып өткендей кәсіби мәнді сапаның шешуші негізгі түйіндік сапаларының бірі рефлексивтік қабілеті табылады. Осыған байланысты біз эксперимент барысында Е.И.Роговтың «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» [268] және И.Н.Семёновтың «Өз шығармашылық әлеуетін бағалау» [269] әдістемелерін қолдандық (Қосымшаны қараңыз).

Келесі кестеде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуының бастапқы деңгейі көрсетілген (кесте 10). Ол кестедегі мәліметтер магистранттарының кәсіби мәнді сапалар даму деңгейлерін жоғарыда айтылып кеткен Семенов, Роговтың әдістемелері бойынша тексерілген.

Кесте 10 – Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуының бастапқы деңгейлері

Топ	Топтағы адам саны	Деңгейлері					
		Төмен		Орташа		Жоғары	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
БТ	18	16	88,89	2	11,11	0	0,00
1-ЭТ	17	16	94,11	1	5,88	0	0,00
2-ЭТ	18	15	83,33	3	16,66	0	0,00
3-ЭТ	19	17	89,48	2	10,52	0	0,00

Кестеден бірінші көрсеткіш қалыптасу деңгейі бойынша магистранттар эксперименттік және бақылау топтарында тепе тең үлестірілгенін байқауға болады: бірінші көрсеткіш бойынша төмен көрсеткішке сыналушылардың 84%-95% ие, орташа деңгей - 5-16% магистрант, жоғары деңгейдегі үміткерлер табыла қоймады.

Кәсіби мәнді сапалар дамытылу деңгейінің және бақылау, эксперименттік топтарындағы орташа көрсеткіштер балдары арасындағы тәуелділікті анықтады. Мұнда кәсіби мәнді сапалар қалыптасу деңгейінің және магистратурадағы оқу үрдісіне мотивациялық бағалаушылық қатынас, кәсіби мәнді сапалар дамытылу деңгейінің және болашақ магистрлердің білім мен дағдылар жиынтығы, кәсіби мәнді сапалар дамытылу деңгейінің және тұлғалық қасиеттер арасындағы тәуелділіктері анықталды.

Сонымен, жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейінің артуы әр көрсеткіштің мәніне тәуелді және де К1-дің артуы тікелей К2 және К3-ке тәуелді және де керісінше деп қорытуға болады.

Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша эксперимент үшін таңдалған магистранттар тобының кәсіби мәнді сапаларының дамуы салыстырмалы түрде бірдей деңгейді көрсетіп отыр. Ал қалыптастыру кезеңінде экспериментке қатысушылардың аталған даму бойынша айырмашылықтар орын алатын болса ол магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің жүзеге асырылуының әр түрлі педагогикалық шарттарымен түсіндіріледі.

Қалыптастырушы эксперимент магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыруға және оның тиімді жүзеге асуы үшін педагогикалық шарттар кешенін анықтауға бағытталған. Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде келесі міндеттер алға қойылды:

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жүзеге асыру бойынша айқындалған педагогикалық шарттар кешені ықпалының тиімділігін тексеру;

- диссертациялық зерттеу қорытындылары негізінде әдістемелік ұсыныстар жасау.

Қалыптастырушы эксперимент диссертацияның 3.2 параграфында ұсынылған әдістемемен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткізілді. Яғни эксперименттік топтар осы университеттің 6M011300 – биология (1-ЭТ), 6M010200 бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (2-ЭТ), 6M010300 - педагогика және психология (3-ЭТ) мамандықтарының магистранттары қатысты. Ал, бақылау тобына Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің педагогикалық мамандықтары (БТ) магистранттары қатысты.

Қалыптастырушы эксперимент барысында біз экспериментке қатысушылардың эксперимент нәтижесінде жоғары деңгейге жетуі үшін магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін жүзеге асыру мақсатында айқындалған педагогикалық шарттардың тиімділігін көрсететін негізгі қағидаларды басшылыққа алдық. Әр топпен эксперимент бір жарым жыл мерзім жүргізілді.

Бақылау тобы бақылауға алынғанымен, біз жасаған модельдің кейбір бөліктерін қолдануы болмаса, оларды тиімді жүзеге асыратын педагогикалық шарттарды ұстанбады.

Эксперименттік топтар магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделі негізінде оқыды. Алайда олардың барлығы біз белгілеген педагогикалық шарттарды бірдей жүзеге асырған жоқ. Мәселен, 1-ЭТ кәсіби мәнді сапаларды дамыту моделінің бірінші педагогикалық шартымен оқыды. Демек олар біз жасаған кешенді бағдарламаны, элективтік курсты, мансап практикумын және ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру бойынша ұсынылған оқу пәндеріне қосымшаларды өздері қолданып жүрген оқыту технологияларының әдістерімен жүргізді. 2-ЭТ кәсіби мәнді сапаларды дамыту моделінің бірінші және екінші педагогикалық шартымен оқыды. Жоғарыда аталған оқыту мазмұнын оқытудың инновациялық технологияларын қоладану және магистранттардың оқу және зерттеу іс-әрекеттерін белсендендіру арқылы жүргізді. 3- ЭТ тобында аталған модельді жүзеге асыруда бірінші, екінші, үшінші педагогикалық шарттар, яғни біз айқындаған шарттардың барлығы қолданылды. Қалыптастыру экспериментінің барлық кезеңінде біз ұсынылған технологиялық мазмұнмен қамтылу, оқытудың инновациялық технологияларын қолданумен қатар магистранттардың оқу және зерттеу іс-әрекетін белсендендіру және болашақ мамандардың жеке іс-әрекетінде өзінің тәжірибесін өзектілеу арқылы, өзін-өзі көкейкестендіру, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау арқылы табыстылыққа жеткізу, өзін-өзі бағалауға дағдыландыру шарттары қамтылды.

Қалыптастырушы эксперимент соңында кәсіби мәнді сапалар деңгейін анықтау үшін бақылау білім кесіндісі жасалды. Эксперимент нәтижелері жалпыланып, жүйеленіп және сипатталды; диссертациялық жұмыс жазылып, нәтижелер енгізілді. Негізгі жасақталған модел магистратураның жұмыс тәжірибесіне енгізілді.

Жасалған модельді жүзеге асырудағы айқындалған педагогикалық шарттардың тиімділігін анықтау үшін және зерттелетін сапалар дамуы деңгейінің динамикасын шығару үшін қалыптастырушы кезең барысында екі аралық және бақылау тексерулер жүргізілді. Бағалау өлшемдері 2.2 парграфында сипатталған. Бақылау тексеру айқындалған педагогикалық шарттардың тиімділігін анықтау үшін «Сәттілікке бірге жетейік!» бағдарламасын, «Маманның кәсіби мәнді сапаларын дамытудың теориялық негіздері» элективтік курсы. Екінші бақылау «Мансап» практикумын, педагогикалық практика, зерттеу практикасын өткізгеннен кейін алынды. Үшінші бақылау ғылыми-зерттеу жұмысын орындағаннан, магистрлік диссертациясын қорғағаннан, әр түрлі психологиялық тренингтер өткізгеннен кейін өткізілді (екінші оқу жылының 4-ші семестр соңы).


Нәтижесінде біз үш көрсеткіш бойынша магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейін анықтадық.

Нольдік, бірінші, екінші және үшінші тексеру нәтижесінде алған мәліметтер бірінші көрсеткіш бойынша жоғары деңгейге жеткен магистранттар саны 3-ЭТ-да байқалды. Магистратураға, кәсіби магистрлік іс-әрекетке мотивациялық -құндылық қатынас қалыптасудың жоғары деңгейіне ие экспериментке қатысушылар санының тұрақты өсу динамикасы байқалады. Нольдік тексерумен салыстырғанда, олардың өсуі: бірінші тексеруде - 15,79 %; екінші тексеруде - 57,89 %; үшінші тексеруде - 73,68 %. ЭТ-2 тобында мотивациялық-құндылықты қатынастың қалыптасу қарқындылығының деңгейі азырақ болып келеді, бірінші көрсеткіш бойынша келесі динамика байқалады: бірінші тексеруде - 10,52 %; екінші тексеруде- 47,37 %; үшінші тексеруде - 63,16 %. 1-ЭТ тобында да позитивті өзгерістер орын алды, мұнда бірінші көрсеткіш бойынша сапалар қалыптасу деңгейі келесі динамикамен өзгеріп: бірінші тексеруде - 5,56 %; екіншіде - 44,44 %; үшіншіде - 61,11%. Бақылау тобында магистранттардың магистратурадағы оқу үрдісіне мотивациялық-құндылық қатынас деңгейі өсіп отырды, бірақ артуы маңызды болған жоқ. Бұл топ үшін нольдік тексеруде - 5,56 %; біріншіде - 22,22 %; екінші және үшіншіде өзгеріс байқалған жоқ.

Біздің тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының деңгейлері бойынша динамикасының өсуі бақыланды (төмен, орташа және жоғары). Қалыптастыру эксперименті сатысында магистранттардың зерттелетін кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейлері бастапқы деңгейімен салыстырылды. Осы тұрғыдан қалыптастыру эксперименті барысында үш кесінді (тексеру) алынды (кесте – 11, 12, 13; сурет – 4,5,6)

Кесте 11 – Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейлері (бірінші тексеру)


Топ	Адам саны	Төмен деңгей		Орташа деңгей		Жоғары деңгей	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
БТ	18	10	55,56	6	33,33	2	11,11
1-ЭТ	17	5	29,41	8	47,05	4	23,52
2-ЭТ	18	4	22,22	8	44,44	6	33,33
3-ЭТ	19	3	15,79	9	47,37	7	36,84



Сурет 4– Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуының бірінші тексеру нәтижелері

Кесте 12 – Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейлері (екінші тексеру)


Топ	Адам саны	Төмен деңгей		Орташа деңгей		Жоғары деңгей	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
БТ	18	8	44,44	8	38,89	2	11,11
1-ЭТ	17	3	17,64	8	47,05	6	35,29
2-ЭТ	18	2	11,11	6	33,33	10	55,55
3-ЭТ	19	1	5,26	6	31,58	12	63,16



Сурет 5 –Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуының екінші тексеру нәтижелері


Кесте 13 – Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейлері (үшінші тексеру)

Топ	Адам саны	Төмен		Орташа		Жоғары	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
БТ	18	7	38,89	9	50,00	2	11,11
1-ЭТ	17	3	17,64	7	41,17	7	41,17
2-ЭТ	18	1	5,55	7	38,88	10	55,55
3-ЭТ	19	0	0	6	31,58	13	68,42



Сурет 6 – Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуының үшінші тексеру нәтижелері

7-суретте топтардағы бірінші, екінші, үшінші тексеру барысында кәсіби мәнді сапалар деңгейінің өзгеру динамикасы көрсетілген.



Сурет 7 – Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының тексерулер барысында өзгеру динамикасы

Кестелерден көрініп тұрғандай, үш тексеру бойынша 1-ЭТ, 2-ЭТ және 1-3-ЭТ топтарында орташа мәндердің артуы байқалып тұр. Дейтұрғанмен тобында өсуі үлкен (3,59 дан 5,97). БТ тобында өзгерістер болса да, маңызды емес. Үшінші тексеруде БТ тобында дисперсиялар мәндері нольдік тексерумен салыстырғанда ішінара артқанын байқатады. 1-ЭТ және 3-ЭТ топтарында орташа мәндердің өсуі және дисперсияның азаюы байқалады. Бұл кәсіби мәнді сапалар дамуының жоғары деңгейін білдіреді. Бұл өзгерістер құрылымдық модель арнайы арнайы айқындалған педагогикалық шарттардың орындалуымен қатар жүзеге асты. Орташа мәндердің оң жаққа өзгеруімен қатар, дисперсияның азаюы байқалады, тек топтың орташа балы ғана емес, кәсіби мәнді сапалар дамуының жоғары деңгейін көрсетуші экспериментке қатысушылар саны артты деп айтуға болады. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының даму деңгейлері бойынша үлестірілуі үш топтарда әр түрлі болып отыр, өйткені әр топта педагогикалық шарттардың әр түрлі қолданылуынан болды. Айқындалған педагогикалық шарттардың барлық түрінің 3-ЭТ тобында қолданылуы және олардың жоғары этиже көрсетуі, жеке педагогикалық шарттарды жеке бөлек қолданғаннан салыстырғанда кешенді тұтастай қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Кешенді қолданудың кәсіби мәнді сапалар көрсеткіштерінің дамуына жақсы әсер ететінін көрсетеді. Олай дейтініміз бір көрсеткіш артса, екінші көрсеткіш де артып отырады. Сондықтан, магистратурадағы оқу үрдісіне, зерттеуге мотивациялық-құндылық көзқарасты қалыптастыру білім және дағдылар қалыптасу деңгейіне де ықпал етеді. Оның нәтижесінде зерттеушілік біліктері дамуымен қатар педагогтың

тұлғалық, лидерлік сапалары да артып отырады. Мұның бәрі олардың психологиялық сапалары артқанда ғана нәтижелі болады. Осы тұрғыдан әр түрлі психологиялық тренингтердің рөлі басым болды. Өйткені магистрант өзін-өзі көкейкестендіре алмаса, өзін-өзі бағалай алмаса оның кәсіби мәнді сапасының басқа құрамдас бөліктерінің дамуы (педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік) тежеуілдейді.

Сол себепті де қорытындылау эксперименті кезінде магистранттардың кәсіби мәнді сапасының даму деңгейін анықтау мақсатында осы саладан игерген білімдерін және олардың кәсіби мәнді сапасын таныта алу мен бағалай алу өлшемдеріне қатысты практикалық іс-әрекеттерінде жүзеге асыру деңгейін бағаладық. Кешенді бағалау мен магистранттардың өзін-өзі бағалау нәтижелерінің жиынтығынан құрылды (кесте 14).

Кесте 14 - Магистранттардың рефлексивтік-бағалау компоненттерінің даму динамикасы (10 балдық шкаламен)

Кәсіби мәнді сапалар	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	бастапқы	соңғы	Бастапқы	Соңғы
Педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекетте жекелік таныта алуы	5,5	5,9	5,7	8,8
Топтық іс-шараларда аса белсенділік таныта алуы	6,5	6,7	6,5	9,1
Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жеке атқара алуы	5,6	6,3	5,5	7,3
Сыни жағдаяттарда батылдық, жігерлік таныта білуі	6,7	7,2	6,8	8,5
Білім беру субъектілерімен оң қарым-қатынас жасай алуы	6,9	7,7	6,7	9,0
Өзіне жауапкершілік ала білуі	6,9	7,1	7,0	8,9
Рефлексияға, сынға, өзін-өзі сынауға (сыни ойлауы, сыни тұжырымдар жасай білуі) қабілеттілігі	5,5	5,8	5,5	7,7
Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттегі адамилықты, жағымдылықты, тиімділікті, қажеттілікті, кәсібилікті ажырата алуы	5,3	5,7	5,4	8,5
Жеке және қоғамдық мақсаттардың ара қатынасын білуі	6,5	6,7	6,5	8,4
Жаңа жағдайларға бейімделуі, сыни жағдаяттарды бағалауы, талдауы	5,4	6,4	5,5	7,2
Жаңа идеяларды ойлап табуы	6,3	6,5	6,4	8,7
Проблемаларды өздігінен шеше алуы	6,6	7,4	6,5	8,6
Зерттеуді әдіснамалық тұрғыдан талдай алуы	6,4	7,4	5,3	8,5
Өзінің стратегиялық қырағылығын	5,3	6	5,4	8,2

Практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру деңгейіне қол жеткізуге мынадай болжау жасалған болатын: 7 баллға дейін – төмен деңгей, 7 мен 8 балл аралығы – орта деңгей, 8 балл – жоғары деңгей.

Сонымен біздің зерттеуіміз үшін кәсіби мәнді сапаның қалыптасқандығы көрінетін практикалық іс-әрекеттер нәтижесі маңызды саналады. Сол себепті осы мақсаттағы зерттеу бізге мынадай нәтижеге еріскенімізді көрсетті. Кестеден байқалғандай бақылау тобында аса өзгерістер бола қоймаған. Ал магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту әдістемесі қолданылған эксперименттік топтарда едәуір өзгерістерге қол жеткізілгені байқалады. Атап айтқанда эксперимент тобындағы магистранттардың топтық іс-шараларда аса белсенділік таныту іскерлігі, өзіне жауапкершілік ала білу іскерлігі, сыни жағдаяттарда батылдық, жігерлік таныту іскерлігі, білім беру субъектілерімен оң қарым-қатынас жасай алу іскерлігі, рефлексияға, сынға, өзін-өзі сынауға (сыни ойлауы, сыни тұжырымдар жасай білуі) қабілеттілігі 1,5-2 балл аралығында өскен болса; ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттердегі адамилықты, жағымдылықты, тиімділікті, қажеттілікті, кәсібилікті ажырата алу, өзінің стратегиялық қырағылығын көрсете білу, педагогикалық, зерттеушілік іс-әрекеттерде жекелік таныта алу, зерттеулерге әдіснамалық тұрғыдан талдау жасау іскерліктері 3 балдан артық өскендіктерін көрсетеді. Ал бұл болса, біз ұсынған әдістеменің тиімділігін дәлелдей түседі.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуын көрсететін көрсеткіштер және белгілер оның даму процесінің спецификасын білдіреді. Сондықтан олар магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің тиімділігін анықтау үшін анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент бойы қолданды [236, б.56].

Жоғарыда көрсетілген даму динамикалары тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуын көрсете отырып, зерттеу жұмысында ұсынылған болжамның дұрыстығын ғана емес, және оның таңдап алынған зерттеу логикасының және магистратурада болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісіндегі ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандырудың тиімділігін көрсетеді.

Соңғы жүргізілген сараптама магистранттардың кәсіби мәнді сапасын әдістемелік қамтамасыздандыруды жасау мен жүзеге асырудың маңыздылығын дәлелдеді.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс зерттеудің ұсынылған болжамын және негізгі қорғауға ұсынылатын қағидаларының дұрыстығын дәлелдей отырып, бізге мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- кәсіби мәнді сапаның құрылымын айқындау оның мақсатты бағыттылығының дұрыстығы есебінен қалыптастыру процесінің тиімділігін көрсетті;

- болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыздандыру мақсатында кәсіби мәнді сапаларын (педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік) дамыту қажет;

- магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту процесінің маңызды звеносы болып педагогикалық шарттар жүйесі мен оның негізгі компоненттері (мотивациялық-құндылық, танымдық-процессуалдық, рефлексивтік-бағалау) табылады;

- магистранттардың жоғары оқу орнының магистратурасында оқу барысында кәсіби мәнді сапаларын дамыту оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің кіріктірілуі арқылы ақпараттық, оқу-тәрбие, зерттеу ортасын құру негізінде жүзеге асырылады;

- магистранттардың кәсіби мәнді сапасын дамыту әдістемесі айқындалған педагогикалық шарттарды (кәсіби даярлауда магистранттарды ақпараттық, оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру; оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру; магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау) кешенді қолданғанда тиімді жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, зерттеудің міндеттері толығымен орындалды және болжамы теориялық және эксперименттік мәліметтермен дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Жоғары оқу орнында үздіксіз білім берудің теориясы мен практикасын зерделеу көп деңгейлі сатылық жүйеде магистратураның білім алушылардың кәсіби білімділік пен біліктілігін шыңдай түсуде, ғылыми-әдіснамалық қорын толықтыру мен зерттеушілік қабілеттерін дамытуда басымдық танытатын бакалавриат пен докторантура арасындағы негізгі сатылық кезең екендігін көрсетті. Болашақ магистрлердің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын қоғамдық сұраныстан туындаған және жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандартында қойылған талаптарға талдау жасау магистратураның кәсіби даярлығында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту қажеттілігінің маңыздылығын арттырады.

2. «Сапа», «кәсіби мәнді сапа» ұғымдарының мәнін зерттеу оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіруге, жан-жақты сипаттама беруге, олардың бір-бірімен өзара байланысын көрсетуге және аталған түсініктерді зерттеу пәнімізге сәйкес нақтылауға мүмкіндік тудырды.

2. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде болашақ педагогтың кәсіби мәнді сапаларына берілген теориялық тұжырымдарды, жіктемелерді, топтамаларды терең зерттеу бізге өз анықтамамызды тұжырымдауға мүмкіндік берді: «педагогикалық мамандықтағы магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дегеніміз оның болашақ маман тұрғысынан кәсіби іс-әрекетін тиімді және ұтымды жүзеге асыруға қажетті педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерінің, тұлғалық қасиеттері мен лидерлік әлеуетінің және олардың дамуына ықпал ететін психологиялық сапаларының жиынтығы».

Сондай-ақ, педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларының құрылымын жасауға және оларды топтастыруға мүмкіндік тудырды. Педагогикалық – ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте тиімді жүзеге асыруға тиісті кәсіби білімділік, дидактикалық, инновациялық, шешендік, шеберлік сапалар. Зерттеушілік– ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, зерттеушілік іс-әрекеттерді нәтижелі іске асыруға қажетті әдіснамалық болжаушылық, аналитикалық, құрастырушылық, нәтижелілік сапалар. Тұлғалық– педагог-білім алушы жүйесіндегі субъект-субъектілік қарым-қатынасты жағымды атқаруға қажетті жалпы азаматтық, рухани-адамгершілік, денсаулық, коммуникативтік, жоғары тәрбиелілік сапалар. Лидерлік – ғылыми-педагогикалық, тәрбие үдерісіне қажетті іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыру мен жүргізуге қажетті харизматикалық, стратегиялық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, көшбасшылық сапалар. Психологиялық – осы аталған сапалардың барлығының педагогтың бойында қалыптасуын және дамуын жүзеге асыруға қажетті психофизиологиялық, мотивациялық, перцептивтік, эмоционалдық-еріктік, креативтілік қабілеттер жиынтығы.

3. Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісі тұжырымдамалық-мақсаттық, мазмұндық-технологиялық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, өлшемдік-бағалаушылық бөліктерінен құралған модель арқылы жүзеге асырылады. Олардың кәсіби мәнді сапасы

дамығандығының деңгейі мотивациялық-құндылық, танымдық-процессуалдық, рефлексивтік-бағалау компоненттерінің бірлігінде және оған сәйкес көрсеткіштер мен өлшемдерінің негізінде жасалған құрылымнан талап етіледі.

4. Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделін тиімді жүзеге асырудың жолдарын іздестіру осы бойынша педагогикалық шарттарды айқындауға мүмкіндік жасады:

1) кәсіби даярлықтың барлық сатыларында магистранттарды ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру;

2) оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру;

3) магистранттарды өзін-өзі көкейкестендіруге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау.

5. Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісі аталған педагогикалық шарттарды кешенді пайдаланғанда ғана нәтижелі болады.

6. Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту әдістемесі магистранттардың кәсіби мәнді сапалары дамуының деңгейін айқындау, аталған дамытуды мазмұндық-технологиялық қамтамасыздандыру, дамуына ықпал ету, дамуын бақылау кезеңдерінің міндеттері толығымен жүзеге асырылғанда ғана даму нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

7. Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінің әдістемелік жүйесі магистратураның кәсіби даярлығында оқу, зерттеу және оқудан тыс іс-әрекеттерде оларды ұйымдастырудың формаларын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын анықтауды көздейді.

8. Педагогикалық ЖОО-нда магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту негізінде жасалған бағдарлама, элективті курс, практикум мазмұны және оқудан тыс іс-әрекеттерде өткізілетін іс-шаралар жоспары мен әдістемелік нұсқаулар осы проблеманы тиімді шешуге ықпал етеді.

9. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда педагогикалық практиканы, зерттеу практикасын тиімді пайдаланудың маңызы өте зор.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1. Болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби мәнді сапаларының құрылымы мен топтамасының мазмұны осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін орталықтардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда жоғары оқу орнының ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасын тиімді пайдалану қажет.

3. Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамытуды біздің ұсынып отырған бағдарлама, элективтік курс, практикум, оқудан тыс іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырған дұрыс.

4. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту бойынша әдістемелік нұсқауларды жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу қажет.

6. Ұсынылып отырған әдістемені жоғары оқу орнының магистратура сатысында болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде пайдалануға болады.

Зерттеу проблемасы өте күрделі және ауқымы кең болғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта ғылыми бағыттағы магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту, болашақ магистрлерді ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлау, магистранттардың креативтілік қабілеттерін кәсіби мәнді сапасы тұрғысынан дамыту, ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды қолдану негізінде магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. -2015, мамыр 20: <http://kazgazeta.kz>.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. – 2008, тамыз 12: <http://online.zakon.kz>
- 3 Митяева А.М. Компетентностная модель многоуровневого высшего образования (на материале формирования учебно-исследовательской компетентности бакалавров и магистров): дис. ...док. пед. наук. — Волгоград, 2007. -399 с.
- 4 Бурдина Е.И. Теория и практика развития творческого потенциала педагогов в системе непрерывного многоуровневого педагогического образования: автореф. ... канд. пед. наук. - Караганда, 2007. – 50с.
- 5 Байденко В.И. Болонские преобразования проблемы и противоречия. //Высшее образование в России. -2009. - № 11. - С. 26-40.
- 6 Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. - Алматы, 2006. -180 с.
- 7 Жайтапова А.А. Научно-методическое обеспечение профессионального роста учителей на этапе перехода к модели образования, ориентированного на результат. -Алматы, 2004. -189 с.
- 8 Сайлыбаев Б. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері: пед. ғыл.док. ... автореф. –Түркістан, 2010. – 150 б.
- 9 Арынов К.Т. Проблемы устойчивого развития непрерывного образования: поиски решений //Билим - Образование. -2004. - № 2. - С. 85 -93.
- 10 Атыханов А. Актуальные вопросы научно-педагогических кадров высшей квалификации в системе высшего образования Казахстана //Актуальные проблемы высшей школы. - 2006. - №5. -С.18-21.
- 11 Ахметова Г.К. Концептуальные подходы к решению проблем реформирования подготовки учительских кадров в республике Казахстан //Вестник Казахстана. – 2002. - №2. - С.24-29.
- 12 Нысанбаев А.Н. Проблемы реформирования системы подготовки и аттестации научных кадров // «Адилет». -2005. - №1. - С.3-10.
- 13 Козырев Г.С., Сенашенко В.В. Магистратура в системе высшего педагогического образования //Вестник высшей школы. -1998. - №6. - С.13-17.
- 14 Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. -М.: Высш. шк., 1974. – 384 с.
- 15 Лапина О.А. Формирование индивидуального стиля профессиональной деятельности учителя: Методология, теория, практика: дис. ...док. пед.наук: 13.00.01. – Иркутск, 2002. – 312 с.
- 16 Пидкасистый П.И., Воробьева Н.А. Подготовка студентов к творческой педагогической деятельности. - М.: Педагогическое общество России, 2007. - 192 с.

- 17 Таубаева Ш.Т. Теория готовности к научно-исследовательской деятельности как методологическая составляющая исследовательской культуры учителя // Вестник АПН Казахстана. -2008. - № 2. - С.108 -113.
- 18 Булатбаева А.А. О зарубежной практике организации исследовательского обучения в вузе // Вестник АПН Казахстана.– 2008. - № 2. - С. 5-8.
- 19 Баймухамбетова Б.Ш. Формирование готовности магистрантов к исследовательской деятельности: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - Челябинск: Челябинский гос. пед. ун т, 2011. - 26 с.
- 20 Исаева З.А. Формирование профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: дис. ... док. пед. Наук. - Московский ПГУ им. В.И. Ленина, 1997. -334 с.
- 21 Ким Н.П. Методология научных исследований. - Костанай: КГУ им. А. Байтурсынова, 2011. - 96 с.
- 22 Соляников Ю.В. Обеспечение качества подготовки магистрантов педагогического университета к научно-исследовательской деятельности: дис. ...канд. пед. наук. - Санкт-Петербург, 2003. -169 с.
- 23 Белоус В.Т., Педагогические условия формирования профессиональной аналитической деятельности у магистрантов (будущих педагогов) в техническом вузе: дисс. ... канд.пед.наук. - Владивосток, 2005. - 282с.
- 24 Гайдамак Е.С. Развитие информационно-аналитической компетентности будущего магистра физико-математического образования (В условиях реализации магистерской программы 540204 «Информатика в образовании»): дис. ...канд. пед. наук. - Омск, 2006. - 214 с.
- 25 Осина С.В. Методика формирования готовности магистров техники и технологии к инновационной деятельности: дис. ...канд. пед. наук. -Тамбов, 2007. - 222 с.
- 26 Смирнова М.О. Методические аспекты подготовки магистров физико-математического образования к использованию компьютерных технологий в профессиональной деятельности: дис. ...канд. пед. наук. –М., 2002. - 225 с.
- 27 Беркімбаев К.М., Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы // Қазақстан мектебі. – 2006. - №11. – Б.33-35.
- 28 Адольф В.А. Теоретические основы формирования профессиональной компетентности учителя: дис....док. пед. наук. – М., 1998. -356 с.
- 29 Зеер Э.Ф., Сыманюк Э.Э. Психология профессиональных деструкций: уч. для вузов. – М.: Академич. проект, 2005. - 240с.
- 29 Климов Е.А. Психология профессионала. Воронеж: НПО «Модэк», 1996. –406с.
- 30 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Политиздат, 1975. - 304 с.
- 31 Намазбаева Ж.И. Развитие личности учащихся вспомогательной школы: дис. ... док.психол.наук. –М., 1986. –278с.

- 32 Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. - М., 1980. –230 с.
- 33 Выготский Л.С. Педагогическая психология: учебное пособие. - М.: Педагогика, 1991. - 480 с.
- 34 Гальперин П.Я. Психологическое строение человеческой деятельности. -М., 1978. – 321 с.
- 35 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: - СПб: Питер, 2004. - 713 с.
- 36 Бондаревская Е.В. Концепция общепедагогической подготовки учителя в условиях многоуровневого образования в педагогическом вузе: научно-методическая разработка. - Ростов н/Д, 1992. –15 с.
- 37 Шилова М.И. Изучение воспитанности школьников. -М., 1982. -104 с.
- 38 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современном обучении // Вопросы психологии. –1985. – № 2. – С.31-41.
- 39 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы: Гылым,1998. - 320 с.
- 40 Хан Н.Н. Теоретические основы сотрудничества в педагогическом процессе образовательной школы: дис. ... док. пед. наук. - Алматы, 1998. – 312 с.
- 41 Сериков В.В. Личностно-ориентированное образование: поиск новой парадигмы. - М., 1998. -182 с.
- 42 Құдайқұлов М.А. Көрнекті педагог ғалым // Қазақстан мектебі.-1999. - №5. - Б.27-28.
- 43 Менлибекова Г.Ж., Хмель Н.Д. Развитие педагогической науки в XXI веке: Теория целостного процесса – основа профессиональной подготовки будущего учителя // Международная научно-практическая конференция, посвященная 85-летию доктора педагогических наук. –Алматы: КазНПУ им. Абая, 2014. –С. 31-33.
- 44 Кенжебеков Б.Т. «Кәсіптік білім берудің дидактикалық талаптары» // Қазақстан мектебі. – 2010. -№5. – Б.31-34.
- 45 Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности. –Алма-Ата: Наука, 1990. -334 с.
